

**Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенцияны Қазақстан Республикасының орындауы туралы алтыншы және жетінші жиынтық мерзімді баяндаманы бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 22 қазандағы № 1332 Қаулысы

Қазақстан Республикасы 1998 жылғы 29 маусымда ратификациялаған Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенцияның 9-бабына және Біріккен Ұлттар Ұйымының Нәсілдік кемсітушілікті жою жөніндегі комитетінің 76-сессиясының ұсынымдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ**  
**Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенцияны Қазақстан Республикасының орындауы туралы алтыншы және жетінші жиынтық мерзімді баяндама бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Біріккен Ұлттар Ұйымының Нәсілдік кемсітушілікті жою жөніндегі комитетіне белгіленген тәртіппен Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенцияны Қазақстан Республикасының орындауы туралы алтыншы және жетінші жиынтық мерзімді баяндаманы жіберсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі* *С. Ахметов*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 1 2 ж ы л ғ ы 2 2 қ а з а н д а ғ ы  
№ 1 3 3 2 қ а у л ы с ы м е н  
бекітілген

**Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенцияны Қазақстан Республикасының орындауы туралы алтыншы және жетінші жиынтық мерзімді баяндама**

Бұл баяндама Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенцияның (бұдан әрі - Конвенция) 9-бабының 1-тармағына және қатысушы мемлекеттермен ұсынылуға жататын баяндамалардың нысанына және мазмұнына қатысты жалпы басшылыққа алынатын қағидаттарға (CERD/C/2007/1) сәйкес БҰҰ Нәсілдік кемсітушілікті жою комитетіне ұсынылады. Осы баяндама Конвенция баптарын іске асыруды қамтамасыз ету бойынша Қазақстан

Республикасының алтыншы және жетінші жиынтық мерзімді есептерін қамтиды.

Баяндама жобасын Үкімет қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі жанындағы жұмыс тобы әзірледі. Оның құрамына министрліктердің, ведомстволардың, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың, үкіметтік емес құқық қорғау ұйымдарының, этномәдени бірлестіктердің өкілдері кірді.

Жұмыс тобына кірмеген азаматтық қоғам институттары өкілдерінің қатысуымен дөңгелек үстелдер мен кездесулер ұйымдастыру арқылы бұл құжатқа қоғамдық сараптама жүргізілді. Бұдан басқа, Мәдениет және ақпарат министрлігі Астанадағы ЕҚЫҰ офисімен бірлесіп, жиынтық баяндама жобасының ашық тұсаукесерін өткізіп, нәтижесінде баяндаманың негізгі баптары қоғамдық талқылауға салынды.

Қазақстан Республикасының жалпы базалық құжаты адам құқықтары жөніндегі халықаралық шарттарға қатысушы мемлекеттер жасайтын баяндамалардың нысаны мен мазмұнына қатысты жалпы басшылыққа алынатын қағидаттарға сәйкес әзірленді және БҰҰ комитетінің қарауына 2012 жылғы мамырда жіберілді. Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні Қазақстан Республикасының орындауы туралы кезекті баяндама Адам құқықтары жөніндегі комитетке 2009 жылы жіберілді. Осы жиынтық алтыншы (2008 - 2010 жылдар) және жетінші (2010 - 2012 жылдар) жиынтық баяндама Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою саласында 2008 - 2012 есеп кезеңінде қол жеткізілген негізгі өзгерістер мен ілгерілік туралы ақпаратты қ а м т и д ы .

Осы баяндама екі негізгі, жалпы сипаттағы мәліметтерді және Конвенцияның 1-7 баптарының іске асырылуы бойынша ақпаратты қамтыған бөліктерден құралады, сондай-ақ алдыңғы баяндаманы қарау нәтижесінде айтылған БҰҰ Нәсілдік кемсітушілікті жою комитетінің сұрақтары мен ұсынымдарына жауаптар береді.

## 1. Жалпы сипаттағы мәліметтер Т ұ р ғ ы н д а р .

Қазақстан Республикасының аумағы мен әкімшілік бөлінісі 2008 жылғы Нәсілдік кемсітушілікті жою туралы соңғы төртінші және бесінші жиынтық мерзімді баяндама ұсынылғаннан кейін елеулі өзгерістерге ұшыраған жоқ.

Жалпы тұрғындар саны есеп беру кезеңінде 15 миллион 571,5 мыңнан 16 миллион 675,4 мыңға дейін көбейді. 2012 жылдың басындағы жағдай бойынша тұрғындар саны жалпы тұрғындар санына пайыздық көрсеткішпен шаққанда 7,1 % өскен. Бұл жағдай туу санының өсуі мен өлім санының біршама азаюынан туындап отыр, оны 203 мың 869-дан 228 мың 331-ге дейін көбейген тұрғындар санының табиғи өсімі де көрсетеді. Сондай-ақ, осы кезеңде елге келушілер санының елеулі өсуімен қатар, Қазақстан Республикасы аумағынан тұрғылықты мекенжайға шетелге көшіп кетушілер санының қысқарғандығы байқалады. Егер 2008 жылы көші-қон сальдосы 1 мың 117 адам болса, 2012 жылы ол 5 мың 102 адамды құрады (2-қосымша).

Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарын қоспағанда, елдің 16 өңірінің 11-інде есеп беру кезеңінде тұрғындар санының өсімі байқалады. Тұрғындар жалпы санының мейлінше өсімі Оңтүстік Қазақстан мен Алматы облыстарында көрініс тапқан (4, 5, 6-қосымшалар).

Балалар мен жастардың (29 жасқа дейін) гендерлік құрамы 2012 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 29-дан 65 жасқа дейін және одан жоғары жастағы ер азаматтардың әйелдерден сандық жағынан және салыстырмалы түрде басымдығын (ел тұрғындарының жалпы құрылымында) көрсетеді. Жасы 65 және одан жоғары әйелдер саны шамамен алғанда ерлерден екі есе көп. Жалпы, өмір ұзақтығы артып, жасы 70 және одан да жоғары тұрғындардың саны өскен (3 және 6-қосымшалар).

Қазақстанда 2012 жылдың басында тұрғындардың жартысынан көбі (54,7 %) қалалық жердің тұрғындары, 45,3 % - ауылдық жердің тұрғындары болып табылады. Алайда 5-тен 19-ға дейінгі жастағы тұрғындардың көпшілігі ауылдық жерде тұрады (1823,7 - ауылда, 1662,3 - қалада), бұл ауыл өңірінде бала туу санының жоғары болуына байланысты (3 - қосымша).

Халық санағының дерегі бойынша Қазақстанның этностық құрамына 120-дан астам этнос кіреді. 2012 жылдың басында қазақтар саны 10 млн. (64,6 %) асты, орыстар - 3,7 млн. адам (22,3 %), украиндықтар - 314 мың адам (1,9 %), өзбектер - 494 мың адам (3,0 %), ұйғырлар - 238 мың адам (1,4 %), татарлар - 203 мың адам (1,2 %), немістер - 181 мың адам болды (1,1 %) (7 және 8-қосымшалар).

БҰҰ Нәсілдік кемсітушілікті жою комитетінің 13-ұсынымына сәйкес төменде этностық топтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы мәліметтер келтіріледі.

Көрсеткіш ретінде тым аз болуына байланысты этнос топтарының әлеуметтік-саяси жағдайы туралы жыл сайынғы статистикалық деректерді келтіру қиындай түсті (тұрғындардың жалпы саны ішінде адамдардың этностық белгісі бойынша үлесі тым аз). Сондықтан, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының этносаралық және конфессияаралық қатынастар саласын зерттеу орталығы 2011 жылы этностық топтардың әлеуметтік-саяси жағдайына таңдаулы зерттеу жүргізді.

Зерттеу нәтижелері бойынша 0,5 % қазақтар, 0,6 % орыстар және 0,1 % басқа да этностар «өте нашар өмір сүреміз, өзімізге ең қажетті нәрселерді ала алмай отырмыз» деген жауап беру арқылы өздерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайларын теріс бағалаған. «Айлықтан айлыққа қаражатымызды жеткізе алмаймыз» деген жауапты 10,4 % қазақтар, 10 % немістер, 5 % орыстар, ұйғырлар мен кәрістер арасында бір пайыздан, 0,6 % украиндықтар және 2,1 % басқа да этностар.

Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері бойынша өзбектер (18,2 %) мен кәрістер (41,6 %) негізінен ауыл шаруашылығы саласында, ұйғырлар (25,3 %), қазақтар (31,0 %) қызмет көрсету саласында жұмыспен қамтылған, бұл да осы және басқа этностық топ өкілдерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайына әсер етеді (9-қосымша).

Жалпы 2010 жылғы желтоқсанда тұрғындардың атаулы ақшалай орташа табысы 45895 теңгені (306 АҚШ \$) құрап, 2009 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 15,7 % -ға, нақты ақшалай табысы 7,3 %-ға өскен. 2010 жылғы желтоқсанда ақшалай орташа табыс мөлшері бойынша Атырау облысы, Астана қаласы, Маңғыстау облысы алда келеді, мұндағы көрсеткіш республикалық орташа деңгейден 2,2 - 1,9 есе асып түскен.

2010 жылғы желтоқсанда табысы ең төмен өңірлер қатарында Оңтүстік Қазақстан, Алматы және Жамбыл облыстары байқалды, ол өңірлердегі тұрғындардың табыс көрсеткіші республикалық деңгейден орташа есеппен 58,4 % - 70,6 % аралықта болған. Сонымен қатар, нақты ақшалай табыстың мейлінше өсу қарқыны Ақтөбе және Жамбыл облыстарында байқалады. 2011 жылғы қаңтарда өңірлер бойынша атаулы ақшалай табыстың ең төменгі және ең жоғарғы мөлшерлерінің ара-қатынасы 3,8 есені (2010 жылғы қаңтарда - 3,8 есе) құрады (10 және 11-қосымшалар).

С а я с и к ұ р ы л ы м .

Қазақстан Республикасының саяси құрылымы төртінші және бесінші мерзімді ( CERD/C/KAZ/CO/4-5) баяндаманы 2009 жылы ұсынғаннан кейін елеулі өзгерістерге ұ ш ы р а ғ а н ж о қ .

Н о р м а т и в т і к к ұ қ ы қ т ы қ б а з а .

Адамның және ел азаматтарының нәсілдік және этностық тегіне қарамастан құқықтары мен бостандықтарын көздейтін Конституция, Қазақстан Республикасының негізгі заңдары төртінші және бесінші жиынтық мерзімді баяндама ұсынғаннан кейін өзгермеді (CERD/C/KAZ/CO/4-5). Конституцияның 4-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында қолданылатын құқық Конституцияның, соған сәйкес заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық шарттары мен республиканың басқа да міндеттемелерінің, сондай-ақ Республиканың Конституциялық Кеңесінің және Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының нормалары болып табылады.

Халықаралық шартта оның қолданылуы заң қабылдауды қажет еткен жағдайларды есептегенде, Қазақстан Республикасы қол қойған ұлттық заңнама алдында басымдылығы бар тікелей қолданылатын халықаралық шарттар және елдің басқа да міндеттемелері ұлттық заңнаманың ажырамас бөлігі болып табылады.

2009 жылғы 4 желтоқсандағы «Босқындар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабына сәйкес пана іздеген адамдарды және босқындарды осы Заңда белгіленген тәртіпке сәйкес пана алу құқығымен қамтамасыз ету; босқын мәртебесін беру жөніндегі рәсімдерді жүргізу кезінде әлеуметтік тегіне, нәсіліне, ұлтына, азаматтығына, діни сеніміне және саяси нанымына байланысты кемсітушілікке жол бермеу; пана іздеген адамдар мен босқындардың жеке өмірі туралы ақпараттың құпиялылығын сақтау; пана іздеген адамдардың және босқындардың ажырап қалған отбасыларының қосылуына жәрдемдесу; Қазақстан Республикасының бала құқықтары туралы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасында жүрген босқын балалардың құқықтарын қорғау; босқындарды елден шығарып жіберуге жол бермеу босқындар

мәселелері жөніндегі мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері болып табылады.

2011 жылғы 22 шілдедегі «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының Заңы халықтың көші-қоны саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, көші-қон процестерінің құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін а й қ ы н д а й д ы .

2011 жылы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне азаматтардың теңдігін бұзу, азаптау және т.б үшін қылмыстық жауапкершілікті қатандататын өзгерістер е н г і з і л д і .

2. Конвенцияның 1-7 баптарын іске асыру туралы ақпарат.

Осы баяндаманың екінші бөлігінде азаматтардың азаматтық және саяси құқықтарының кең ауқымын қамтыған Конвенцияның 1-7 баптарының іске асырылуына бағытталған практикалық шаралар жөнінде ақпарат беріледі. Осыған байланысты, БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитетіне 2009 жылы ұсынылған Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні Қазақстан Республикасының орындауы туралы ұлттық есептің мәліметтері пайдаланылды.

Нәсілдік кемсітушіліктің ішкі құқықта бекітілген анықтамасының Конвенцияның 1-бабының 1-тармағындағы анықтамаға сәйкестігі туралы.

Ұлттық заңнамада «азаматтардың тең құқықтығының бұзылуы» термині «кемсітушілік» терминінің баламасы болып табылады (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі 141-бабы). Бұл шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық немесе мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дініне, сеніміне, тұрғылықты орнына, қоғамдық бірлестіктерге қатысуына немесе басқа да кез келген мән-жайларға карап, адамның (азаматтың) құқықтары мен бостандықтарын тікелей немесе жанама ш е к т е у д і б і л д і р е д і .

Конвенцияның 2-бабын іске асыру бойынша мемлекеттік органдардың заңнамалық, институционалдық және басқа да шараларды қабылдауы туралы.

2-баптың 1- тармағының а), b), c), d) тармақшаларына қатысты.

Қазақстан Республикасы Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандары мен түрлерін айыптайды және барлығының заң алдында теңдігі конституцияда бекітілген. Адам, оның өмірі, құқықтары және бостандықтары мемлекеттің ең жоғарғы құндылығы болып табылады. Қазақстан Республикасы Конституциясы 14-бабының 1 және 2-тармақтарына сәйкес «тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды» Қазақстан Республикасы Конституциясы 20-бабының 3-тармағына сәйкес «конституциялық құрылысты күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, Нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді».

Қазақстан Республикасы Конституциясы 5-бабының 3-тармағына сәйкес «мақсаты немесе іс-әрекеті республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, оның тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың қызметіне, сондай-ақ заңдарда көзделмеген әскерилендірілген құрамалар құруға тыйым салынады».

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Конституциясының 39-бабының 2-тармағына сәйкес ұлтаралық татулықты бұзатын кез келген әрекет конституциялық емес деп танылады және заң бойынша қудаланады.

2-баптың 1-ші тармағы е) тармақшасына қатысты.

Қазақстан Республикасы біріктіретін көпнәсілді ұйымдар мен қозғалыстардың құрылуын ынталандырады және қолдайды. «Қазақстан халықтарының Ассамблеясын құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 1 наурыздағы Жарлығымен елдегі этносаралық келісімді қамтамасыз ету мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы консультативтік-кеңесші орган құрылды, оның негізіне мемлекеттің және этномәдени бірлестіктер түріндегі азаматтық қоғам институттарының әріптестігінің қағидаты салынды. Оның қызметін нормативті-құқықтық тұрғыдан реттеуді қамтамасыз ететін «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2008 жылғы 8 қазанда қабылданды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 7 қыркүйектегі № 149 Жарлығымен «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы Ереже» бекітілді.

2-баптың 2-тармағына қатысты.

Қазақстан Республикасы барлық азаматтарының Нәсілдік, ұлттық, діни, тіл, әлеуметтік және басқа да жағдайына қарамастан заң алдындағы конституциялық құқықтары мен бостандықтарының теңдігіне кепіл болады. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы түрлі этнос өкілдері арасында жасанды теңсіздік жасаудан бас тартады және түрлі этностық топтар үшін теңсіз немесе ерекше құқықтарды енгізбейді.

Конвенцияның 3-бабын іске асыру бойынша мемлекеттік органдардың заңнамалық, институционалдық және басқа да шараларды қабылдауы туралы.

Қазақстан Республикасы өз аумағында нәсілдік сегрегация мен апартеида айыптайды және ел азаматтарының Қазақстан аумағында еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты мекенді таңдауға құқықтары мен бостандықтарына кепіл береді. Ел Конституциясы 21-бабының 1-тармағына сәйкес «Қазақстан Республикасы аумағында заңды түрде жүрген әрбір адам, заңда көрсетілгеннен басқа реттерде, оның аумағында еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты мекенді өз қалауынша таңдап алуға құқығы бар». Бұған қоса, 21-баптың 2-тармағына сәйкес «әрбір адам Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерге шығуға, Қазақстан Республикасына кедергісіз оралуға құқығы бар».

Жүріп-тұру және тұрғылықты орнын таңдау бостандығына азаматтардың конституциялық құқықтарын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру қағидаларын бекітті (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 шілдедегі № 1063 қаулысы). Құжаттандыру қағидалары Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтарға, шетелдіктерге, азаматтығы жоқ тұлғалар үшін жүріп тұру бостандығы, тұрғылықты орынды өз қалауынша таңдап алу, шетелге шығу және елге оралу құқығына кепілдік береді.

1995 жылғы 19 маусымдағы «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» Қазақстан Республикасы Заңы шетелдіктердің және азаматтығы жоқ тұлғалардың Қазақстан Республикасы аумағында еркін жүріп-тұра алатындығына кепілдік береді. Осы Заңның 16-бабына сәйкес егер мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті, халықтың денсаулығы мен адамгершілігін сақтау, Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қажет болса Қазақстан Республикасының мемлекеттік уәкілетті органдарының актілерімен шектеулер қ о й ы л у ы м ү м к і н .

Конвенцияның 4-бабының іске асуы бойынша мемлекеттік органдардың заңнамалық, институционалдық және басқа да шараларды қабылдауы туралы.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде нәсілдік және ұлттық шыдамсыздық себебі бойынша қылмыстар мен құқық бұзушылықтары үшін қылмыстық жауапкершілік көзделген (Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 54, 96, 103, 104, 107, 160, 164, 187, 275, 337-баптары).

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі 54-бабының 1-тармағына сәйкес ұлттық, Нәсілдік және діни өшпенділік немесе араздық себебі бойынша, басқа адамдардың заңды іс-әрекеті үшін кектенушіліктен, сондай-ақ басқа қылмысты жасыру немесе оны жасауды оңайлату мақсатында қылмыс жасау қылмыстық жауапкершілікті және жазаны ауырлататын мән-жай болып табылады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 141-бабында азаматтардың тең құқығын бұзғаны үшін қылмыстық жауапкершілік көзделген. Азаматтардың тең құқықтығын бұзу - бұл шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық немесе мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дініне, сеніміне, тұрғылықты орнына, қоғамдық бірлестіктерге қатысуына немесе басқа да кез келген мән-жайларға қарап, адамның (азаматтың) құқықтары мен бостандықтарын тікелей немесе жанама шектеу б о л ы п т а б ы л а д ы .

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 164-бабының 1-бөлігінде әлеуметтік, ұлттық, рулық, Нәсілдік немесе діни наразылықты тудыру болып саналатын қылмыстық жауапкершілік көзделген қасақана әрекеттер тізімделген. Олардың қатарына әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, діни араздықты немесе алауыздықты қоздыруға, азаматтардың ұлттық ар-намысы мен қадір-қасиетін не діни сезімдерін қорлауға бағытталған қасақана іс-әрекеттер, сол сияқты азаматтардың дінге

көзқарасына, тектік-топтық, ұлттық, рулық немесе нәсілдік қатыстылығы белгілері бойынша олардың айрықшалығын, артықшылығын немесе кемдігін насихаттау, егер осы әрекеттер көпшілік алдында немесе бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып, сол сияқты әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік, діни араздықты немесе алауыздықты насихаттайтын әдебиет пен өзге ақпарат жеткізгіштерді тарату жолымен жасалған әрекеттер ж а т а д ы .

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 160-бабы ұлттық, этникалық, нәсілдік немесе діни топты осы топтың мүшелерін өлтіру, олардың денсаулығына ауыр зардап келтіру, бала тууға күшпен бөгет жасау, балаларды мәжбүрлеп біреуге беру, күштеп көшіру не осы топтың мүшелерін қырып-жоюға есептелген өзге де тіршілік жағдайларын туғызу арқылы толық немесе ішінара жоюға бағытталған қасақана әрекеттер деп анықтай отырып геноцид үшін қылмыстық жауапкершілікті көздейді.

Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің 337-бабының 2-бөлігі нәсілдік, ұлттық, рулық, әлеуметтік, таптық немесе діни төзбеушілікті немесе артықшылықты уағыздайтын немесе оны іс жүзінде жүзеге асыратын, конституциялық құрылысты күштеп құлатуға, мемлекеттің қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге немесе Қазақстан Республикасының аумақтық тұтастығына қол сұғушылыққа шақыратын қоғамдық бірлестік құру, сол сияқты осындай бірлестікке басшылық жасау үшін қылмыстық жауапкершілікті көздейді .

2009 жыл мен 2012 жылдың бірінші жартыжылдығы кезеңінде Қазақстан Республикасында ұлттық араздықты тудыру (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодекстің 164-бабы) фактілері бойынша 20 қылмыс, оның ішінде 2009 жылы - 7, 2010 жылы - 8, 2011 жылы - 1, 2012 жылы - 4 қылмыс тіркелген. Атап айтқанда, 164-баптың 1-бөлігі бойынша - 10 (2009 жылы - 3, 2010 жылы - 4, 2012 жылы - 3), 164-баптың 2-бөлігі бойынша - 9 (2009 жылы - 4, 2010 жылы - 4, 2012 жылы - 1); 164-баптың 3 - бөлігі бойынша - 1 қылмыс (2011 жылы) тіркелген.

Тергеу қорытындылары бойынша істің мәні бойынша қарау үшін сотқа 12 қылмыстық іс жіберілген, өндіріспен 2 қылмыстық іс (2009 жыл) уақытша тоқтатылды, тоқтатылғаны - 1 (2010 жыл), медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын қолдану үшін сотқа бағытталды - 1 (2010 жыл), өндірісте жатқаны - 4. Көрсетілген қылмыстарды жасағаны үшін айып тағылған адамдарды ақтау, сондай-ақ, іс бойынша өндірісті тоқтату, оның ішінде оналту негіздемесі бойынша фактілер орын алмады.

Мысалы, азамат Б. 2009 жылғы 21 наурызда «Қазақтар, алға, орыстарды ұрайық» мәтіндік хабарламаны өзінің телефонынан теріп, телеарналардың бірінің SMS порталына жолдаған. Бұл хабарлама бұқаралық ақпарат құралдары эфирінде бір сағат бойы көрсетілген. Осыған орай Қарағанды облысы Теміртау қалалық сотының 2009 жылғы 29 қазандағы үкімімен азамат Б. Қылмыстық Кодекстің 164-бабының 1-бөлігінде көзделген қылмысты жасады деп айыпталып, оған 30 айлық есепті көрсеткіш (256 АҚШ \$) көлемінде айыппұл тағылды.



Сондай-ақ Ж., С., Б. азаматтар 2010 жылғы қаңтарда Алматы қаласының «Құлагер» шағын ауданындағы үйлердің бірінде аэрозоль баллонмен ұйғыр ұлты тұлғалары атынан қазақ ұлты өкілдерінің намысы мен абыройына нұқсан келтіретін балағаттық жазулар жазған. Алматы қаласы Медеу аудандық сотының 2010 жылғы 24 сәуірдегі үкімімен Ж., С., Б. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 164-бабының 2-бөлігінде көзделген қылмыс жасағаны үшін айыпты деп танылып, 2 жылға бас бостандығынан айырылды.

Конвенцияның 5-бабын іске асыру бойынша мемлекеттік органдардың заңнамалық, институционалды және басқа да шараларды қабылдауы туралы.

5-баптың «Сот және басқа да сот төрелігін атқаратын органдар алдында тең болу құқығы туралы» а) тармағына қатысты.

Қазақстан Конституциясының 14-бабына сәйкес «заң мен соттың алдында жұрттың бәрі тең. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкілік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды».

Қазақстанда сот билігі тұрақты судьялар, сондай-ақ «Сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының конституциялық Заңында көзделген жағдайларда және тәртіппен қылмыстық сот ісін жүргізуге тартылатын алқа билері түріндегі соттарға ғана тиесілі. Қазақстанда сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады. Соттың айрықша өкілеттігін басқа органдарға беруді көздейтін заң актілерін шығаруға тыйым салынады. Ешқандай өзге органдар мен тұлғалардың судья өкілеттігін немесе сот билігі функцияларын иеленуге құқығы жоқ. Сот өндірісі тәртібінде қаралуға жататын өтініштер, арыздар мен шағымдарды ешқандай өзге органдар, лауазымды немесе басқа да тұлғалар қаралмайды немесе бақылауына алмайды.

Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауға, Конституцияның, заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық шарттардың орындалуын қамтамасыз ету үшін қызмет етеді. Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік немесе діни белгісіне қарамастан әркімге мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды және өзге де адамдардың ел Конституциясында және заңдарында көзделген құқықтарға, бостандықтар мен заңды мүдделерге нұқсан келтіретін немесе оларды шектейтін кез келген заңсыз шешімдері мен іс-қимылдарынан сот арқылы қорғалуға кепілдік беріледі. Ешкімді де оның ісін заңның барлық талаптары мен әділеттілікті сақтай отырып құзыретті, тәуелсіз және бейтарап сотта қаралу құқығынан айыруға болмайды.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының дерегіне сәйкес есепті кезеңде Нәсілдік кемсітушілік негіз болған шағымдар, өтініштер бойынша азаматтық және әкімшілік істер қозғалып қарастырылмаған.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есептері комитетінің мәліметтеріне сәйкес «әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік немесе діни араздықты тудыру туралы» Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі 164-бабы бойынша үкім шығарумен 2010 жылы — 12 адам, 2011 жылы - 20 адам, оның ішінде Оңтүстік Қазақстан облысында - 14, Қарағанды облысында - 4, Ақтөбе облысында - 1, Маңғыстау облысында — 1 адам сотталған.

Мысалы, Ақмола облыстық сотының 2010 жылғы 2 маусымдағы шешімімен азамат Т. Жақсы кентінде 2009 жылдың наурызынан бастап қыркүйегіне дейін ұлттық, діни араздық пен бөлінушілікті тудыруға бағытталған қасақана әрекеттерді жұрт алдында жасағаны, азаматтардың дінге көзқарасына, таптық, ұлттық белгісі бойынша олардың артықшылығын, астамшылдығын және кем екендігін насихаттағаны, сонымен қатар, терроризмді үгіттеп, аталған мазмұндағы материалдарды таратқаны үшін айыпты деп т а н ы л ғ а н .

Судьялардың кәсіби деңгейін арттыру жөніндегі конвенцияның ережесін іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты жанындағы оқу орталықтары Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың негізгі ережелерін зерттеу және қолдану бойынша әртүрлі іс-шаралар өткізуде.

2010 - 2011 жылдар кезеңінде Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты 52 семинар және 969 судья үшін адам құқығы саласында құқық қорғау стандарттары мен халықаралық міндеттемелер бойынша біліктілікті арттыру мақсатында таныстыру і с с а п а р ы н ( та ғ ы л ы м д а м а ) ө т к і з г е н .

2010 жылғы 16-18 маусымда Щучинск қаласында Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты мен жергілікті соттар судьяларының қатысуымен Босқындар ісі жөніндегі БҰҰ Босқындар жөніндегі жоғары комиссар басқармасымен бірлескен жұмыс шегінде ұйымдастырылып «Судьялар үшін Босқындар туралы халықаралық құқық» та қ ы р ы б ы н д а с е м и н а р ө т т і .

2010 жылғы қыркүйекте Маңғыстау облысы мен Астана қаласының судьялары мен прокурорлары үшін адам саудасына қарсы күрес тақырыбында 2 өңірлік семинар Халықаралық көші-қон ұйымымен бірге ұйымдастырылып өткізілді.

2011 жылғы 28-29 қарашада Ақмола облысының Бурабай кентінде Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты өкілдерінің қатысуымен «Адам құқықтары жөніндегі БҰҰ тетіктері шеңберінде жеке хабарламалар» атты оқу семинары өтті.

Семинарлар адам құқықтарын қорғау жөніндегі БҰҰ әртүрлі органдарының жекелеген өтініштерді қарау рәсімдері туралы, сондай-ақ адам құқықтарын қорғау саласындағы БҰҰ тиісті халықаралық келісімдерінің шеңберінде қатысушы елдердің осыған байланысты өздері қабылдаған міндеттемелері туралы құзыретті мемлекеттік органдардың х а б а р д а р б о л у ы н а р т т ы р у ғ а б а ғ ы т т а л ғ а н .

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты адам құқықтарын қорғау, нәсілдік кемсітушілік саласындағы азаматтық қоғам мен ҮЕҰ арасындағы байланыстарын

белсенді дамытуда. Мәселен, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты «Адам құқықтары үшін хартия» қоғамдық қорымен бірлесіп, 2009 жылғы тамыз - желтоқсан аралығында алқа билерінің қатысуымен қылмыстық істерді қарау, тұтқынға алуға рұқсат беру және Азаптауға қарсы комитетінің ұсынымдарын іске асыру мәселелері бойынша судьяларға арналған 4 өңірлік семинар өткізді.

5-баптың «Мемлекеттік лауазымды қызметкерлер не жеке тұлғалар жасайтын зорлықтан немесе дене жарақатынан жеке қауіпсіздікке және мемлекет тарапынан қорғаныс алуға құқық туралы» б) тармағына қатысты.

Бұл тармақ бойынша егжей-тегжейлі ақпарат БҰҰ Комитетіне Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенция бойынша Қазақстан Республикасының есебі шеңберінде 2012 жылы ұсынылатын болады.

Қазақстан Конституциясының 17-бабына сәйкес «ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды».

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі 2011 жылы тергеушінің, анықтауды жүргізуші адамның, немесе өзге лауазымды адамның не олардың айдап салуымен немесе үнсіз келісімімен басқа адамның, не олардың білуімен қиналушыдан немесе үшінші адамнан мәліметтер алу немесе мойындату, не ол жасаған немесе жасады деп күдік келтірілген іс-әрекет үшін оны жазалау, сондай-ақ оны немесе үшінші адамды кез келген сипаттағы кемсітуге негізделген кез келген себеп бойынша қорқыту немесе мәжбүр ету мақсатымен қасақана тән зардабын және (немесе) психикалық зардап шектіруі үшін қылмыстық жауапкершілікті қатаңдатуға бағытталған 141-1 баппен т о л ы қ т ы р ы л д ы .

2011 жылы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 141-1 бабы бойынша Қазақстан азаматтарына қатысты 11 қылмыстық іс қозғалды, оның ішінде 5 қылмыстық іс сотқа жіберілді, 6 қылмыстық іс уақытша өндірістен шығарылды (4 - айыпталушы тұлғаның анықталмағанынан және 2 - тиісті сараптама жүргізілуіне байланысты).

2012 жылдың бірінші жартыжылдығында Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 141-1 бабы бойынша 8 қылмыстық іс қозғалды, оның ішінде 3 қылмыстық іс сотқа жіберілді, 5 қылмыстық іс уақытша өндірістен шығарылды (3 - айыпталушы тұлғаның анықталмағанынан және 2 - тиісті сараптама жүргізілуіне байланысты).

5-баптың саяси құқықтар туралы с) тармағына қатысты.

Қазақстан Конституциясының 3-бабына сәйкес мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы халық болып табылады. Халық билікті тікелей республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асырады, сондай-ақ өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға береді.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 4-бабына сәйкес Республиканың он

сегіз жасқа жеткен азаматтарының тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез келген өзге жағдаяттарға қарамастан, сайлауда дауыс беруге қатысу құқығы бар.

Қазақстан Конституциясының 33-бабының 4-тармағына сәйкес ел азаматтарының мемлекеттік қызметке тұруға тең құқығы бар. Мемлекеттік қызметші лауазымына кандидатқа қойылатын талаптар лауазымдық міндеттердің сипатына ғана байланысты болады және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.

«Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңының 12-бабының 4-тармағына сәйкес мемлекеттік қызметке кіру кезінде жынысына, нәсіліне, қай ұлтқа жататынына, тіліне, әлеуметтік тегіне, мүліктік жағдайына, тұрғылықты жеріне, дінге қатынасына, сеніміне, қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына және кез келген өзге де мән-жайларға қарай қандай да болсын тікелей немесе жанама шектеулер белгілеуге жол берілмейді.

Қазақстан халқы Ассамблеясы атынан Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне (Парламенттің кіші палатасы) сайланатын 9 депутат ұлттық заңнаманың сақталуына этностық сараптама жүргізеді. Қазақстан халқы Ассамблеясы депутаттық тобының мүшелері заң жобаларын әзірлеу бойынша жұмыс топтары құрамында белсенді жұмыс атқарады. Сонымен қатар, Қазақстан халқы Ассамблеясы арқылы сайланған депутаттар мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру, оралмандар мәселесін шешу, білім саласындағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша, әсіресе этностық топтардың шағын орналасып тұратын жерінде, Үкімет пен жекелеген мемлекеттік органдарға сұрау салады (13 және 14-қосымшалар).

5-баптың «Өзге азаматтық, атап айтқанда еркін жүріп-тұру, азаматтық таңдау, мүлікке құқық, отбасын құруға, бейбіт жиналыстар өткізуге құқықтар туралы» д) тармағына қатысты.

Еркін жүріп-тұру және тұру құқығы туралы.

Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың еркін жүріп-тұруға құқығының заңнамалық және іс жүзінде қолданылуы туралы ақпарат Конвенцияның 3-бабына қатысты тарауда көрсетілген.

Өз елін қоса алғанда, кез келген елден кету, өз еліне оралу құқығы.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 21-бабы 2-тармағына сәйкес әркімнің республикадан тыс жерлерге кетуіне құқығы бар. Сонымен қатар, ел азаматтарының республикаға кедергісіз қайтып оралуына құқығы бар.

2010 жылы тұрақты өмір сүруге елден 28 мың 852 адам кетті, оның 2303 қайта Қазақстанға оралды. Басым көпшілігі 1657 - Ресейден, 198 Моңғолиядан, 127 Қытайдан, 123 Германиядан, 61 Өзбекстаннан, 48 Беларусьтен қайтып оралды.

2011 жылы тұрақты өмір сүруге елден 32 848 адам кетті, 1 259 адам қайта Қазақстанға оралды. Басым көпшілігі 1 мың 57 адам - Ресейден, 67 - Германиядан, 54 -

Өзбекстаннан, 26 - Беларусьтен қайтып оралды. Елге оралған Қазақстан Республикасы азаматтарының этностық тұрғыдан статистикалық есебі жүргізілмейді.

2012 жылғы 1 қаңтарға Қазақстан Республикасында 566 адам босқын мәртебесіне ие (209 отбасы, оның ішінде жеке тұратындар мен балалар). Босқындардың негізгі бөлігі Алматы қаласында тіркелген - 457 адам (171 отбасы), Оңтүстік Қазақстан облысында - 83 адам (31 отбасы), сондай-ақ, Алматы облысында - 26 адам (7 отбасы).

Босқын мәртебесін алғандардың ішінде 250 әйел, 316 ер адам. Олардың ішінде 552 адам - Ауғанстан азаматы, 1 Сомали азаматы, 2 - Эфиопиядан, Өзбекстаннан - 6, Қытай Х а л ы қ Р е с п у б л и к а с ы н а н - 5 .

Босқын мәртебесі бар тұрғындардың этностық құрамына 328 тәжік, 111 пұштүн, 80 хазарлық, 31 өзбек және 16 басқа ұлттар өкілдері кіреді. Олардың ішінде 68 адам жоғары білімді, 18 адамның жоғары білімі аяқталмаған, 13 арнайы орта білімді, 207 орта білімді, 36 адамның білімі - бастауыш. 48 адамның білімі жоқ. Босқындар арасында бес жасқа дейінгі балалар - 67, сондай-ақ мектеп жасына дейінгілер - 109 а д а м .

2011 жылы көші-қон полициясы басқармаларына босқын мәртебесін алу үшін 129 адам өтінішпен шыққан. Олардың екеуіне (Алматы қаласы - 1, Оңтүстік Қазақстан облысы - 1) босқын мәртебесі берілді. 12 өтініш қаралуда. Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы «Босқындар туралы» Заңында көрсетілген негіздемелер бойынша босқын мәртебесін беру, ұзарту, айыру және тоқтату рәсімі жүргізу жөніндегі комиссия 79 адамға (36 отбасыға) босқын мәртебесін беруден бас тартты.

Босқындар мәселесімен айналысатын мемлекеттік органдар қызметі 1951 жылғы «Босқындар мәртебесі туралы» конвенцияның, «Босқындар туралы» Қазақстан Республикасы заңының, «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» және басқа да нормативтік құқықтық актілердің баптарына негізделген. Босқындар туралы заң 2010 жылы қолданысқа енгізілді. Онда босқын мәртебесін берудің критерийлері мен рәсімдерін айқындайды, пана іздеген адамдардың және босқындардың құқықтарын қорғау бойынша кепіл болады, сондай-ақ олардың Қазақстан аумағындағы негізгі құқықтары мен міндеттемелерін бекітеді. Заңнамалық тұрғыдан босқын мәртебесін беру туралы өтінімді тапсыру мен тіркеу тәртібі анықталған, босқын мәртебесін беру туралы уәкілетті органның шешім қабылдау мерзімі тіркелген күннен бастап 3 айға д е й і н ұ з а р т ы л ғ а н .

Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы «Босқындар туралы» Заңы еңбек бостандығы немесе кәсіпкерлікпен айналысу құқығына, денсаулық сақтау қызметтеріне қолжетімділікке, Конституцияда, Қазақстан Республикасы ратификациялаған заңдар мен халықаралық шарттарда көзделген басқа да құқықтар мен бостандықтарға (8, 9 баптары) кепілдік береді. Қазақстан Республикасының «Босқындар туралы» Заңын қабылдауға байланысты Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексіне және Қазақстан

Республикасының 2001 жылғы 11 шілдедегі «Атаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Халықаралық құқық нормаларына және БҰҰ Босқындар жөніндегі жоғары комиссар басқармасы өкілдігінің ұсынымдарына сәйкес босқындардың балаларына қатысты арнайы ережелер енгізіліп, босқындарға жол жүру құжаттарын беру жүзеге асырылуда. Босқындар туралы конвенцияда көрсетілген жол жүру құжаттары босқындардың Қазақстан аумағының ішінде және аумағынан тыс жерлерде де жүруін қ а м т а м а с ы з е т е д і .

Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы «Босқындар туралы» Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 9 наурыздағы № 183 қаулысымен Босқын мәртебесін беру, ұзарту, одан айыру және оны тоқтату ережелері, босқын мәртебесін беру өтінішін тіркеу мен оны қарау тәртібі, пана іздеген адамның куәлігі, жеке куәлігі және жол жүру құжаттарының үлгілері бекітілді.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон полициясы комитетінде босқындармен жұмысты үйлестіру мақсатында тұрақты жұмыс жасайтын Бас прокуратура, Сыртқы істер, Әділет министрліктері, сондай-ақ, БҰҰ Босқындар жөніндегі жоғары комиссар басқармасының босқындар ісі жөніндегі өкілдерінің қатысуымен тұрақты жұмыс істейтін жұмыс тобы құрылды. Босқындардың негізі бөлігі сауда-саттық, құрылыс, қызмет көрсету саласында еңбек етеді немесе өзін-өзі қамтиды. БҰҰ Босқындар жөніндегі жоғары комиссар басқармасы және Қызыл крест пен қызыл жарты ай қоғамы босқындардың әлеуметтік осал топтарына тұрақты көмек көрсетеді.

2011 жылғы сәуірде Алматы қаласында Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссиясы мен БҰҰ Босқындар жөніндегі жоғары комиссар басқармасы Орталық Азия, Ресей, Қытай, Түркия, халықаралық ұйымдар (Халықаралық көші-қон ұйымы, ЕҚЫҰ) және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының қатысуымен Орталық Азиядағы босқындары қорғау және халықаралық миграция жөніндегі өңірлік конференция өтті. 2012 жылғы маусымда Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатында «Қазақстан Республикасындағы босқындар мәселелерін халықаралық тәжірибеге сәйкес заңнамалық қамтамасыз ету: жай-күйі мен перспективалары» тақырыбы бойынша дөңгелек үстел отырысы болды, оған Парламент депутаттары, мемлекеттік органдардың өкілдері мен халықаралық с а р а п ш ы л а р қ а т ы с т ы .

А з а м а т т ы қ қ а құқық туралы.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 10-бабына сәйкес Қазақстан азаматтығы «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 20 желтоқсандағы Заңына сәйкес беріледі және тоқтатылады, ол қандай негізде алынғанына қарамастан, бірыңғай және тең болып табылады. Қазақстан азаматын ешқандай жағдайда азаматтығынан, өзінің азаматтығын өзгерту құқығынан айыруға, сондай-ақ оны Қазақстаннан тыс жерлерге қудалауға

болмайды. Қазақстан Республикасы азаматының басқа мемлекеттің азаматтығында  
б о л у ы т а н ы л м а й д ы .

«Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 20 желтоқсандағы Заңының 5-бабына сәйкес тегіне, әлеуметтік және мүліктік жағдайына, нәсілі мен ұлтына, жынысына, біліміне, тіліне, діни көзқарасына, саяси және өзге де сенімдеріне, кәсібінің түрі мен сипатына, тұрғылықты жеріне және басқа да мән-жайларға қарамастан ел азаматтары заң алдына тең.

«Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 20 желтоқсандағы Заңының 16-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтығына Қазақстан Республикасының аумағында заңды негізде кемінде бес жыл тұрақты тұратын не Қазақстан Республикасының азаматтарымен кемінде үш жыл некеде тұратын адамдар қабылданатын болады. Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдаған кезде кәмелетке толмағандардан, әрекетке қабілетсіз және Қазақстан Республикасы алдында ерекше еңбек сіңірген адамдардан не Қазақстан Республикасының Президенті белгілейтін тізбе бойынша кәсіптерге ие және талаптарға сай келетін адамдардан және олардың отбасы мүшелерінен осы тармақшаның бірінші абзацында көзделген шарттардың болуы талап етілмейді. Қазақстан Республикасы азаматтарының ішінде жақын туыстарының бірі-баласы (оның ішінде асырап алған баласы), жұбайы (зайыбы) және ата-анасының біреуі (асырап алушысы), апа-қарындасы, аға-інісі, атасы немесе әжесі бар, Қазақстан Республикасына тұрақты тұру мақсатымен келген, бұрынғы одақтас республикалардың азаматтары, Қазақстан Республикасында тұру мерзіміне қарамастан, қабылданатын болады.

Қазақстан Республикасы жаппай репрессия, күштеп ұжымдандыру, басқа да адамгершілікке жатпайтын саяси акциялар барысында республика аумағынан кеткен адамдардың және олардың ұрпақтарының оралуы үшін жағдай жасайды.

2009 - 2012 жылдар кезеңінде 214 мың 438 адам Қазақстан азаматтығын алған, оның ішінде азаматтық алған тұлғалардың 90 % құрайтын 194 мың 731 адам Қазақстан аумағынан амалсыздан кеткен оралмандар және олардың ұрпақтары. Олардың ішінде 2009 жылы 74 мың 30, 2010 жылы 77 мың 863 адам, 2011 жылы - 59 мың 30, 2012 жылы - 3 мың 515 адам қазақстан азаматтығын алды.

Мемлекеттік деңгейде этностық қазақтардың қоныс аударуы көзделген 2009 - 2011 жылдарға арналған «Нұрлы көш» бағдарламасы бекітілді. Бағдарлама шеңберінде этностық ішкі және сыртқы көші-қон үдерісін ретке келтіру, Қазақстаннан бұрын кеткен жоғары білікті мамандардың қайтуын ынталандыру, мигранттардың бейімделуі және ықпалдасу қиындықтарынан, жұмыссыздықтан және жоспарланбаған көшіп-қонудан туындаған әлеуметтік тәуекелдердің алдын алу, ұлттық бірігу үдерістерінің одан әрі дамуын қамтамасыз ету, әлеуметтік тұрақтылық пен татулықты нығайту, демографиялық жағдайды жақсарту қарастырылған.

Неке қию және зайып таңдау құқығы.

Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексі (бұдан әрі - Кодекс) неке-отбасы қатынастарын р е т т е й д і .

Қазақстан неке-отбасы заңнамасы ерлі-зайыптылардың өз еркімен некеге отыру қағидатына негізделеді. Кодекстің 2-бабының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасында некеге отыру (ерлі-зайыпты болу) кезінде және отбасылық қатынастарда шығу тегі, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайы, нәсілі, ұлты, тілі немесе діни көзқарасы немесе кез келген өзге де мән-жайлар бойынша азаматтардың құқықтарын шектеудің кез келген нысандарына тыйым салынады.

Қазақ, орыс, өзбек, украин, ұйғыр, татар, неміс этностық топтар өкілдері арасында этносаралық неке санының өсу үрдісі байқалады.

Айталық, 2009 - 2011 жылдар кезеңінде этносаралық неке саны 25 мың 522-ден 27 мың 269-ға дейін өскен (15-қосымша). Мүлікті иелену құқығы туралы.

Қазақстан азаматтарының ұлттық шығу тегіне қарамастан мүлікті иеленуге құқығы б а р .

Қазақстан Республикасы Конституциясының 26-бабының 1-тармағына сәйкес азаматтар заңды түрде алған қандай да болсын мүлкін жеке меншігінде ұстай алады. Аталған баптың 2-тармағына сәйкес соттың шешімінсіз ешкімді де өз мүлкінен айыруға болмайды. Заңмен көзделген ерекше жағдайларда мемлекет мұқтажы үшін мүліктен айыру оның құны тең бағамен өтелген кезде жүргізілуі мүмкін. Меншікке мемлекет кепілдік береді. Заңнамада мүліктік қатынастар саласында бір этностық топтың өкілдеріне екіншілеріне залал келтіру арқылы басымдылық немесе өзге де айрықша құқықтарды беретін ережелер көзделмеген.

Мүлікті иелену құқығына Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексі, Қазақстан Республикасының «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік реттеу туралы» 2007 жылғы 26 шілдедегі Заңы, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңы кепілдік береді.

Жеке тұрғын үй құрылысын жүргізу үшін жер учаскелерін ресімдеудің және берудің айқындылығын қамтамасыз ету мақсатында 2007 жылғы 6 шілдеде «Қазақстан Республикасының Жер кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Осы заң жер телімдерін алудың рәсімдерін жеңілдетіп, жер теліміне құқық беру туралы шешім қабылдаудың соңғы мерзімін белгіледі (43-баптың 7-тармағы).

М ұ р а г е р л і к құқығы туралы

Қазақстан Республикасы Конституциясының 26-бабының 2-тармағына сәйкес мұрагерлік құқығына заңмен кепілдік беріледі. 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 14-бабы азаматтың Қазақстан



Республикасы шегінде де, одан тыс жерлерде де мүлікті, соның ішінде шетел валютасын меншіктену, мүлікті мұраға алу, мұраға қалдыру құқығына кепілдік береді.

Азаматтық кодекстің 235-бабына сәйкес азамат қайтыс болған кезде оған тиесілі мүлікке меншік құқығы өсиетке немесе заңға сәйкес мұрагерлік бойынша басқа адамдарға көшеді. Азаматтық кодексінің (ерекше бөлігі) «Занды мұрагерлік» деген 59-тарауының баптарына сәйкес мұрагерлік ережелері мен рәсімі республиканың барлық азаматтары үшін, олардың Нәсілдік, ұлттық, тілдік, діни және өзге де тиістілігіне қарамастан ортақ және міндетті болып табылады.

Ой бостандығы, ар-намыс пен дінге деген құқық туралы

Ой, ар-ождан және дін бостандығына Қазақстан Республикасы Конституциясының 22-бабының ережелері кепілдік береді. Қазақстан Республикасын 2011 жылғы 11 қазандағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының 3-бабы «діни бірлестіктер және Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар дінге көзқарасына қарамастан заң алдында тең екендігін» белгілейді. 3-баптың 5-тармағына сәйкес «заңды діни қызметке кедергі келтіруге, жеке тұлғалардың дінге көзқарасы себептері бойынша азаматтық құқықтарының бұзылуына немесе олардың діни сезімдерін қорлауға, қандай да бір дінді ұстанушылар қастерлейтін заттарды, құрылыстар мен орындарды бүлдіруге жол берілмейді».

Бүгінгі таңда Қазақстанда негізгі дін ұстанушылардың саны бойынша ислам, христиан діндері негізгі болып табылады. 2009 жылғы халық санағы бойынша тұрғындардың 70 % өздерін мұсылман есептейді. Қазақстанда негізінен түркі, кавказ халықтары және тәжіктер ислам дінін ұстанады. Тұрғындардың үштен бір бөлігі (26 %) христиандарға жатады (12-қосымша).

Қазақстанда заңды тұлға не филиал ретінде 3868 діни бірлестік өз қызметін жүзеге асырады. Елде 217 миссионер, олардың ішінде 217 шетелдік азаматтар, миссионерлік қызметті жүзеге асырады. Қазақстанда 3374 ғибадатханалар қызмет етеді.

2011 жылы елімізде ой, ар-ождан және дін ұстануға азаматтардың құқықтарын қамтамасыз ету және конфессияаралық келісімді нығайту мақсатында Қазақстан Республикасының Дін істері жөніндегі агенттігі құрылды.

2012 жылғы мамырда Дүниежүзілік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының IV съезі өткен болатын, мұнда дін көшбасшылары кеңесінің мүшелері сайланды. Кеңес қызметі түрлі дін өкілдерінің арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға, сондай-ақ Съездің пікір алмасу алаңының тұжырымдамалық негіздерін жетілдіруге бағытталады.

Уәкілетті орган болып табылатын Қазақстан Республикасының Дін істері жөніндегі агенттігі заңнама базасын жетілдіру бойынша жұмыс атқарып, бірқатар нормативтік құқықтық актілерді қабылдады (18-қосымша).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанында Діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі кеңес тұрақты жұмыс істейді, оған діни бірлестіктердің өкілдері кіреді.

Осындай пікір алмасу алаңы түріндегі кеңестер облыс әкімдіктері (әкімшіліктері) ж а н ы н д а                                 д а                                 ж ұ м ы с                                 і с т е й д і .

Қазақстанда діни бірлестіктерді тіркеу рәсімдерін түсіндіру бойынша жұмыс жүйелі түрде жүргізілуде. Осы мақсатта Қазақстан мұсылмандары рухани басқармасының, орыс православие шіркеуінің, рим-католик шіркеуінің, еврейлер қауымының, протестанттық бірлестіктердің басшыларымен және басқалармен кездесулер ұйымдастырылды және өткізілді.

Елде азаматтық қоғам өкілдерінің қолдауымен экстремизм мен терроризмнің алдын алу жұмысы жоспарлы жүргізілуде. Баспа және электрондық бұқаралық ақпарат құралдары діни экстремизмге қарсы іс-қимыл және қоғамдағы конфессияаралық келісімді насихаттау туралы материалдар тұрақты түрде жариялануда.

Ой бостандығы және оларды еркін білдіру құқығы туралы.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 20-бабының ережелері сөз бен шығармашылық бостандығына кепілдік береді. Әркімнің Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған кез келген жолмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар. Мемлекеттік құпия қамтыған мәліметтерге қатысты шектеу қойылған. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 15 наурыздағы «Мемлекеттік құпиялар туралы» Заңында мемлекеттік құпия болып табылатын мәліметтер тізбесі белгіленеді.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Конституциясының 20-бабына сәйкес « республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық , діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді».

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңы бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес олардың бостандықтарына мемлекеттік кепілдемелерді орнатады.

Тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдарының болуы құқықтық демократиялық мемлекетті дамытудың шешуші шарттары мен индикаторларының бірі болып табылады. 2012 жылғы 1 қаңтарға елімізде 2740 масс-медиа әрекет етеді, олардың ішінде 84 % (2301) - мемлекеттік емес, 16 % (439) - мемлекеттік. Жалпы құрылымдағы басым көпшілігі газеттер (1662) мен журналдар (832), олардың үлесі 91 % құрайды. Электрондық бұқаралық ақпарат құралдары (50 телеарна, 43 радио компания, 134 кәбілдік телеарна операторлары, 6 жерсеріктік хабар тарату операторлары) 8,5 % үлес құрайды, ал әрекет етіп тұрған 13 ақпараттық агенттік 0,5 % үлесті алып отыр.

Қазақстанда 13 этностың тілінде жарық көретін 32-ден астам ұлттық баспа құралдары бар. «Мәдениет» телеарнасының эфирінде 3 ұлттық тілдегі (ұйғыр, кәріс, неміс) бағдарламалар шығады. Ең ірі этностық республикалық газеттер мемлекеттің қолдауымен қызмет етеді («Украински новини», «Дойче альгемайне цайтунг», «Коре

ильбо», «Уйгур авазы», «Ватан», «Ақ барс», «Ahiska-Ахыска» газеттері).

Отандық ақпараттық нарықта 2786 шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары еркін таралады, олардың 2674 баспа құралдары және 112 телерадио арналар (90 % орыс тілінде, 5 % ағылшын және 5 % өзге тілдерде).

2006 жылғы Женева келісімінің қатысушысы ретінде Қазақстан өңірдегі өзге де мемлекеттер сияқты 2015 жылы жерүсті эфирлік телехабар таратудың сандық форматына толық көшуге дайындалуда. 2012 - 2013 жылдары шекаралық аймақтар мен облыс орталықтарында сандық хабар тарату енгізіледі, 2014 - 2015 жылдары сандық хабар тарату аймағына еліміздің орталық өңірлері қосылады.

Бейбіт жиналыстар және қауымдастықтар бостандығына құқық туралы Қазақстан Республикасы Конституциясының 32-бабына сәйкес Қазақстан азаматтары бейбіт әрі қарусыз жиналуға, жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар, шерулер өткізуге және тосқауылдарға тұруға хақылы. Бұл құқықты пайдалану мемлекеттік қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, денсаулық сақтау, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мүдделері үшін заңмен шектелуі мүмкін.

Қазақстандағы бейбіт жиналыстар бостандығының құқықтық реттелуі «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу мен ұйымдастыру тәртібі туралы» 1995 жылғы 17 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңында көрсетілген.

Бұл заң азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын іске асыру, осы іс-шаралардың көшелерде, алаңдарда және басқа да қоғамдық орындарда өткізілуі кезінде қоғамдық қауіпсіздік пен тәртіпті қамтамасыз ету үшін жағдай жасауға бағытталған. Наразылық акцияларын өткізу барысында заңдылық пен құқықтық тәртіптің сақталуына, құқықтық тұрғыдан шешудің жолдары мен тетіктерін іздеу арқылы мұндай акциялар туындауының себептері мен көздерін шұғыл түрде орнында шешуге ерекше мән беріледі. Рұқсат етілмеген акциялар өткізілген сәтте прокуратура органдары тез арада қолданыстағы заңнама нормаларын түсіндіру, кінәлі адамдарды Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 373-бабында белгіленген тәртіпте әкімшілік жауапкершілікті қоса алғанда заңдарда белгіленген жауапкершілікке тарту бойынша шаралар қабылдайды.

Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі» (373-бабы) және Қылмыстық кодекстің (334-бабы) бейбіт жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттерді, демонстрацияларды ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы заңнаманы бұзғаны үшін айыппұлдан және он бес тәулік мерзімге әкімшілік тұтқындаудан бастап бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру с а н к ц и я л а р ы н к ө з д е й д і .

Бейбіт жиналыстар бостандығына құқық Қазақстанның барлық азаматтары үшін олардың нәсілдік, ұлттық, тілдік, әлеуметтік, таптық, рулық және басқа да белгісіне қарамастан әмбебап болып табылады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 23-бабына сәйкес ел азаматтары еркін бірлестіктер (қауымдастықтар) құру бостандығына құқығы бар. Қазақстан Республикасы Конституциясының 5-бабына сәйкес елде идеологиялық және саяси әр-алуандылық танылады. Қоғамдық бірлестіктер заң алдында бірдей. Қазақстан азаматтарына олардың Нәсілдік, ұлттық, тілдік, әлеуметтік, таптық, рулық және басқа да белгісіне қарамастан бірлестіктер құру бостандығы құқығына кепілдік беріледі.

1996 жылғы 31 мамырдағы «Қоғамдық бірлестіктер туралы» және 2001 жылғы 16 қаңтардағы «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары Қазақстан Республикасы азаматтарының бірлестіктер құру бостандығына құқығын іске асыруға байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді.

2012 жылғы 1 қаңтарға Қазақстан Республикасы аумағында 35 мың коммерциялық емес ұйымдар, оның ішінде шамамен 20 мың үкіметтік емес ұйымдар (8099 қоғамдық бірлестіктер, 1271 заңды тұлғалардың бірлестіктері, 4910 қор, 3031 мекеме және 820 этномәдени бірлестіктер) тіркелген.

Қазақстан халқы Ассамблеясы этномәдени бірлестіктерді біріктірген азаматтық қоғамның біртұтас институты болып табылады. Ассамблея құрылымын институционалдық нығайту мақсатында ғылыми-сараптамалық кеңес құрылып, оған ғалымдар, сарапшылар, жетекші ғылыми-зерттеу құрылымдардың басшылары кірді. Ассамблеяның қоғамдық келісім саласындағы жобаларын қаржыландыру үшін Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық қоры құрылды. Этносаясаттың және Ассамблея қызметінің мәселелерін жария ететін «Менің елім» журналы жарық көреді. Қазақстан Республикасының ұлттық академиялық кітапханасында Қазақстан халқы Ассамблеясының ресми депозитарий ашылған. Қазақстан халқы Ассамблеясының веб-порталы жұмыс істейді.

2009 жылдың қыркүйегінде этносаралық татулық жөніндегі қазақстандық үлгінің тәжірибесі ЕҚЫҰ Саны аз ұлттардың істері жөніндегі жоғары комиссары К.Воллебектің офисінде Қазақстан халқы Ассамблеясы делегациясының қатысуымен «Этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісі» тақырыбында Гаага қаласында (Нидерланд Корольдігі) өткен семинар барысында қаралды.

2010 жылғы қыркүйекте Саны аз ұлттардың істері жөніндегі жоғары комиссарының қатысуымен Алматы қаласында «Қоғамдық-саяси өмірге қазақстан этностарының қатысуы. Консультативтік органдардың рөлі мен тиімділігі: Қазақстан халқы Ассамблеясының тәжірибесі» халықаралық семинары өтті. Саны аз ұлттардың істері жөніндегі ЕҚЫҰ жоғары комиссарымен екіжақты кездесулер барысында Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету кезеңіне Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Саны аз ұлттардың істері жөніндегі ЕҚЫҰ жоғары комиссарының жұмысына қатысты ұлттық күн тәртібі ретінде ұсыныстар берілді. Тәжірибе алмасу бойынша халықаралық конференциялар, кеңестер, тренингтер өткізу, бірлескен зерттеу жобаларын жүргізу бойынша уағдаластыққа қол жеткізілді.

2010 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен елдегі этносаралық татулықты нығайтуға бағытталған ел бірлігі доктринасы бекітілді. Доктринаның негізгі ережелері Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі даму стратегиясына енгізілді.

Қазақстан халқы Ассамблеясының сессияларында бекітілетін жыл сайынғы іс-шаралар жоспарларымен қатар, «Қазақстан халқын біріктіру факторы ретіндегі толерантты тілдік ортаны құру» және «Мемлекеттілікті, халық бірлігін одан әрі нығайту және қоғамның бірігуін қамтамасыз ету» стратегиялық бағыттары шегінде Стратегияның ережелерін іске асыру көзделген.

Мемлекеттік органдармен, этномәдени бірлестіктермен, азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-қимыл негізінде этносаралық толеранттықтың қазақстандық үлгісін жетілдіру жалғасты. Бюджеттік бағдарламалар шеңберінде шетелдік қазақ диаспорасына, этностық бұқаралық ақпарат құралдарына, ұлттық театрларға, жексенбілік мектептерге және этнолингвистикалық орталықтарға қолдау көрсетілді, этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік ақпараттық саясат, тақырыптық әдебиет, мемлекеттік органдарға арналған әдістемелік нұсқаулықтар шығару қаржыландырылды, этностық және конфессиялық жағдай мониторингі сондай-ақ маңызды мәселелер бойынша зерттеулер жүргізілді.

Қазақстан халқы Ассамблеясы Хатшылығының өкілдері қазақстандық делегация құрамында 2010 жылы Нью-Йорк қаласында орналасқан БҰҰ штаб пәтерінде Мәдениеттердің жақындасуы халықаралық жылына арналып БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мун төрағалығымен өткен БҰҰ арнайы іс-шарасына қатысты.

Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің мүшелері Вена қаласында (Австрия) гуманитарлық өлшем бойынша өткен «Саны аз ұлттар адамдарының білім алуы: ықпалдасу мен тең мүмкіндіктер» тақырыптағы ЕҚЫҰ екінші қосымша кеңесінің жұмысына қатысты. Оның барысында Саны аз ұлттардың істері жөніндегі ЕҚЫҰ жоғары комиссары К.Воллебек Қазақстан жұмысының оң тәжірибесін атап көрсетті, әсіресе ұлттық тегіне қарамастан Қазақстан қоғамы жоғары деңгейлі білімі бар мемлекеттер қатарынан табылатындығын атап өтті.

Тілдік саясат саласында «Ұйғыр және өзбек оқыту тіліндегі мектептермен өңірлік ынтымақтастық: жақындасу, қазақстандық патриотизмді тәрбиелеудің мәселелерін шешуге және міндеттерін іске асыруға бағытталған тиімді педагогикалық тетіктерді іздеу» семинары (2010) өтті. ЕҚЫҰ қолдауымен ұйғыр тілінде оқытатын мектептер арасында «Қазақстан - менің Отаным» жобасы жүзеге асырылды.

Өңірлердегі достық үйлерінде жаңа форматта этномәдени бірлестіктердің этносаралық қатынастар саласындағы көп қырлы жұмысты ықпалдастырып, олардың көпфункционалдық ресурстық орталықтарына айналды. Ел тұрғындарының мәдени, тілдік, діни және этностық әр-алуандығын сақтау достық үйлері жұмысының басымдықты бағыты болып табылады.

5-баптың «Экономикалық, әлеуметтік және мәдени салалардағы құқықтар, атап айтқанда еңбекке құқық, кәсіподақтар құруға құқық, тұрғын үйге, денсаулық сақтауға, білім алуға, мәдени өмірге қатысуға т.б. құқықтар туралы» е) тармағына қатысты.

Еңбекке құқық туралы.

Қазақстан Республикасының Конституциясына және ұлттық заңнамаға сәйкес еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушіліктің кез келген нысандары мен түрлеріне тыйым салынған, әркім еңбек бостандығына және қызмет пен кәсіптің түрін еркін тандауға құқылы. Әркімнің қауіпсіздік пен тазалық талаптарына жауап беретін еңбек жағдайларына, қандай да бір кемсітушіліксіз еңбек ақысына, сондай-ақ жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуына құқығы бар.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 7-бабында еңбек саласындағы кемсітуге тыйым салынған. Осы нормаға сәйкес әркімнің еңбек саласындағы құқықтары мен бостандықтарын іске асыруға тең мүмкіндіктері бар. Ешкімді де еңбек құқықтарын іске асыру кезінде жынысына, жасына, дене кемістіктеріне, нәсіліне, ұлтына, тіліне, мүліктік, әлеуметтік және лауазымдық жағдайына, тұратын жеріне, дінге көзқарасына, саяси сеніміне, руға немесе тапқа, қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына байланысты ешқандай кемсітуге болмайды; Еңбектің нақты бір түріне тән талаптармен айқындалатын немесе басымдықпен әлеуметтік және құқықтық қорғалуға мұқтаж адамдар үшін мемлекеттің ерекше қамқорлығынан туындаған өзгешеліктер, айрықшалықтар, артықшылықтар және шектеулер кемсітушілік болып саналмайды. Еңбек саласында кемсітушілікке ұшырадым деп есептейтін адамдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпте сотқа немесе өзге де орындарға жүгінуге құқылы.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес Қазақстан азаматтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар зейнетақыға да, әлеуметтік қамтамасыз етілуге де, оның ішінде әлеуметтік сақтандырылуға тең құқығы бар.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 7 ақпандағы «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Заңына сәйкес жұмыс істейтін зейнеткерлерді қоспағанда жұмыскерлер, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын және Қазақстан Республикасының аумағында табыс келтіретін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды қоса алғанда өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар міндетті әлеуметтік сақтандырылуға жатады.

Демек, Қазақстан аумағында уақытша еңбек іс-қимылын жасайтын еңбекші мигранттар және олардың отбасыларының мүшелері міндетті әлеуметтік сақтандырылуға жатпайды.

«Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 7 ақпандағы Заңына сәйкес мемлекеттік мекеме қызметкерлерінен басқа барлық

қызметкерлер еңбек (қызметтік) міндеттемелерін орындау кезінде жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандырылуы тиіс.

Сонымен қатар, «Еңбектегі міндетін атқару кезіндегі қызметкердің жарақаттануына, кәсіптік ауруға ұшырауына немесе денсаулығының өзге де бұзылуына байланысты келтірілген залалды өтеуге деген құқығын өзара тану туралы» 1994 жылғы 9 қыркүйектегі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына (бұдан әрі - ТМД) қатысушы мемлекеттер қол қойған (Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 25 мамырдағы № 2303 Жарлығымен бекітілген) келісімге сәйкес залал келтіргенге жауапты жұмыс беруші өзінің ұлттық заңнамасы бойынша оны өтейді. Бұл кезде жұмыскердің еңбектік зақым ауырлығының деңгейін және кәсіби ауруын қайта қарау аумағында ол өмір сүретін Тараптың заңнамасымен жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 159-бабына сәйкес жұмыс беруші өз қаражаты есебінен қызметкерлерге еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша әлеуметтік жәрдемақы төлеуге міндетті. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңбекші мигранттардың еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша әлеуметтік жәрдемақыға, сондай-ақ жұмыскерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыруға құқығы бар.

Қазақстан өркениетті көші-қонды ұйымдастыруды - заңсыз көші-қонның себеп-салдарын жоюды және мигранттарды әлеуметтік қорғауға жағдай жасауды қолдайды. Қазақстан Республикасының көші-қон саясаты Қазақстанның мемлекеттік саясатының стратегиялық бағыттарының бірі болып табылады. Қазіргі таңда миграция мәселелерін реттейтін тиісті халықаралық-шарттық база жасалған.

Халықаралық құқық нормаларына, Қазақстан қатысушысы болып табылатын көпжақты және екіжақты келісімдердің ережелеріне сәйкес заңсыз миграцияның, кез келген жағдайдағы мигранттарға қатысты зорлықтың, адам саудасының алдын алу және жолын кесу бойынша шаралар қабылдануда.

«Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі Заңында халықтың еңбек миграциясы саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі міндеттері, атап айтқанда шетелдік еңбек күшінің тартылуына квота белгілеу арқылы ішкі еңбек нарығын қорғау, Қазақстан Республикасындағы еңбек қызметін жүзеге асыру үшін жоғары білікті шетелдік жұмыс күшін тарту бекітілген.

«Көші-қон туралы» Қазақстан Республикасының жаңа Заңын іске асыру мақсатында Шетелдік қызметкерге жұмысқа орналасуға және жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру қағидалары мен шарттары (бұдан әрі - Қағидалар) әзірленіп, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 13 қаңтардағы № 45 қаулысымен бекітілді. Қағидалар жеңілдетілген тәртіппен шетелдік жұмыс күшін тартуға қазақстандық мазмұнды жоғарылату бағдарламаларын іске асыратын жер қойнауын пайдаланушы ұйымдарға (рұқсат беру кезінде ерекше талаптар қойылмайды) ; Қазақстанда кадрлар даярлау жүргізілмейтін мамандықтар бойынша өз бетімен дербес

жұмысқа орналасу үшін (ғылыми кадрлар, жоғары оқу орындарының оқытушылары, IT мамандары, жекелеген мамандықтар және т.б.); 2010 - 2014 жылдарға арналған Индустрияландыру картасына және «Өнімділік 2020» Бағдарламасына енгізілген жобаларды іске асырушы ұйымдарға (рұқсат беру кезінде ерекше талаптар қойылмайды); басым бағыттағы жобалар бойынша белгіленген квота шеңберінде (кадрлардағы қазақстандық мазмұн бойынша шарттардан босатылған, сонымен бірге рұқсат беру кезінде ерекше талаптар қойылмайды); арнайы экономикалық аймақтардың қатысушыларына кадрлардағы қазақстандық мазмұн бойынша шарттардан босатылған, ішкі еңбек нарығында сәйкес келетін үміткерлерді іздеу рәсімі жойылды); этностық қазақтарды немесе бұрынғы отандастарды тартатын ұйымдарға (рұқсат беру кезінде ерекше талаптар қойылмайды, ішкі еңбек нарығындағы қажетті кандидатураларды іздестіру рәсімі алып тасталған) рұқсат етеді.

Бұдан басқа, Қағидалар рұқсат беру құжаттарын алудан мыналарды босатады: бизнес-иммигранттарды (кәсіпкерлікпен айналысу мақсатымен келген иммигранттар); «Еңбекші мигранттар және олардың отбасы мүшелерінің құқықтық мәртебесі туралы» келісімнің негізінде шетелдік қызметкерлерді (Ресей Федерациясының және Беларусь Республикасының азаматтарын); шетелдік заңды тұлғалар филиалдарының немесе өкілдіктерінің бірінші басшылары болып жұмыс істейтін шетелдік қызметкерлерді.

Сонымен қатар, шетелдік қызметкерлерді мекеме ішіндегі ауыстыру реттелген (бұрын қолданыстағы заңнамада мекеме ішіндегі ауыстыру мәселелері айтылмаған).

2012 жылғы 1 мамырға шетелдік жұмыс күшін тартқан жұмыс берушілердің саны 3032 бірлікті құрады. Осы кезде бұл ұйымдарда 401,1 мың қазақстандық азамат және 25,9 мың немесе 6,4 % шетелдік азаматтар жұмыс істеген. Ішкі еңбек нарығын қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі жыл сайын елімізге шетелдік жұмыс күшін тартуға квота белгілейді. 2012 жылға квота экономикалық тұрғыдан белсенді халықтың 1,0 % немесе 89,1 мың бірлікті құрайды.

Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясы (Жол картасы) Қазақстан Республикасының тұрғындарын жұмыс орындарымен қамтамасыз етудің тиімді шараларының бірі болып табылады. Оның мәні - дағдарыс жағдайында тұрғындарды қысқа мерзім кезеңінде жұмыспен қамту мәселелерін шешу бойынша шаралар қабылдау. Оны қаржыландыруға 2009 - 2010 жылдары 2,3 миллиард АҚШ доллары жұмсалып, шамамен 9 мың жоба іске асырылды, онда 400 мың жұмыс орны ашылды (2009 жылы - 258,6 мың, 2010 жылы - 132,0 мың). Сонымен бірге, мемлекет субсидия беретін уақытша жұмыс орындарына 200 мың адам орналастырылды, 150 мың азамат жаңа мамандықтарды игерді. Аталған шаралар жұмыссыздықтың өсуін тоқтатып қана қоймай, 2009 жылдың екінші тоқсанындағы 6,9 %-дан 2010 жылдың аяғына қарай бұл көрсеткішті 5,6 % дейін азайтуға мүмкіндік берді.

Бүгінгі күні еңбек нарығы келесі өлшемдермен бейнеленеді: экономикалық тұрғыдан белсенді халық саны 2008 жылдағы 8,4 миллион адамнан 2011 жылдағы 8,8



миллион адамға ұлғайды; жұмыспен қамтылған халық саны 7,9 миллион адамнан 8,3 миллион адамға дейін көбейді. Бұл ретте жеке меншік кәсіпорындардағы жұмыспен қамту басым. Жұмыссыздық деңгейі 2008 жылғы 6,6 %-дан 2011 жылғы 5,4 %-ға төмендеді. Тиісінше, жұмыссыздардың саны экономикалық тұрғыдан белсенді халық санының өсу шеңберінде 85 мың адамға азайды.

2011 жылы Қазақстанда қабылданған жаңа жұмыспен қамту бағдарламасы ел тұрғындарын өнімді еңбекке тарту міндетімен қатар еңбек нарығындағы іс жүзіндегі жағдайды ескере отырып, тұрғындардың жұмыспен қамтылуына ықпал етудің жаңа көзқарасын және тетіктерін көздейді. Мемлекеттік қолдау шараларының ауқымы өз бетінше еңбекпен қамтылған азаматтардың мәселелерін шенгу арқылы едәуір кеңейтілген. Басым мүмкіндіктер ауыл жастарына беріледі.

Аталған бағдарлама төрт бағыттан тұрады: оқыту және жұмысқа орналасуға жәрдемдесу; ауылда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу; еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру; ауылдық елді мекендерді дамыту. Сонымен бірге бағдарламаға қатысушылар үшін жұмыс берушілердің оқытуға байланысты шығындары жартылай өтеледі (70 % дейін). Мемлекеттің және бағдарламаға қатысушылардың міндеттемелері әлеуметтік келісімшартта бекітіледі.

Ауылдық жерлерде жалданбалы жұмыс орындарын құру мүмкіндігі шектеулі екенін ескере отырып, тұрғындардың экономикалық белсенділігін арттыру өз кәсібін ұйымдастыру арқылы көзделеді. Ауылдағы кәсіпкерлікке жәрдемдесу кәсіпкерлік негіздеріне үйрету; шағын несиелер беру; инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және орнықтыру арқылы жүзеге асырылады. Шағын несиелеу ауылдағы кәсіпкерлікті қолдаудың негізгі тетігі болып табылады. Шағын несие 5 жыл мерзімге 20 мың АҚШ долларына дейін беріледі, орташа сыйақы мөлшері - 6 % .

Табыс мөлшері төмен адамдар үшін осы шаралардың қолжетімдігін арттыру мақсатында, мемлекет көлемі 5-8 % төменгі сыйақысымен және кепілдіксіз несиелеудің қолайлы шарттарын көздеген.

Кәсіподақтар құру және оларға қосылу құқығы туралы.

Қазақстан ерікті түрде кәсіби одақтарды құруға және оларға кіруге кепілдік береді. Осы ережені Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 9 сәуірдегі «Кәсіби одақтар туралы» Заңы, Халықаралық еңбек ұйымының «Бірігу бостандығы және ұйымдастыру құқығын қорғау туралы» № 87 және «Ұжымдық келіссөздерді ұйымдастыру және жүргізу туралы» № 98 конвенциялары реттейді.

Кәсіби одақтарды құру және оларға кіру, жеке және ұжымдық шарттар жасасу құқығына нәсіліне, ұлтына, әлеуметтік, тілдік, таптық және басқа да ерекшелігіне карамастан Қазақстан Республикасының барлық азаматтары ие.

Мемлекеттік құрылымдар мен еңбеккерлердің қорғау саласындағы коммерциялық

емес ұйымдарының өзара белсенді іс-қимыл жасасуы үшін мемлекет тарапынан Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары басқаратын Әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық ұшжақты комиссия құрылған.

Қазақстан Республикасы кәсіподақтарының федерациясы ел жұмыскерлерінің ең ірі және өкілетті ұйымы болып табылады. Оның қатарында 2012 жылғы 1 қаңтарға 2 млн. 139 мың 683 кәсіподақ мүшелері бар. Кәсіподақ мүшелігімен қамту жалданбалы жұмысшылардың жалпы санынан (5 млн. 694 мың адам) 37,5 % құрайды. Кәсіподақ мүшелігімен қамту 2009 жылдың 1 қаңтарына 2 млн. 47 мың 185 адамды құрайды.

Қазақстан Республикасы кәсіподақтарының федерациясы 26 республикалық салалық кәсіподақты, 14 облыстық бірлестікті және Астана қаласының кәсіподақтарының кеңесін біріктіретін заңды тұлғалардың еркін бірлестігі түріндегі коммерциялық емес ұйым болып табылады. Қазақстан Республикасының кәсіподақтары федерациясының құрамына 180 облыстық (кәсіподақтар облыстық комитеттері) және оларға теңестірілген салалық кәсіподақтарың аумақтық ұйымдары, 18 521 бастауыш кәсіподақ ұйымдары кіреді.

Саны жағынан білім және ғылым қызметкерлерінің 814612 мүшені біріктіретін республикалық салалық кәсіподақтары ең ірі болып табылады, денсаулық сақтау - 279023; тау-кен өндірісі - 213086, теміржолшылар - 110 мың 163 кәсіподақ мүшесі.

Кәсіподақтар мүшелері үшін құқықтық кепілдіктерді қамтамасыз ету және олардың әлеуметтік-экономикалық, еңбек құқықтарын және мүдделерін қорғау мақсатында құрылған.

Адамның құқықтарын құрметтеу, қанағаттанарлық өмір және қолайлы еңбек жағдайларын қамтамасыз ету, жұмыспен қамту мүмкіндіктерін жақсарту, экономикалық тұрақтылықты арттыру - мұның барлығы кәсіподақтар барлық еңбеккерлер үшін қамтамасыз етуге тырысатын әлеуметтік әділеттіктің негізгі элементтері болып табылады. Өз мақсаттарына қол жеткізу үшін кәсіподақтар өз қызметінде келесі басымдықтарды іске асырады: азаматтардың ешқандай кемсітусіз еңбек ақысын алуға конституциялық құқығы; кедейшілікпен және қайыршылықпен күрес; шетелдік кәсіпорындарда Қазақстанның ұлттық заңнамасының бұзылуына жол бермеу, отандық жұмысшылар мен мамандарды қорғау; азаматтардың жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуына қатысты конституциялық құқығын қамтамасыз ету; әйелдердің мәселелеріне биліктің назарын күшейту, әйелдердің үкіметтік емес ұйымдарына және комиссияларға жан-жақты қолдау көрсету; заңнама нормалары негізінде жұмыс беруші мен қызметкер арасында әділ қатынастарды орнату; әділ зейнетақымен қамтамасыз ету үшін күрес.

Кәсіподақтардың маңызды функцияларының бірі - әлеуметтік әріптестікке, Әлеуметтік әріптестік, әлеуметтік-экономикалық және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық ұшжақты комиссияның жұмысына қатысуы болып табылады.

Кәсіподақтар рақымдық келіссөздер негізінде уәкілетті мемлекеттік органдармен және жұмыс берушілердің одақтарымен салалық (тарифтік) келісімдер жасайды. Барлық облыстық кәсіподақ бірлестіктері жергілікті атқарушы органдарымен және жұмыс берушілердің одақтарымен аймақтық келісімдер жасайды. Жалпы, республика бойынша 18 салалық (тарифтік) келісімдер (26 салалық кәсіподақтардан) және өңірлік деңгейде 14 келісімдер жасалған.

Елде 17 мың 409 ұжымдық шарттар жұмыс істейді, бұл кәсіподақтық ұйымдар жұмыс істейтін кәсіпорындар мен мекемелердің 95,4 %. Мәселен, салалық мүшелік ұйымдарда ұжымдық шарт жасасқан бастауыш ұйымдар санының өсуі байқалады. Егер олардың саны 2010 жылы 16884 құраса, 2011 жылы олар 516-ға (17410) көбейді. Ұжымдық шарттарды жасасуда ұйымдастыру белсенділігін салалық кәсіподақтар білдірді: Қазақстан ауыл шаруашылығы және өңдеу ұйымдарының қызметкерлері (2010 жылы - 1579, 2011 жылы - 1682), шағын және орта кәсіпкерлік ұйымдары (2010 жылы - 361, 2011 жылы - 402); Қазақстан Республикасының мәдениет, спорт және ақпарат (2010 жылы - 487, 2011 жылы - 597), Қазақстан Республикасының білім және ғылым қызметкерлері (2010 жылы - 9 387, 2011 жылы - 9588).

Ең төменгі және нақты еңбекақы көлемін ұлғайту, оның дер кезінде төленуі, еңбекақы төлеуде кемсітуге жол бермеу, бюджеттік сала қызметкерлеріне ақы төлеу жүйесін жетілдіру мәселелері кәсіподақтар қызметінде басымдылығын сақтап отыр. Кәсіподақтардың белсенді қызметінің арқасында бюджеттік сала қызметкерлерінің базалық еңбекақысы 25 % ұлғайды, егер ол 2010 жылы 13 мың 613 теңгені (91 АҚШ \$) құраса, 2011 жылы 17 мың 697 теңгені (118 АҚШ \$) құрады.

Кәсіподақтар Халықаралық еңбек ұйымының қолдауымен балалар еңбегінің ең ауыр түрлерін жою жұмыстарына қатысады. Қазіргі таңда үй ішінде балалар еңбегінің мәселелерін анықтау мақсатында кең көлемді зерттеу жүргізу үшін Іс-шаралар ж о с п а р ы ә з і р л е н у д е .

Кәсіподақтардың қатысуымен қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу мәселесі шешілді. «Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексіне өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы заңының қабылдануы осы жұмыстық нәтижесінде қабылданды және онда өндіріс кезінде және кәсіби аурулар салдарынан жоғалтқан еңбекақысына төленетін өтемақының көлемін ұлғайту көзделген.

Т ұ р ғ ы н ү й қ ұ қ ы ғ ы т у р а л ы

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңы, Азаматтық кодекстің нормалары және оған сәйкес қабылданатын басқа да заңнама Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй қатынастарын реттейді. Қазақстан Республикасында азаматтардың тұрғын үй құқығына кепілдік берілген. Заңда көрсетілген санаттарға, яғни тұрғын үйге мұқтаж азаматтарға мемлекеттік тұрғын үй қорынан заңда белгіленген нормаларға сәйкес қол жетімді бағаға сәйкес беріледі (

Қазақстан Республикасы Конституциясының 25-бабының 2-тармағы).

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңы (бұдан әрі - Заң) 71-бабының 1-тармағына сәйкес жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үй берілуге жататын азаматтарды есепке алу тұратын жері бойынша ауданның, облыстық маңыздағы қаланың, республикалық маңыздағы қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарымен жүргізіледі. Заңның 74-бабына сәйкес мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған коммуналдық тұрғын үй осындай тұрғын үйге мұқтаж азаматтарға қажетті құжаттарымен бірге өтініш берген күннен бастап тізіммен белгіленген кезек т ә р т і б і м е н б е р і л е д і .

Осы тізімдерге енгізілген азаматтардың құқықтары тең болып танылады. Мүгедектерді және Ұлы Отан соғысына қатысушыларды қоспағанда, ешкім нәсілдік, ұлттық, тілдік, таптық, рулық ерекшелігіне қарай, егер осы Заңда басқа жағдайлар ескерілмеген жағдайда, осындай тізімдерге енгізілген азаматтардың алдында мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған коммуналдық тұрғын үй алуға басым құқыққа ие емес.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы тұрғын үй құрылысын қолдау жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асырып, тұрғын үй коммуналдық саланы жаңғырту жұмыстарын жүргізуде, сондай-ақ тұрғын үй қатынастарының барынша тиімді моделін құру үшін қолайлы жағдайлар қамтамасыз етілуде. 2011 жылы барлық қаржыландыру көздерінен тұрғын үй құрылысына 417,1 млрд. теңге (2,78 млрд. АҚШ \$) немесе 2010 жылға қарағанда 119,2 % қаржы жұмсалған. 6,5 млн. шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді немесе алдыңғы жылға қарағанда 101,9 %. Пайдалануға берілген үйлердің жалпы көлемінде 55 % үйлер жеке тұрғын үй немесе 3,6 млн. шаршы метр, ол 2010 жылға қарағанда 13 % артық. Қазіргі таңда 2020 жылға дейін арналған «Қол жетімді тұрғын үй» бағдарламасының жобасы әзірленуде.

Денсаулық сақтауға, медициналық жәрдемге, әлеуметтік қамтамасыз етуге және әлеуметтік қызмет көрсетуге құқықтар туралы.

Қазақстан Республикасының азаматтары Нәсілдік, ұлттық немесе этностық ерекшелігіне қарамастан елдің заңнамасында белгіленген тәртіпте әлеуметтік қамтамасыз етуге және әлеуметтік қызметке құқығы бар.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 29-бабы азаматтардың денсаулық сақтауға, заңмен белгіленген кепілдендірілген медициналық көмектің көлемін тегін алуға құқылы, мемлекеттік және жеке меншік емдеу мекемелерінде, сондай-ақ, жеке медициналық практикамен айналысушы адамдардан ақылы медициналық жәрдем алу заңда белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша жүргізіледі.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің 87-бабына сәйкес мемлекет ел азаматтарына денсаулық

сақтау құқығына, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің көрсетілуіне, медициналық көмекке бірдей қол жеткізуіне, медициналық көмектің сапасына, дәрілі заттардың қолжетімділігіне, сапасына, тиімділігі мен қауіпсіздігіне, аурулардың профилактикасы, салауатты өмір салты мен дұрыс тамақтануды қалыптастыру жөніндегі іс-шаралардың жүргізілуіне кепілдік береді.

Мемлекеттік органдар медициналық қызмет көрсетуге қол жетімділікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесін, бастапқы, стационарлық және жедел медициналық-санитарлық көмекті көрсету ережелерін басшылыққа алады. 2011 жылы Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесі енгізілді, оның мақсаты медициналық көмектің қол жетімділігін қамтамасыз ету, атап айтқанда емделушіге медициналық қызмет көрсету кезінде медициналық ұйымды таңдау құқығын беру болып табылады.

Қазақстан Республикасының аумағында жүрген шетелдік азаматтарға медициналық көмек «Тұрғындардың денсаулығын сақтау саласындағы әріптестік туралы» келісімнің ережелеріне сәйкес көрсетіледі. Аталған келісімде ТМД мемлекеттерінің үкіметтері қатысушы мемлекеттердің азаматтарына өзара өтемақыны өтеусіз шұғыл және кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсету, денсаулық сақтау органдары мен мекемелерінің жолдамасы бойынша жіберуші тараптың нақты шығындарын өтеуімен немесе екі жақты шарттарда белгіленген жағдайда жоспарлы медициналық көмекті көрсету міндеттерін қуаттайды (3-бап).

2011 жылы ауырған жағдайда шетелдіктерге және азаматтығы жоқтарға Қазақстан Республикасының аумағына кіруге тыйым салынатын аурулар тізімі бекітілді. Бұл тізбеге келесі аурулар кіреді: нашақорлық, психикалық бұзылу (ауру), туберкулез, лепра, жыныс жолдарымен арқылы берілетін инфекциялар (мерез, мерез лимфогранулемасы, шанкроид), жіті инфекциялық аурулар (тыныс органдарының жіті вирустық инфекциясынан және тұмаудан басқа).

Сонымен қатар, 2011 жылы иммигранттарға медициналық көмек көрсету ережелері бекітілді. Бұл ережелер гуманитарлық және саяси себеппен, еңбек қызметін жүзеге асыру, білім алу, отбасыларының қосылуы мақсатында көшіп келген оралмандарға, азаматтығы жоқтарға, шетел азаматтарына қатысты қолданылады және оларға медициналық көмек көрсету тәртібін белгілейді.

Медициналық қызметке тең қол жетімділікті қамтамасыз ету - Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011 - 2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы мен Қазақстан Республикасында онкологиялық көмекті дамытудың 2012 - 2016 жылдарға арналған бағдарламасының міндеттерінің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 28-бабына сәйкес ел азаматтарына жасына келген, науқастанған, мүгедек болған, асыраушысынан айырылған жағдайда және өзге де заңды негіздерде оған ең төменгі жалақы мен зейнетақының мөлшерінде

әлеуметтік қамсыздандырылуына кепілдік беріледі. Бұл құқық барлығына бірдей, яғни нәсіліне, ұлтына немесе этностық шығу тегі есепке алынбайды.

Қазақстанда мемлекеттің әлеуметтік қамқорлығында (2012 жылғы 1 маусымға) 468,3 мың мүгедек, асыраушысынан айырылған 200 мың адам, егде жастағы 21,3 мың адам бар. Оларға қатысты мемлекеттік саясаттың жалпы бағыты мемлекеттің нақты мүмкіндіктеріне сәйкес базалық әлеуметтік жәрдемақыларды ұлғайту болып табылады. 2012 жылғы 1 қаңтардан мемлекеттік жәрдемақылардың көлемі орта есеппен 7 % ұ л ғ а й д ы .

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес азаматтар келесі әлеуметтік тәуекелдер болған жағдайда әлеуметтік төлемдер алуға құқылы: еңбек қабілеттілігін жоғалту, асыраушысынан айырылу, жұмысынан айырылу, жүктілігіне және бала тууына байланысты табыс көзінен айырылу, бала асырап алу және бір жасқа дейінгі бала күтіміне байланысты табыс көзінен айырылу. Міндетті әлеуметтік сақтандыруға қатысушылардың саны 6 млн. адамнан асады (2005 жылы 3,9 млн. адам). Барлық жалданбалы қызметкерлер және өз бетімен еңбекпен айналысатын адамдардың 23 % сақтандырумен қамтыған. 2012 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша міндетті әлеуметтік сақтандырудың жүйесін қолданысқа енгізуден бастап әлеуметтік төлемдердің жалпы сомасы 232,9 млрд. теңгені құрады (1,55 млн. АҚШ \$), бұл ретте 2012 жылғы мамырда 951,7 млн. теңге (46,3 млн. АҚШ \$) әлеуметтік төлемдер жүзеге асырылды, алушылар саны 219 мың 164 адам құрады.

2008 жылғы желтоқсанда «Арнайы әлеуметтік қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Қазіргі таңда әлеуметтік қызмет көрсету жүйесінде реформалар жүргізілуде. 2009 - 2011 жылдары республикалық бюджеттен реформаның 1 кезеңін іске асыруға жұмсалған қаражат көлемі 16 млрд. теңгеден асты (106 млн. АҚШ \$). 2012 жылы республикалық бюджеттен 2,2 млрд. теңге (14,66 млн. АҚШ \$) 38 мың адамды қамтитын арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету стандарттарын енгізу; 790 адамды қамтитын күндізгі бөлімшелерді ашу мақсаттарына к ө з д е л г е н .

Жыл басындағы жағдай бойынша әлеуметтік қызмет көрсету жүйесімен 103 стационарлық түрдегі медициналық-санитарлық мекемелердегі 20 мыңнан аса егде адамдар мен мүгедектер, оның ішінде мүгедек балалар (50 - егде жастағы адамдар мен мүгедектерге арналған интернат-үйлер, 32 - психоневрологиялық интернат-үйлер, 4 - тірек-қозғалыс аппаратының ақауы бар мүгедек балалар үшін интернат-үйлер, 17 - балалар психоневрология интернат-үйлері) қамтылған.

2012 жылғы қаңтардан бастап Астана және Алматы қалаларында, Шығыс Қазақстан және Қостанай облыстарында тұрақты баспанасы жоқ адамдарға арнайы әлеуметтік қызметтерді көрсету стандарты енгізіле бастады. Республикалық бюджеттен бөлінген қаржы көлемі 155,6 мың теңгені (1,037 млн. АҚШ \$) құрап, тұрақты мекенжайы жоқ 4 мың адам осындай қызметпен қамтылды.

Мүгедектердің құқықтарының сақталуы үшін және оларды қоғамға кіріктіру үшін жергілікті атқарушы органдармен шамамен мүмкіндігі шектеулі 88 мың адам немесе мұқтаж адамдардың 93 % жеке оңалту бағдарламаларына сәйкес протездік-ортопедиялық, есту протездерімен, мүгедек арбаларымен, сурдо- және тифло-құралдармен, санаторлық-курорттық емдеумен, ыммен сөйлесу мамандарымен және жеке көмекшілермен қамтылды.

Мүгедектерді қолдау, олардың еңбекке құқығын қамтамасыз ету, мүгедектерді еңбек нарығында жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында 2011 жылғы 31 қаңтарда «Мүгедектердің қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдарда мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасының қаулысы бекітілді. Бұл қаулы жұмысқа қабілетті мүгедектердің жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету үшін мүгедектердің қоғамдық бірлестіктері құрған, тауар өндіретін, жұмыстарды орындайтын, қызмет көрсететін ұйымдарды қолдайды.

Республика бойынша жүргізілген нысандарды инвентаризациялау мониторингі көрсеткендей, 2012 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша мүгедектер үшін 11,4 мың (32 %) кіреберіс жолдары, панду стар, мүгедек арбалары үшін құрылғылар қол жетімді болған, жаяу жүргіншілердің 485 жолдары (10 %) дыбыс және жарық құрылғыларымен жабдықталған, мүгедектерге қызмет көрсету үшін 879 (6 %) арнайы автобустар қол жетімді болған, жүріп-тұруға қиналатын мүгедектерді жалпы жұрт пайдаланатын көлікке отырғызу үшін 3,7 мың (30 %) жаяу жүргінші аялдамалары жабдықталды, өңірлерде 132 мүгедектік такси қызмет етеді.

Білім алуға және кәсіби дайындыққа құқық туралы.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 30-бабына сәйкес азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуына кепілдік беріледі. Орта білім алу міндетті. Сонымен қатар, азаматтардың мемлекеттік жоғары оқу орнында конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқығы бар. Ақылы білім алу заңда белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңдарына сәйкес мемлекет Қазақстанның көпұлтты халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды. Әрбір ұлттық топ ұлттық тілдерін, мәдениетін, салт-дәстүрлерін жаңғырту және дамыту үшін ұлттық-мәдени орталықтарды, жексенбілік мектептерді құруға құқылы.

2010 - 2011 жылдары республикамыздың 108 жалпы білім беру мектептерінде 13133 оқушы жеке пән ретінде 16 ана тілін оқиды, оның ішінде: неміс, поляк, кәріс, дұнған, курд, түрік, татар, әзірбайжан, ұйғыр, шешен, грек, армян, иврит, лезгин, украин, белорус тілдері.

Этностық топтардың шағын орналасқан жерлерінде негізгі түрдегі мектептермен қатар мемлекеттік және ана тілін, ұлттық мәдениетті, салт-дәстүрлерді үйрену үшін ұлттық-мәдени орталықтар жанынан жексенбілік мектептер немесе тіл курстары

ашылған. Республикамызда 3956 бала мен жасөспірім оқитын 81 жексенбілік мектеп жұмыс істейді. Аталған мектептерде оқушылар факультативті түрде немесе үйірмелерде 16 ұлттың дәстүрлерін, салттары мен тілдерін үйренеді. Олардың ішінде: неміс, кәріс, татар, поляк, украин, армян, грек, әзірбайжан, шешен, ингуш, белорус, чуваш, болгар, башқорт, тәжік, чех тілдері бар.

Қазіргі таңда Қазақстанда өзбек тілінде оқытатын 58 мектепте және аралас тілде оқытатын 83 мектепте 78921 бала өзбек тілінде оқиды. Ұйғыр тіліндегі 14 мектепте және аралас тілдегі 49 мектепте 14 424 адам ұйғыр тілінде оқиды. 2 мектепте тәжік тілінде және 10 мектепте аралас тілдерде 3 615 бала тәжік тілінде білім алады (15-қ о с ы м ш а ) .

Сонымен бірге, меншік нысанына қарамастан Қазақстан Республикасының аумағындағы барлық оқу орындары жалпыға бірдей мемлекеттік стандартқа сәйкес білім алудың әрбір деңгейінде қазақ, орыс және бір шет тілін оқып үйренуге жағдай жасап отыр. Республика мектептерінде балалар қазақ, орыс, ана тілінде адамның мол адамгершілік қасиетін, достықты және халықтар арасындағы құрметті дәріптейтін әлемдік классикалық және қазіргі заманғы әдебиет туындыларын оқиды. Бұл гуманизм және демократиялық құндылықтар идеяларын, елімізде тұратын түрлі ұлт өкілдері арасындағы түсіністік пен достастықты, қазақстандық патриотизмді, азаматтық сананы, төзімділік пен адамгершілікті бойына сіңіруге жағдай жасайды.

Республикада жыл сайын ұйғыр тілі мен әдебиетінен, өзбек тілі мен әдебиетінен олимпиадалар өткізіліп тұрады. Аталған мектептердің оқушылары республикалық «Ақбота» математикалық конкурсына, халықаралық «Кенгуру» және республикалық ғылыми сайыстарға белсене қатысады.

Қазақстан Республикасындағы жалпы білім беретін мектептер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді дайындау және басып шығарудың мақсатты бағдарламасына сәйкес қазақ, орыс, өзбек және ұйғыр тілдеріндегі отандық оқулықтар әзірленіп, кезең-кезеңімен енгізілді. Өзбек тілінде оқытатын мектеп оқушылары жергілікті бюджет есебінен 88,7% оқулықтармен қамтамасыз етілді, 99 % ұйғыр тілінде оқытатын мектептер, 87,9 % тәжік тілінде оқытатын мектептер. Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 173 қаулысына сәйкес тұрмысы төмен отбасыларынан шыққан балалар Нәсілдік, ұлттық және этностық ерекшелігіне қарамастан 98 % тегін оқулықтармен қамтамасыз етілген. Қазақстанда 2005 жылы тәжік тілінде жергілікті бюджет есебінен таралымы 2000 данамен «Жазушы» баспасынан 1 сынып оқулықтары әзірленіп, жарыққа шықты: «Алифбе» және «Забони модарй» (әдеби оқулық). Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында 2015 жылға дейін барлық оқушыларды жергілікті бюджет есебінен оқулықтарды жыл сайын 100 % сатып алу кезеңімен тегін оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету көзделген.

Жыл сайын жалпы білім беретін мектептердің материалдық-техникалық базасы



жақсартылуда. Жергілікті бюджет есебінен олар соңғы үлгідегі компьютерлермен және интерактивті тақталармен жабдықталуда. Мектептердің барлығына телефон жүргізіліп, Интернет желісіне қосылған. Білім беру саласын қаржыландыру көлемі тұрақты өсуде: 2009 жылға қарағанда 2010 жылы ол 9,7 % өсті.

Өзбек, ұйғыр және тәжік тілінде оқытатын мектеп бітірушілеріне жоғары және кәсіби білім алуды қолжетімді ету мемлекеттің осы саладағы негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Атап айтқанда, Ұлттық бірыңғай тестілеу (бұдан әрі - ҰБТ) және талапкерлерді кешенді тестілеу (бұдан әрі - ТКТ) қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі. Этностық топтар тілдерінде оқытатын мектеп оқушылары мектепті бітіру емтихандарын ана тілінде тапсырады. 2007 жылдан бастап өзбек, ұйғыр және тәжік тілінде оқытатын мектеп бітірушілері өз еркімен қазақ және орыс тілдерінде тапсырылған ҰБТ-ға қатысты. 2009 жылы аталған норма ресми түрде бекітіліп, олар ҰБТ не мектеп бітіру емтиханын өз еркімен таңдайды.

Жоғары оқу орындарына түсу үшін мектеп бітірушілері этностық топтар тілдерінде талапкерлерді кешенді тестілеуден өтеді және оның нәтижесімен мемлекеттік білім беру гранттарына ие болу конкурстарына қатысады. Саны аз ұлттардың мәселелері жөніндегі ЕҚЫҰ жоғары комиссарының қолдауымен біздің республикада «Өзбек тілінде оқытатын мектеп бітірушілерін Қазақстан Республикасының жалпы білім беру және ақпарат кеңістігіне кіріктіру» пилоттық жобасы іске асырылуда. Жобаның қорытындылары бойынша эксперименттік мектеп бітірушілері мемлекеттік грант иегерлері атанып, Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында тегін білім а л у д а .

Этностық топтардың тілдерінде білім беретін мектептерде тілдік пәндерден басқа негізгі пәндер екі тілде яғни билингвалық негізде оқытылады: оқушының қалауы бойынша ана тілінде және қазақ тілінде немесе ана тілінде және орыс тілінде. Көптілдік және билингвалық оқыту негізінде жүргізілетін оқу-тәрбие процесінің нәтижелеріне жүргізілген сандық және сапалық талдау аталған инновациялық әдістердің тиімділігін көрсетіп отыр. Мұндай тәжірибені қолдану көп жағдайда өзбек, ұйғыр және тәжік тілінде оқытатын мектептердің бітірушілеріне техникалық және кәсіби, сондай-ақ жоғары білімге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Ю. Сареми атындағы № 1 көпсалалы мектеп-гимназияда 2004 жылы 181 мектеп бітірушісінің ішінен 13 адам (7,2 %) жоғары оқу орындарына грант бойынша түссе, 2010 жылы 121 мектеп бітірушісінен 106 адам (87,6 %) жоғары оқу орындарына түскен, олардың ішінде 76, яғни 62,8 % мемлекеттік білім беру грантының иегерлері атанған.

Қазақстанда мемлекеттік тілді үйреніп, қоғамдық және кәсіби өмірде тең мүмкіндікке ие болу үшін этностық топтардың өкілдеріне жағдай жасалған. Қазақстанның барлық өңірлерінде 33 жоғары оқу орындарының базасында Қазақ тілін үйрену орталықтары жұмыс істейді. Аталған орталықтар мемлекеттік тілді үйренемін немесе қазақ тілін білу деңгейін арттырамын деушілерге оқу қызметтерін ұсынады.

Этностық топтардың одан әрі қоғамға кірігуі үшін мемлекеттік тілді оқып үйренуіне жасалатын жағдайлардың сапасын арттыру мақсатында орыс, өзбек, ұйғыр және тәжік тілдерінде оқытатын мектептердің 1-11 сыныптарында қазақ тіліне бөлінген сағат саны ұлғайтылды. Ол аптасына 2 сағат әрбір сыныпта оқытылады. Тілдерді меңгерудің еуропалық стандартына сәйкес тілдерді меңгерудің (қазақ тілі - мемлекеттік тіл ретінде, орыс тілі және ағылшын тілі) деңгейлік оқу бағдарламалары әзірленіп, бекітілген. Бұл бағдарламаның тұжырымдамалық негізі - Еуропа кеңесі әзірлеген «шет тілін игерудің жалпыеуропалық құзыреттері: оқу, оқыту, бағалау» атты құжат. 2010 - 2011 оқу жылынан оқу процесіне қазақ тілінде оқытылмайтын мектептердің 1-11 сыныптары үшін қазақ тілінің деңгейлік бағдарламалары енгізілген.

2010 жылы аталған мектептердің 7175 бітірушілерінің 543 адамы ҰБТ-ға қатысып, 1278 - КТА-ға, 73 - «Алтын белгімен», 183 - үздік аяқтаған. Жоғары оқу орындарына түскендердің саны - 1263, соның ішінде оқу гранттарын жеңіп алғаны - 806.

Барлық ұлттар өкілдері техникалық және кәсіптік, жоғары оқу орындарында білім алуда. Жоғары оқу орындарының студенттері қатарында 86 этностың өкілдері бар, олар студенттердің жалпы контингентінің 7,8 % құрайды (610,2 мың адам). Этностық топтардың өкілдері Қазақстанның жоғары оқу орындарында өздері таңдаған мамандықтары және тілдері бойынша білім алады. Жыл сайын «Шетел филологиясы: өзбек тілі» мамандығына 5 білім гранты бөлінеді, «Шетел филологиясы: кәріс тілі» - 10, «Шетел филологиясы: ұйғыр тілі» - 5, «Шетел филологиясы: поляк тілі» - 5 гранттар бөлінген, ол «Шетел филологиясы» мамандығы бойынша бөлінген гранттардың 20 % құрайды.

Этностық топтардың тілдерінде оқытатын мектептер үшін кадрлар даярлауды Жаркент педагогикалық колледжі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Абылай хан атындағы Халықаралық және әлемдік тілдер қазақ университеті, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті жүзеге асырады.

Жыл сайын ұйғыр тілінде оқытатын мектептердің бес бітірушісіне, республикалық олимпиадалардың жүлдегерлеріне және «Алтын белгі» (оқу үздігі) иегерлеріне Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің ұйғыр тілі мен әдебиеті факультетінде оқу үшін гранттар бөлінеді. Қазіргі таңда аталған мектептерде 8 772 мұғалім жұмыс істейді, олардың 83,2 % жоғары, 16,3 % орта кәсіби, 0,4 % - аяқталмаған жоғары, ал 0,02 % - жалпы орта білімі бар.

Этностық топтардың тілдерінде оқытатын мектептерде жұмыс істейтін мұғалімдердің біліктілігін арттырудың негізгі оқу орындары барлық облыстарда жұмыс істейтін педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру институттары мен олардың жанындағы біліктілігін арттыру орталықтары болып табылады. Біліктілікті арттыру институттары Қазақстан халқы Ассамблеясымен, мәдени орталықтармен тығыз

байланыс жасайды. Тіл мамандары Өзбекстаннан, Тәжікстаннан, Германиядан және т.б. мемлекеттерден шақырылады. Өзбек тілінде оқытатын мектеп мұғалімдері ана тілі мен әдебиеті бойынша Өзбекстанда болатын түрлі форумдарға қатысып тұрады. Билингвалық оқыту және ана тілі болып табылмайтын тілдер мұғалімдерінің тәжірибесін зерттеу бойынша өзбек және тәжік тілінде оқытатын мектеп мұғалімдерін Латвия және Қырғызстанға танысу сапарлары ұйымдастырылды.

Республика өңірлері үшін бірыңғай ақпараттық-білім ортасын құру сондай-ақ «онлайн» режимде оқыту тәжірибесін дамыту үшін интернетте оқыту жүйесі енгізілді. 2007 жылғы қыркүйек айынан бастап апта сайын көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, белгілі ғалымдардың, жазушылардың, журналистердің, сондай-ақ пәндер бойынша жаңашыл мұғалімдердің қатысуымен интерактивті сабақтар өткізілуде.

Мәдени өмірге тең қатысу құқығы туралы

Қазақстан Республикасының азаматтары нәсіліне, ұлтына, этностық, тілдік, таптық, рулық, әлеуметтік ерекшелігіне қарамастан еліміздің мәдени өміріне тең қатысуға құқығы бар.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік театрлардың ішінде қазақ тіліндегі және екі аралас театрмен қатар 14 орыс театры және неміс, кәріс, ұйғыр, өзбек театры жұмыс істейді. Олардың үшеуі ТМД аумағында бірегей болып табылады. Аталған театрларда этностық топтар тіліндегі қазіргі заманғы қойылымдардан басқа Қазақстан Республикасын мекендейтін ұлттардың классикалық және дәстүрлі туындыларының қойылымдары әзірленуде.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасында тарихи-этнографиялық мұражайлар жұмыс істейді. Онда қазіргі Қазақстанда тұратын түрлі этностардың өмір тарихы жайлы мағлұмат беретін бірегей экспонаттар жинақталған.

Еліміздің аумағында 40 республикалық және 8 мыңнан астам облыстық мәдени ұйымдары жұмыс істейді. 18 жаңа театр, 874 кітапхана, 222 мұражай, 1,5 мың мәдениет үйлері құрылды. «Мәдени мұра» ұлттық стратегиялық жоба шеңберінде таралымы 1,5 млн. дананы құрайтын 600 кітап шығарылды. Олар тарих, археология, этнография және Қазақстан халықтарының мәдениетіне қатысты, соның ішінде «Әлемдік әдебиет кітапханасы», «Әлемдік мәдениеттану», «Әлемдік философиялық мұра» кітаптары бар. Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясында ұлттық мәдениет мұрасы туралы 20-дан астам деректі фильмдер түсірілді. Жыл сайын елімізде тарихи-мәдени мұраны дәріптеуге бағытталған 200-ден астам іс-шаралар өткізіледі.

Қазақстан Республикасында 87 этнолингвистикалық орталықтар жұмыс жасауда. Онда 4304 бала мен жасөспірім аймақтарда шағын тұратын 16 этностың дәстүрлерін, салттары мен тілдерін үйренуде. Олар қажетті оқу-әдістемелік, тарихи әдебиетпен және лингафондық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Оның барлығы өз ұлтының мәдениетімен, дәстүрлерімен танысып, мерекелерге, этностың мәдениет күндеріне

қатысуға, оның әдебиетін, тарихын, музыкасын, бейнелеу өнерін зерттеуге мүмкіндік б е р е д і .

5-баптың «Кез келген орынға немесе қоғамдық пайдалануға арналған қызмет көрсетудің кез келген түріне: көлік, мейманханалар, мейрамханалар, кафелер, театрлар және парктерге қол жетімділік құқығы туралы» f) тармағына қатысты.

Қазақстан Республикасы қоғамдық пайдалануға арналған кез келген орынға немесе кез келген қызмет түріне қол жетімділікке кепілдік береді. Қазақстан Республикасы Конституциясының 21-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы аумағында заңды түрде жүрген әрбір адам, заңда көрсетілгеннен басқа реттерде, оның аумағында еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты мекенді өз қалауынша таңдап алуға қ ұ қ ы ғ ы б а р .

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде ұлтаралық араздықты қоздыруға, сондай-ақ жынысы, нәсілі, тілі, әлеуметтік, ұлттық, таптық, рулық және басқа да ерекшеліктері бойынша кемсітуге бағытталған іс-әрекеттер үшін қылмыстық жауапкершілік көзделген.

Конвенцияның 6-бабын іске асыру бойынша мемлекеттік органдардың заңнамалық, институционалдық және басқа да шараларды қабылдауы туралы.

Ақпарат осы этностық араздықты тудыру үшін қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікке қатысты 2-тарауда келтірілген.

Конвенцияның 7-бабын іске асыру бойынша мемлекеттік органдардың заңнамалық, институционалдық және басқа да шаралар қабылдауы туралы.

Мемлекет дінаралық, этносаралық және мәдениетаралық диалогты дамыту, ұлттық заңнаманы жетілдіру, саны аз ұлттардың құқықтарын қорғау үшін жағдайлар мен тетіктер жасау, сондай-ақ Конвенцияның негізгі баптарын іске асыру мақсатында тұрақты негізде жұмыс жүргізуде.

2011 - 2014 жылдарға арналған Қазақстанның ел бірлігі доктринасының (бұдан әрі - Доктрина) ережелерін іске асыру мақсатында іс-шаралар жоспары қабылданған. Доктринаны іске асыру жөніндегі шаралар 2011 - 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспарларына енгізілген.

Мемлекеттік этносаясатты ғылыми - талдау тұрғыдан қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының жанынан Этносаралық және конфессияаралық қатынастар жөніндегі орталық ашылды. Онда доктрина тақырыбына қатысты мемлекеттік қызметшілер, этномәдени орталықтардың жетекшілері, ғылыми -сараптамалық топтар үшін 3 дөңгелек үстел, 1 аймақтық және 2 республикалық оқыту семинарлары өткізілді.

Мемлекеттің қолдауымен жоғары оқу орындары «Этносаралық қарым-қатынастардың қалыптасу тарихы», «Қазақстандағы және қазіргі әлемдегі ұлттық және ұлтаралық қатынастар», «Диаспорология», «Депортацияланған халықтар тарихы» атты элективтік курстар әзірледі, жоғары оқу орындары үшін елдің

этносаралық әр-алуандығының тарихи тамыры көрсетілген «Қазақстан тарихы» оқулығы шығарылды. Сонымен бірге, мемлекеттік қызметшілер мен этномәдени бірлестіктердің жетекшілері үшін «Мемлекеттік этносаясат: жаңа трендтер» әдістемелік нұсқаулығы шығарылды.

Өңірлерде ғылыми-сараптау топтарының мүшелері келесі жобаларды іске асырды: «Толеранттық мектебі» (Шығыс Қазақстан облысы); «Тұрғындар арасында төзімді сана және ұлттық бірлік сананы қалыптастыру жөніндегі аймақтық бағдарлама» (Ақмола облысы). «ҚарЛаг тарихы» көптомдық тарихи туынды және «Қарағанды облысындағы жапон әскери тұтқындары» ғылыми-зерттеу жұмысы («Болашақ» университеті); «Қазақтардың тәрбие туралы ұлттық мұрасы» (М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті), үш тілде «Қазақстан бірлігінің ұлттық доктринасы бойынша анықтамалық түсініктеме» («Еуразия-Даналық» гуманитарлық зерттеулер қоры, Ақмола облысы) жарық көрді.

Этносаралық және конфессияаралық қатынастарда теріс үрдістердің алдын алдын алу мақсатында этносаралық және конфессияаралық жағдайларға тұрақты мониторинг жүргізілуде. Этностық шиеленіске ойысуы мүмкін әлеуметтік-тұрмыстық және криминалды жағдайлар анықталып, шешілген. Есепті мерзімде республикалық және аймақтық деңгейде бұқаралық ақпарат құралдарында заңнама талаптары, этикалық нормалар және қағидалар сақтала отырып, этносаралық және конфессияаралық қатынастар жайлы материалдар жарық көрді. Этносаралық қатынастарды ақпараттық сүйемелдеу мәдениетін қалыптастыру мәселелері этносаралық қатынастар мәселелері жөніндегі жетекші журналистер мен сарапшылар клубында талқыланып, оның шеңберінде ұлттық бұқаралық ақпарат құралдары үшін газеттердің интернет баламалары, блогтарды тиімді жүргізу бойынша мастер-класс өтті.

2009 - 2012 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы адам құқықтары саласындағы ұлттық іс-қимыл жоспарының іске асуы жалғасты, 2011 жылы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың көші-қоны мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі Заңы қолданысқа енгізілді, ол аталған саладағы қоғамдық қатынастарды реттейді, көші-қон процестерінің құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін анықтайды. «Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 17 ақпандағы Заңы қабылданды. Оның міндетіне - қоғамдық келісім мен экономикалық дамуды, лайықты еңбекті заңнамалық жағынан қамтамасыз етуге бағытталған демократиялық, құқықтық және әлеуметтік тетіктерді дамыту мақсатында еңбек қатынастарының құқықтық реттеуді жетілдіру кіреді.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Тілдерді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде 2011 - 2013 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын әзірледі. Мемлекеттік тілге үйретудің

инфрақұрылымы кеңейді: қазақ тілді балабақшалардың саны - 1418, мектептер - 3830 немесе жалпы білім беретін мектептердің шамамен 50 %, 132 тілдерді оқыту жөніндегі орталық құрылды, онда 2011 жылы 563 топта 22 654 адам оқып шықты, оның ішінде 11271 адам - түрлі этнос өкілдері. Орталық атқарушы органдарда 350 топта 10 383 адам, оның ішінде 555 - түрлі этнос өкілдері.

Жоғары оқу орындарында мынадай іс-шаралар өткізілді: «Жастар ұлттық бірлік пен төзімділік үшін» (2011 жыл); «Этностық, діни және ұлттық бірлік проблемалары» (2011 жыл); «Жастар - этносаралық қатынастарды бейбіт жолмен дамытудың қорғаушылары» (2011 жыл); «Біздің бірлігіміз мықты» (2011 жыл). «Төзімділік негіздері» факультативтік курсы негізінде жоғары оқу орындары үшін типтік бағдарламалар әзірленді және 2011-2012 оқу жылында таңдау бойынша компонент ретінде енгізілді. Толеранттық негіздерін қалыптастыру орта білім жүйесінде «Қоғамтану», «Ана тілі», «Қазақстан тарихы», «Адам және қоғам» пәндерінің негізінде енгізілуде. Көпмәдениеттілік бағдарламалары орта және қосымша білім беру мекемелерінде енгізілген.

Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенцияны Қазақстан Республикасының орындауы туралы алтыншы және жетінші жиынтық мерзімді баяндамаға 1-қосымша

Нәсілдік кемсітушілікті жою туралы жөніндегі комитеттің түсініктемелері мен ұсынымдары туралы ақпарат

Комитет қатысушы мемлекетке этносаралық шиеленістің түпкі себептерін жою үшін барлық, атап айтқанда, тұрғындардың барлық топтарын одан әрі ықпалдастыру, ауылдық аудандарды одан әрі дамыту, жұмыссыздықты қысқарту және жер бөлу мәселесінде көбірек теңдікті қамтамасыз ету жолымен, қажетті шараларды қабылдауды ұсынады. Сонымен бірге, Комитет қатысушы мемлекетке этносаралық жанжалдарды ертерек анықтау және болдырмау жүйесін, атап айтқанда этностық топтар арасындағы қатынастарға тиімді мониторинг жүргізу тетігін пайдалану және өзара түсіністік пен бейкемсітушілік рухында тұрғындарды ағарту бойынша шаралар қабылдау арқылы нығайтуды және осы шаралардың қорытындылары туралы Комитетке келесі мерзімді баяндамада хабарлауды ұсынады.

Елдегі этносаралық тұрақтылықты сақтау үшін әлеуметтік-экономикалық факторлардың шешуші рөлін түсіне отырып, мемлекет өмір сүру деңгейіндегі ауытқушылықтарды және тұрғындардың әртүрлі топтарының әлеуметтік қорғалуын теңестіруге бағытталған жүйелі жұмысты жүргізуде. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі басты мақсаты тұрақты және өнімді жұмыспен қамту арқылы тұрғындардың табыстарын арттыру болып табылатын

жұмыспен қамту бағдарламасын әзірлеуде.

Жұмыссыздықты қысқарту және тұрғындардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесу саласындағы жағдай туралы егжей-тегжейлі ақпарат «Еңбек құқығы» тарауында б а я н д а л ғ а н .

Тұрғындардың экономикалық белсенділігінің артуы 2020 жылға дейін жұмыссыздың деңгейінің 5 %-ға дейін төмендеуін қамтамасыз етеді. Күнкөріс деңгейінен төмен орта табысы бар адамдардың үлесі 8,2 %-дан (2010 ж.), 6 %-ға (2020 ж . ) д е й і н а з а я д ы .

Тұрмысы осал отбасылардың әлеуметтік деңгейін арттыру мақсатында 18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар, атаулы әлеуметтік көмек және тұрғын үй к ө м е г і т ө л е н у д е .

Тұрмысы төмен отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін бірқатар шаралар қабылдануда. Мемлекет әлеуметтік қорғалуға жататын тұрмысы осал және тұрғын үйге мұқтаж тұрғындарға тұрғын үйді пайдалануға береді. Әлеуметтік жағынан қорғалатын мұқтаж топтарға келесілер жатады:

Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушылары және оларға теңестірілгендер ; 1- және 2-топ мүгедектері; мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар; жасына байланысты зейнеткерлер; жетім балалар мен ата-анасының қарауынсыз қалған балалар; этностық репатрианттар (оралмандар) және көпбалалы о т б а с ы л а р ( 1 7 қ о с ы м ш а ) .

Сонымен бірге, интернаттық мекемелерде 15 мыңнан астам жетім балалар мен ата-анасының қарауынсыз қалған балалар тәрбиеленуде. Кәмелет жасына жеткенге дейін олардың атындағы тұрғын үй сақталады. Балалар үйлерінің тәрбиеленушілері үшін жалдамалы және әлеуметтік тұрғын үй беру тәжірибесі енгізілген.

2009 жылғы шілдеде «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына түзетулер енгізіліп, ата-анасының қарауынсыз қалған балалардың мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алу құқықтары бекітілді. Осы құқыққа ие балалардың және жетім балалардың жасы 23-ке дейін көбейді. 2009 жылы балалар үйінің 111 бітірушісіне 2008 жылға қарағанда (22 пәтер) бес есе артық пәтер б е р і л д і .

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылға арналған заң жобалау жұмыстарының жоспарына сәйкес «Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғын үйге құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Парламент қ а р а у ы н а е н г і з і л д і .

2008 жылы Ішкі істер министрлігінің Қазақстан халқы Ассамблеясының Хатшылығымен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету мақсатында 2008 - 2009 жылдарға арналған этносаралық қатынастар саласындағы әріптестікті нығайту жөніндегі

Іс-шаралар жоспарына қол қойылған болатын. Онда этносаралық мәселелер бойынша ішкі істер органдарын кәсіби тұрғыдан даярлау жүйесінде дәрістер өткізу, өзара әріптестік шараларын әзірлеу үшін Қазақстан халқы Ассамблеясы өңірлік құрылымдарының ішкі істер бөлімімен кеңестер өткізуі көзделген. Этномәдени орталықтар мен ішкі істер органдары өкілдерінің этностардың шағын топтасып тұратын жерлеріне бірлесіп баруы ұйымдастырылды, жанжалдық жағдайларды алдын ала анықтау бойынша бірлескен мониторинг жүргізілуде.

2012 жылғы сәуірде 2012 — 2013 жылдарға арналған этносаралық қатынастар саласындағы өзара іс-қимылды нығайту жөніндегі Қазақстан Халқы Ассамблеясы мен Ішкі істер министрлігінің арасындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.

Аталған Келісім нәсілдік, этностық және діни ерекшелігіне қарамастан азаматтардың тең құқығын, адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғауды, этносаралық қатынастарды саясаттандыруға жол бермеуді қамтамасыз ететін заңнамалық нормалардың одан әрі іске асырылуын көздейді. Алдын алу тетіктері мен шараларының ішінде Келісімде тұрғындардың этносаралық қатынастар саласындағы саяси-құқықтық мәдениетін арттыру, ксенофобияға, экстремизмге және ұлтшылдыққа нөлдік толеранттықты қалыптастыру көзделген. Қылмысқа, нашақорлыққа, ішімдікке, балалар және жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтардың таралауына қарсы күрес бойынша Ішкі істер министрлігімен бірлескен жұмыс көзделген. Этностық топтардың шағын тұратын жерлерінде полиция қызметкерлері үшін семинар-тренингтер өткізу, полиция кадрларын көпэтностық қоғам жағдайында жұмыс әдістеріне үйрету, тілдік дайындық, ақпараттық-ағартушылық жұмыстарды жүргізу ж о с п а р л а н ғ а н .

Ішкі істер министрлігінің жеке құрамын көпэтностық қоғамда іс-қимыл жүргізуге әдістемелік дайындықтан өткізуге негізгі басымдық берілген.

Қазіргі таңда тұрақты түрде Қазақстан халқы Ассамблеясының Хатшылығы мен құқық қорғау органдары басшыларының өңірлік кеңестері өткізілуде. Жанжалдардың алдын алу үшін жедел «үштіктер» (әкім - учаскелік полиция инспекторы - этнос лидері) құрылған. Барлық облыс орталықтарында полиция қызметкерлері мен этностық топтар қатарынан шыққан студенттердің бірлескен патруль қызметі ұйымдастырылған. Этносаралық және конфессияаралық қатынастарды зерттеу жөніндегі орталық Ішкі істер министрлігі орталық аппаратының офицерлері үшін лекциялар өткізуде.

Осыған байланысты Саны аз ұлттардың істері жөніндегі жоғарғы комиссарының 2006 жылғы көпұлтты қоғамда полиция қызметінің мәселелері туралы ұсынымдары Қазақстан Халқы Ассамблеясы мен Ішкі істер министрлігінің көпэтностық қоғамдағы полиция қызметін қамтамасыз ету жөніндегі жүргізіп келе жатқан бірлескен жұмысын о р ы н д ы т о л ы қ т ы р а т ү с е д і .

Бұл жұмыс қоғамды біріктіру және ұлттық бірлікті қалыптастыру жөніндегі мемлекетіміздің ауқымды жұмысына кіріктірілген. Мысалы, 2011 - 2014 жылдарға



арналған Қазақстанның ел бірлігі доктринасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 8-тармағымен Ішкі істер министрлігіне жергілікті атқарушы органдармен бірге «Азаматтардың құқықтарының бұзылуын алдын алу, этносаралық қатынастардың жағдайына кері әсерін тигізуі мүмкін үрдістерді анықтау мақсатында еліміздегі этносаралық және конфессияаралық жағдайдың барысына тұрақты мониторинг жүргізу» м і н д е т і ж ү к т е л г е н .

Комитет қатысушы мемлекеттен Конституция мен Білім туралы Заңның ережелерін тиімді іске асыру үшін төмендегілерді қамтамасыз ету мақсатында қажетті шараларды қабылдауды сұрайды: саны аз ұлттардың тілдерінде оқытылатын мектептерде тиісті оқу сапасын қамтамасыз ету; саны аз ұлттардың тілдерінде оқытылатын мектептерге қажетті қаржы көлемі мен ресурстарды беру; мектептерді тиісті деңгейде қажетті мамандармен және саны аз ұлттардың тіліндегі оқулықтармен жабдықтау; барлық оқулықтарда саны аз ұлттардың мәдениетін, дәстүрін және тарихын, сондай-ақ қазақстан қоғамы дамуына олардың үлесін тиісінше көрсету; еш кемсітусіз барлық этностық топтарға жататын оқушылардың жоғары білімге қол жетімділігін, атап айтқанда № 32 жалпы ұсынымына сәйкес тиісті ерекше шараларды қабылдау жолымен к е ң е й т у .

Егжей-тегжейлі ақпарат «Білім алуға және кәсіби дайындыққа құқық» тарауында б а я н д а л ғ а н .

Конституцияға, «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес мемлекет Қазақстанның көпэтностық халықтың барлық тілдерін үйрену және дамыту үшін қолайлы жағдайлар туғызуға қамқорлық жасайды. Қазақстанда тұратын әрбір этностық топ ұлттық тілдерін, мәдениетін, дәстүрлерін, салттарын жаңғыртып дамытуға ықпал ететін өз этномәдени бірлестіктерін, жексенбілік мектептерін құруға құқылы.

Саны аз ұлттардың тілдерінде оқытылатын мектептерде тиісті оқу сапасы.

Саны аз ұлттардың тілдерінде оқытылатын мектептердің оқушылары өз мектептерінде этностық топтардың тілдерінде қорытынды емтихандарын тапсырады. 2007 жылдан бастап аталған мектептердің бітірушілері ерікті түрде қазақ немесе орыс тілінде ҰБТ-ға қатыса алады. 2009 жылы бұл норма ресми түрде бекітіліп, оларға ҰБТ-ға қатысу өз еркімен болатын болды.

Жоғары оқу орындарына түсу үшін саны аз ұлттардың тілдерінде оқытылатын мектептердің бітірушілері ТКТ өтеді және оның нәтижелері бойынша жоғары оқу орындарында тегін оқу үшін мемлекеттік білім беру гранттарын тағайындау к о н к у р с ы н а қ а т ы с а д ы .

Саны аз ұлттардың істері жөніндегі жоғарғы комиссардың қолдауымен «Өзбек тілінде оқытатын мектеп бітірушілерді Қазақстан Республикасының жалпы білім беру және ақпарат кеңістігіне кіріктіру» бастама жобасы іске асырылуда. Елдің жоғары оқу орындары мен колледждеріне түсу үшін ғылым негіздері бойынша қазақ және орыс

тілдерінде қосымша сабақтар ұйымдастыру аталған жобаның мақсаты болып табылады. 2011 жылы аталған мектептердің 7769 бітірушілерінің 596 ҰБТ-ға, 1373 кешенді тестілеуге қатысты, 93 адам «Алтын белгі» жалпы орта білімі туралы аттестат (жақсы тәртіп пен оқу жоспарының барлық пәндері бойынша үздік бағаға ие болған, жалпы орта білім курсы бойынша қорытынды мемлекеттік аттестациядан үздік бағамен өткен) , 171 үздік аттестат алды. Жоғары оқу орындарына 1334 түсті, соның ішінде білім гранттарын 876 жеңіп алды.

Саны аз ұлттардың тілдерінде оқытылатын мектептерге жеткілікті қаржы құралдары мен ресурстарды бөлу.

Мемлекет тарапынан білім беру саласына жыл сайын қаржы бөлінуде: 2007 жылы — 480,7 млрд. теңге (3,2 млрд. АҚШ \$) немесе ішкі жалпы өнімнің (бұдан әрі - ІЖӨ) 3,7 %; 2010 жылы - 797 млрд. теңге (5,3 млрд. АҚШ \$) немесе ІЖӨ 4,1 %; 2011 - 2012 оқу жылында - 1 000 млрд. теңге (6,66 млрд. АҚШ \$) немесе ІЖӨ 3,8 %. 2011 - 2012 оқу жылына елімізде жалпы орта білім беретін 7 мың 465 мемлекеттік ұйымдарда, соның ішінде орыс, ұйғыр, тәжік, өзбек тілдерінде оқытылатын мектептерде 2 млн. 479 мың 44 оқушы оқиды.

Жыл сайын мектептердің материалдық-техникалық базасы жақсарылып келеді. Жергілікті бюджет есебінен олар соңғы үлгідегі компьютерлермен және интерактивті тақталармен жабдықталуда. Мектептердің барлығында телефондар орнатылып, Интернет желісі қосылған. Барлық мектептерде жабдықталған физика, биология кабинеттері, компьютерлік сыныптар, лингафондық және мультимедиялық кабинеттер, интерактивті тақталар, шеберханалар және т.б. бар. Мектеп кітапханалары жыл сайын «Мәдени мұра» бағдарламасының шеңберінде жаңа балалар, көркем әдеби, анықтамалық, ғылыми-көпшілік, электрондық және энциклопедиялық басылымдармен толықтырылуда.

Мектептерді тиісті деңгейде қажетті мамандармен және саны аз ұлттардың тілдеріндегі оқулықтармен жабдықтау.

Қазіргі таңда өзбек, ұйғыр және тәжік тілдерінде оқытатын 74 мектеп жұмыс істейді (өзбек - 58, ұйғыр - 14, тәжік - 2). Бұдан басқа 2010 - 2011 оқу жылында республикада жалпы білім беретін 108 мектепте 13 мың 133 оқушы жеке пән ретінде 16 ана тілін оқыды (атап айтқанда неміс, поляк, кәріс, дүнген, күрд, түрік, татар, әзірбайжан, ұйғыр, шешен, грек, армян, иврит, лезгин, украин, белорус тілдері). Онда 10 мың 652 мұғалім жұмыс істейді, олардың ішінде 91,4 % білім жоғары; 0,4 % жоғары білімі аяқталмаған; 8,2 % білімі кәсіби орта; 0,03 % білімі жалпы орта.

Барлық жалпы білім беру мектептеріндегі мұғалімдердің қызметі оқыту тіліне қарамастан мемлекеттік жалпы білім беру стандарты талабына сәйкес реттеледі. Мемлекеттік жалпы білім беру стандарты орта білімнің базалық мазмұнына, оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне, оқушыларды дайындау деңгейі мен сапасына қойылатын талаптарды белгілейді, білім беру салалары бойынша қалыптасқан негізгі

құзыреттер, білім, дағды және тәжірибе түріндегі күтілетін болжамдарды нақтылайды, қоғамға ойдағыдай әлеуметтенуіне ықпал етеді. Сондай-ақ білім беру ұйымдарын міндетті мемлекеттік аттестациялау көзделген. Бұл рәсім білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарына сәйкестігін бақылау мақсатында жүргізіледі.

Облыстық педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру институттары, өңірлік педагогикалық институттар және олардың жанындағы біліктілік арттыру орталықтар этностық топтардың тілдерінде оқытатын мектептер мұғалімдерінің біліктілігін арттыру жүргізлетін негізгі жоғары оқу орындары болып табылады.

Билингвалық оқыту және ана тілі емес тілдер мұғалімдерінің тәжірибесін зерттеу бойынша шетелдік таныстыру іссапарлары ұйымдастырылуда.

Оқулықтарды және оқу-әдістемелік кешендерді дайындау және басып шығару жөніндегі мақсатты бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері үшін қазақ, орыс, өзбек және ұйғыр тілдеріндегі отандық оқулықтар әзірленіп, кезең-кезеңімен оқу процесіне енгізілді. Жалпы 1-11 сыныптардың оқулықтармен қамтамасыз етілуі 89 % құрайды.

«Алматы кітап» баспасының 1-4 сыныптарға арналған оқулықтарын тәжік тіліне аудару және 2-11 сыныптарға арналған «Тәжік тілі» және «Тәжік әдебиеті» оқу-әдістемелік кешендерін жасау бойынша жұмыстар жүргізілуде.

2011- 2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы білім берудің мемлекеттік бағдарламасы 2015 жылға дейін жергілікті бюджет құралдары есебінен жыл сайын 100 % оқулықтарды кезең-кезеңімен сатып алу жолымен барлық оқушыларды тегін оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендерімен қамтамасыз етуді көздейді.

Саны аз ұлттардың мәдениетін, дәстүрін және тарихын және олардың қазақстан қоғамының дамуына үлесін барлық оқулықтарда тиісті деңгейде көрсету.

Білім және ғылым министрі 2011 жылғы 9 наурызда бекіткен Базалық оқулықтарды 2011 жылы шығарудың тақырыптық жоспарына сәйкес мәдениет, этносаралық қатынастар дәстүрлері мәселелеріне қатысты оқулықтар шығарылды: «Ежелгі шығыс мәдениеті», «Шетел әдебиетінің тарихы», «Педагогикалық жобалау: теориясы мен технологиясы».

2011 жылдан бастап жоғары оқу орындарында этносаралық және нәсілдік кемсітушілік мәселелеріне арналған жеке пәндерді оқыту енгізілді. Мысалы, М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде келесі пәндер оқытылады: «Қазіргі заманғы саяси теориялар», «Қазіргі әлемдегі және Қазақстандағы ұлттық және ұлтаралық қатынастар». Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінде «Түрік халықтарының тарихы», «Диаспорология» пәндері оқытылады. Іскерлік және шет тілдері университетінде келесі пәндер оқытылады: «Депортацияланған халықтар тарихы», «Қазақстанға депортацияланған тау

халықтарының тарихы», «Қазақстанға жер аударылған неміс халқының тарихы». Қ. Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінде оқушылар үшін этносаралық қатынастарды зерттеу жөніндегі таңдаулы курс бағдарламасы бекітілген. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде «Батыс Қазақстандағы этносаралық және конфессияаралық қатынастардың тарихы» оқу бағдарламасы бекітілген. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Қызылорда облысындағы этносаралық қатынастар тарихы» бағдарламасын ұсынған. Семей мемлекеттік педагогикалық институты «Қазақстан халықтарының этномәдени дамуы» оқу-әдістемелік нұсқаулығы шығарды. Баишев атындағы Ақтөбе университетінде «Этносаралық қатынастар мәдениеті» арнайы курсы оқытылуда.

Білім және ғылым министрлігі 2009 - 2011 жылдарға арналған іргелі зерттеулер бағдарламасы шеңберінде этносаралық қатынастар саласын, тарихын және олардың қалыптасу ерекшеліктерін терең зерттеуге бағытталған ғылыми-зерттеу жобалары мен ғылыми іс-шараларды іске асырды.

Кешенді зерттеулер жүргізетін Білім және ғылым министрлігіне қарасты негізгі ғылыми-зерттеулер ұйымдары қатарында Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты; А. Байтұрсынов атындағы тіл институты, олар аталған мерзімде келесі негізгі іргелі ғылыми жобаларды іске асырды: «XX және XXI ғасыр басындағы көпэтностық мемлекеттердің жағдайы», «Қазақстан халықтарының үйлесімділігі: тарих, дін және тарихи компьютерлік», «Қазақстан диаспораларының тілдері - этносаралық қатынастардың тұрақты дамуының негізі» және т.б.

Оқулықтар мен оқу құралдарын әзірлеу, монографияларды, арнайы журналдар мен жинақтарды, халықаралық конференциялардың ұсынымдарын басып шығару аталған ғылыми шаралардың негізгі нәтижелері болып табылады. Жекелеген нәтижелер оқу-білім процесіне енгізіліп, кейбіреулерінің негізгі ережелері ғылыми кітапхана жүйесіне қосылды.

Этносаралық төзімділік қатынастарды қалыптастырудың объективтік процестерін көрсету, сондай-ақ шет елдерде тұратын қазақтар арасында «Алаш» феноменін қазіргі заманғы көзқараспен оқу мақсатында Қазақстан Халқы Ассамблеясының ғылыми-сараптама кеңесі «Қазақ диаспорасы арасындағы Алаш Орда философиясының қазіргі түсінігі: жағдай, бағалау, сабақтар (социотарихи талдау)» халықаралық жобасын іске асырды, оның қорытындылары «Сөнбесін от алауы» монографиясында орын тапты.

Қазақстан халқы Ассамблеясының бастамасымен қарағандылық ғалымдар «ҚарЛАГ тарихы» (5 том) және «Қарағанды облысындағы жапон әскери тұтқындары» зерттеу материалдарын қазақ және орыс тілдерінде жариялады.

Қазақстан Республикасы Президентінің Мұрағатымен бірлесіп «Депортация тарихынан. Қазақстан - 1930 - 1935 жж. Құжаттар жинағы» басылымы жарыққа шығаруға әзірленді. Аталған жұмыс қатал тоталитарлық режим кезіндегі төзімділік пен

бейбіт ізгі көршілестікті қалыптастырудағы қазақ халқының және этностық топтар өкілдерінің рөлін көрсетеді.

Қазақстан халқы Ассамблеясы ғылыми-сараптамалық кеңесінің мүшесі, профессор Г.В. Канның 2011 жылы шығарған «Қазақстан тарихы» оқулығы да этносаралық қатынастардың тарихы мен Қазақстандағы біртұтас халықтың қалыптасу процесін көрсетеді.

Қазақстан халқы Ассамблеясының ғылыми-сараптамалық кеңесі келесі монографиялар жариялады: «Нұрсұлтан Назарбаев. Бейбітшілік және қоғамдық келісім идеясы», «Қазақстан халқы Ассамблеясы: тарихи очерк». Монографиялар көпэтностық Қазақстан мен этносаралық қатынастардың қалыптасу тарихын бейнелейді.

«Қазақстан бізді біріктіреді» кітабында депортация куәгерлері мен репрессияға ұшыраған халықтар ұрпақтарының әңгімелері келтіріліп, этносаралық төзімділіктің қалыптасу көздеріне талдау жасалады.

Қазақстан халқы Ассамблеясының қолдауымен «КарЛАГ тарихы» бестомдық басылым, «Қарағанды облысындағы жапон әскери тұтқындары» ғылыми-зерттеу жұмысы, «Қазақстанның мемлекеттік этносаясаты: жаңа трендтер» ғылыми-әдістемелік құралы жарық көрді.

Еш кемсітусіз барлық этностық топтарға жататын оқушылардың жоғары білімге қол жетімділігін, атап айтқанда жалпы ұсынымға сәйкес тиісті ерекше шараларды қабылдау жолымен кеңейту.

Егжей-тегжейлі ақпарат «Білім алуға және кәсіби дайындыққа құқық» тарауында баяндалған.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабына сәйкес әрбір адамның интеллектуалдық, психофизикалық және жеке адам ерекшеліктерін ескере отырып, тұрғындар үшін барлық деңгейлерде білім алуға қол жетімділік білім саласындағы мемлекеттік саясаттың қағидаттарының бірі болып табылады. Мемлекет Қазақстан Республикасының азаматтарына тегін мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алуға, сондай-ақ конкурстық негізде мемлекеттік білім тапсырысына сәйкес, егер осы деңгейлердің әрқайсысын азамат алғашқы рет алатын болса тегін техникалық, кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім алуға кепілдік береді.

2012 жылғы 19 қаңтардағы № 111 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес шетел азаматтарын ақылы негізде жоғары оқу орындарына әңгімелесу арқылы қабылданады.

Мемлекеттік және ана тілін үйрену үшін ұлттық-мәдени орталықтар жанынан жексенбілік мектептер және тіл курстары ашылған. Республикада 3956 балалар мен жасөспірімдер оқитын 81 жексенбілік мектеп жұмыс істейді. Аталған мектептерде оқушылар факультативті түрде немесе үйірмелерде 16 этностың дәстүрлерін, салттары мен тілдерін үйренеді. Білім беру саласын қаржыландыру жылдан-жылға ұлғайып

келеді: 2009 жылға қарағанда 2010 жылы қаржыландыру 9,7 %-ға өсті.

Саны аз ұлттардың істері жөніндегі ЕҚЫҰ жоғарғы комиссарының қолдауымен «Өзбек тілінде оқытатын мектеп бітірушілерін Қазақстан Республикасының жалпы білім беру және ақпарат кеңістігіне кіріктіру» бастапқы жобасы іске асырылуда. Аталған мектептерді, тілдік пәндерден басқа пәндер екі тілде оқытылады: ана тілінде және мемлекеттік қазақ немесе ана тілінде және орыс тілінде.

Көптілдік және билингвалық оқытуды енгізудің нәтижелеріне жүргізілген талдау инновациялық әдістердің тиімділігін көрсетеді. Бұл өзбек, ұйғыр және тәжік тілінде оқытатын мектептердің бітірушілеріне техникалық және кәсіби, сондай-ақ жоғары білімге қол жеткізуге мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Білім және ғылым министрлігі өзбек, ұйғыр және тәжік тілдерінде оқытатын мектеп оқушыларына көптілдік және билингвалық білім беру арқылы олардың Қазақстан Республикасының білім беру ақпараттық кеңістігіне әлеуметтік кірігуін нығайту мәселелері бойынша конференциялар, кеңестер және семинарлар өткізіп тұрады. 2009 жылғы мамырда Шымкент қаласында халықаралық конференция, 2010 жылғы сәуірде Алматы қаласында Саны аз ұлттардың істері жөніндегі ЕҚЫҰ жоғарғы комиссары өкілдерінің қатысуымен семинар өтті.

Елдің жоғары оқу орындарының студенттері қатарында 86 саны аз ұлттар өкілдері бар, олар студенттердің жалпы құрамының 7,8 % құрайды (610,2 мың адам). Саны аз этностық топтардың өкілдері Қазақстанның жоғары оқу орындарында өздері таңдаған мамандықтар және тілдер бойынша білім алады. Жыл сайын «Шетел филологиясы: өзбек тілі» мамандығына 5 білім гранты бөлінеді, «Шетел филологиясы: кәріс тілі» - 10, «Шетел филологиясы: ұйғыр тілі» - 5, «Шетел филологиясы: поляк тілі» - 5 гранттар бөлінген. Бұл «Шетел филологиясы» мамандығы бойынша бөлінген гранттардың жалпы санынан 20 % құрайды.

Өңірлер үшін бірыңғай ақпараттық-білім ортасын құру, «онлайн» режимде оқыту мақсатында Интернетте интерактивті оқыту жүйесі енгізілді. 2007 жылдан бастап апта сайын мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, ғалымдардың, жазушылардың, журналистердің, сондай-ақ пәндер бойынша жаңалық енгізуші мұғалімдердің қатысуымен интерактивті сабақтар өткізілуде.

Жалпы білім беретін 100 мектепте 14 мың 567 оқушы 19 ана тілі пәнін жеке пән ретінде оқиды: неміс тілін - 289 оқушы, поляк - 921, кәріс - 583, дүнген - 6089, татар - 227, украин - 163, түрік - 4374, әзірбайжан - 384, курд - 592, ұйғыр - 292, шешен - 177, грек - 40, армян - 26, белорус - 8, тәжік - 12, иврит - 8, қырғыз - 15, лезгин тілін - 15 оқушы.

195 мамандандырылған этнолингвистикалық орталықтар ашылған, онда балалар мен ересектер 30 этностың тілдерін үйрене алады. Ана тілдерін үйрену үшін жексенбілік мектептерге бюджеттен қаржы бөлінеді.

Комитет қатысушы мемлекетті Конвенция 1-бабының 1-тармағында көрсетілгендей

тікелей және жанама кемсітушілік анықтамасын қамтитын кемсітушілікке қарсы күрес жөніндегі жалпылама заңды қабылдау жолымен күш-жігер жалғастыруға шақырады. Сонымен бірге, Комитет қатысушы мемлекетке қолданыстағы заңнамаға, оны Конвенцияның ережелеріне, негізінен 4-баптың а) және б) тармақтарына толық сәйкес келтіру үшін жан-жақты шолу жасауды ұсынады.

Адам құқықтары саласындағы негізгі халықаралық нормалар мен қағидаттарға Конституцияның, Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің ережелерінде кепіл беріледі.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қадағалау алқасының қаулыларында халықаралық шарттар нормаларын қолдану тәжірибесі тұрақты түрде қорытындыланады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабын іске асыру мақсатында Республикамыз ратификациялаған халықаралық шарттар ұлттық заңнама алдында басым болады және соттарда тікелей пайдаланылады. Халықаралық шарттардың нормаларын дұрыс және бірыңғай пайдалануын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты 2008 жылғы 10 шілдеде «Қазақстан Республикасында халықаралық шарттардың нормаларын пайдалану туралы» нормативтік қаулы қабылдады.

2009 - 2012 жылдарға арналған Адам құқықтары саласындағы ұлттық іс-қимыл жоспарын (бұдан әрі - Ұлттық жоспар) Елбасы 2009 жылғы 5 мамырда мақұлдады. Елбасының тапсырмасына сәйкес Үкімет пен уәкілетті мемлекеттік органдар жылына екі рет (шілде мен желтоқсанда) Президент Әкімшілігіне Ұлттық жоспар ұсынымдарын орындау туралы ақпарат береді.

Қазақстанда азаматтардың қоғамның барлық салаларындағы этностық теңдігі заң жүзінде бекітіліп, іс жүзінде іске асырылған, барлық діндер мен ұлттардың бірге толеранттық өмір сүруіне құқықтық негіздер бар. Қазақстан ратификациялаған халықаралық құқықтық актілер мен ұлттық заңнамада бір адамдардың құқықтары мен бостандықтары екінші бір адамдардың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіре алмайтындығы белгіленеді. Атап айтқанда, Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт (2005 жылғы 28 қарашада ратификацияланған), Нәсілдік кемсітушілікті жою жөніндегі халықаралық конвенция (1998 жылғы 29 маусымда қосылдық) адамдардың ұлтына, нәсіліне, діни нанымына қарамастан құқықтары мен бостандықтарының теңдігін жариялайды.

Ұлты, нәсілі, тілі, діни нанымы т.б. бойынша адамдарды кемсіту жөніндегі құқыққа қарсы кез келген іс-қимыл қылмыс болып табылады және қылмыстық жазаны тудырады. Қазақстан халқы бірлігін алдын ала бұза алатын және ұлтаралық қатынастар жағдайын ұшықтыра алатын іс-әрекеттер «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ұлттық қауіпсіздік қатерлерінің біріне жатады және оларға тыйым салынған. Бұл жалпыға міндетті ережелер жоғары заң күшіне ие және мемлекетіміздің барлық аумағында тікелей

қолданылатын Қазақстан Республикасының Конституциясында да бекітілген. Мысалы, Конституцияның 39-бабында былай делінген: «Ұлтаралық татулықты бұзатын кез келген әрекет конституциялық емес деп танылады». Осы бапта адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін екендігі көзделген.

Қазақстан Республикасының аумағында Нәсілдік, ұлттық, әлеуметтік және діни араздықты тұтандыруға бағытталған мәліметтерді жариялайтын бұқаралық ақпарат құралдарының өнімдерін әзірлегені, сақтағаны, тасымалдағаны және таратқаны үшін, сондай-ақ осындай мәліметтерді жариялауға рұқсат бергені үшін әкімшілік жауапкершілік көзделген (ӘҚК 343, 344 баптары). Сонымен бірге, Конституцияның жоғарыда аталған құқық теңдігі және тегіне, әлеуметтік, лауазымдық немесе мүлдік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, сеніміне және басқа да кез келген мән-жайларға қарап адамның (азаматтың) құқықтары мен бостандықтарын тікелей немесе жанама шектеуді болдыртпау туралы ережесін дамытатын адам тең құқықтығын бұзғаны үшін қылмыстық жауапкершілік көзделген. Азаматтардың өз құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында өтініштер берудің тиімді тетігі әзірленген, бұл Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу, қылмыстық іс-жүргізу және әкімшілік заңнамасында реттелген.

Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасы азаматтарды олардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін жеткілікті деңгейде заңнамалық базаға ие. Азаматтар өз қалауы бойынша кез келген мемлекеттік органға, соттарға, ҮЕҰ-ға арыз-шағыммен шығуға құқылы.

Қазақстанда Омбудсмен, Мемлекет басшысы жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия сияқты адам құқықтарының сақталуына мониторинг жүргізетін институттар мен құрылымдар бар. Жеке және заңды тұлғалардың арыздарын беру, қарау және шешу тәртібі «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 221 Заңына сәйкес жүргізіледі.

Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық азаматтарды қабылдауды және Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың олардың Конституциямен және халықаралық шарттарда белгіленген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіріп отырған лауазымды тұлғалар мен ұйымдардың іс-әрекеттері мен шешімдеріне өтініштерін қарауын қамтамасыз етеді. Адам құқықтары жөніндегі уәкілге өтінішпен шығу шарты мен тәртібі туралы ақпарат [www.ombudsman.kz](http://www.ombudsman.kz) сайтында көрсетілген (16 қосымша).

Этносаралық төзімділікті қамтамасыз ету жөніндегі Қазақстанның биік жетістіктері



БҰҰ-ның саны аз ұлттар істері жөніндегі тәуелсіз сарапшысы Гай Макдугалл ханымның 2009 жылы Қазақстанға сапары нәтижесінде жасаған баяндамасында атап өтілді. ЕҚЫҰ Саны аз ұлттардың істері жөніндегі жоғарғы комиссары К.Воллебек мырза да 2010 жылы Қазақстанға жасаған сапары нәтижесінде еліміздің бұл бағыттағы ә л е у е т і н а т а п ө т т і .

Ұлттық астары бар немесе жұртшылыққа осындай түрде көрсетілген құқық бұзушылықтарды (тұрмыстық қылмыстар, бұқаралық ақпарат құралдардағы теріс жарияланымдар) прокуратура органдары қатаң бақылауға алады.

Комитет қатысушы мемлекетті саны аз топ мүшелерінің саяси өмірге және шешім қабылдаудың кез келген процестеріне әділ және тиісті түрде қатысуын қамтамасыз етуге және олардың құқықтары мен мүдделеріне қатысты мәселелер бойынша олармен алдын-ала кеңестер жүргізуге бағытталған ерекше шараларды қоса алғанда, қосымша шаралар қабылдауға шақырады. Сонымен бірге, Комитет қатысушы мемлекетке Қазақстан халық Ассамблеясының әлеуеті мен маңыздылығын өкілеттіліктер қағидаты негізінде сайлау өткізу ережесін бекіту және оны саны аз топтардың мәселелерін қарайтын сессияларды өткізетін тұрақты жұмыс істейтін орган ретінде жаңа функциялар беру арқылы көтеруді ұсынады.

Толық ақпарат осы баяндаманың Конвенцияның 5-бабына қатысты тармағында к е л т і р і л г е н .

Қазақстан Республикасында барлық этностық топтар жоғары азаматтық-құқықтық және қоғамдық мәртебеге ие. Олардың өкілдері саны аз ұлттардың өкілдері ретінде емес, толық құқыққа ие Қазақстан халқының азаматтары ретінде қарастырылады. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Конституциясының 19-бабының ережелеріне сәйкес азаматтар өз ұлты мен этностық ерекшелігін көрсетуге немесе көрсетпеуге қ ұ қ ы л ы .

Қолданыстағы Конституцияға сәйкес еліміздің барлық азаматтары тең құқыққа ие, олардың мемлекет ісін басқаруға қатысу құқығы бар. Қазақстан этностарының өкілдері құқықтарды жай «пайдаланушы» емес, этностық қазақтармен қатар еліміздегі ұлттық-мемлекеттік құрылыстың белсенді қатысушылары болып табылады.

Қазақстан Республикасы басшылығының саясаты этностардың құрылымына қатысты бұрынғы КСРО жүргізген саясаттың терең салдарын еңсеруге, депортацияланған халықтарға қатысты совет мемлекетінің кемсітушілік саясатының теріс салдарын еңсеруге өз мақсаты ретінде қарайды. Мемлекет депортацияның тікелей құрбандарына тұрақты түрде өтемақы төлеп тұрады.

Қазақстанда тұратын этностардың өкілдері түрлі этномәдени бірлестіктер шеңберінде ұйымдасқан. Қазіргі таңда елімізде 820 этномәдени бірлестік жұмыс жасайды. Аймақтық бірлестіктер облыстық ассамблеялар шеңберінде топтасқан.

Қазақстан халықтарының Ассамблеясы мүшелерін сайлау «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Қазақстан Республикасының Заңмен реттеледі. Аталған заңның

15-бабына сәйкес Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелігіне облыстық ассамблеялар және этномәдени бірлестіктер, сондай-ақ олардың жоғары органдарының шешімімен кандидатуралар ұсынылады.

Осылайша, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелерін сайлау тікелей этнос өкілдерімен жүзеге асырылады. Ассамблея адам құқықтарын қорғау саласындағы бірегей жетістік болып табылады және Қазақстанда тұратын этностардың басын біріктіреді. Сонымен бірге, ол этномәдени бірлестіктер мен мемлекет арасындағы медиатор болып табылады. Ассамблеяның мәртебесі, оның ішінде өздерінің 9 өкілін Парламенттің төменгі палатасы - Мәжіліске жіберу құқығы Қазақстан Республикасының Конституциясында айқын көрсетілген. 9 депутатты сайлау этносаралық бәсекелестікті болдырмау үшін ротация тәртібімен жүзеге асырылады.

Комитет қатысушы мемлекетке саны аз топтардың мемлекеттік органдарда және мемлекеттік қызметте болуын жақсарту және орталық және жергілікті әкімшілік органдарына қызметкерлерді жұмысқа алу кезінде кемсітушіліктің барлық нысандарының алдын алу және оларға қарсы күрес мақсатында тиімді шаралар қабылдауды ұсынады. Комитет қатысушы мемлекетке өзінің келесі мерзімді баяндамасында осы мақсатта қабылданған шаралар туралы ақпаратты, сондай-ақ этностық топтар көбірек тұратын аудандарда олардың қызметте болуы туралы санақ мәліметтерін келтіруді ұсынады.

Толық ақпарат осы баяндаманың Конвенцияның 5-бабына қатысты тарауында келтірілген.

Қазақстан мемлекет ісін басқаруға барлық азаматтарға нәсіліне, терісінің түсіне, тіліне, дініне, саяси немесе басқа да көзқарастарына, ұлттық немесе әлеуметтік шығу тегіне немесе басқа да ерекшеліктерге қарамастан тең қатысуға кепілдік береді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 33-бабына сәйкес азаматтардың тікелей немесе өз өкілдері арқылы жанама түрде мемлекетті басқару ісіне қатысуға құқығы бар. Қазақстан азаматтарының мемлекеттік органдарға және өзін-өзі басқару органдарына сайлануға сондай-ақ республикалық референдумға қатысуға құқығы бар.

Еліміздің Конституциясы мемлекеттік қызметке тең қолжетімділікке кепілдік берілген. Мемлекеттік қызметке үміткер кандидатқа қойылатын біліктілік талаптары лауазымдық міндетпен түсіндіріледі және заңмен белгіленеді. Сонымен бірге, Конституциямен ешкімді ұлттық, тілдік және басқа да ерекшеліктер бойынша қандай да бір кемсітуге жол берілмейді. Бұл норма барлық ел азаматтарының құқықтары мен міндеттерінің теңдігін және мемлекетпен бұл құқықтар тең қорғалатынын білдіреді.

«Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы азаматтардың олардың ұлтына қарамастан ашық конкурс арқылы мемлекеттік қызметке жалпыға бірдей конституциялық құқығын іске асыруды көздейді.

Сонымен қатар, елімізде «этностық еңбек бөлінісі» өздігінен қалыптасқан. Ол этностық топтар өкілдерінің басым бөлігінің мемлекеттік қызметке қызықпайтынын,

сәйкесінше, олардың мемлекеттік қызметке қарағанда еңбекақысы жоғары бизнеске және қызмет көрсету саласына бағытталатынын көрсетті.

Қазақстан халқы Ассамблеясының құрамына республикалық және аймақтық деңгейде этностық топтардан басқа заң шығару және атқарушы билік басшылары, орталық және жергілікті атқарушы органдардың, олардың аумақтық құрылымдарының өкілдері кіреді және бұл шешім қабылдау барысында этностардың қатысуы мен өкілдігін толық көлемде қамтамасыз етуге мүмкіндік беретінін де атап өткен жөн.

Қазақстан халқы Ассамблеясының XIX сессиясында Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев Үкіметке «туыстық, жерлес және жеке табынушылық фактілерімен, сондай-ақ еңбекке орналастыру және оқу орындарына түсу кезіндегі сыбайлас жемқорлықпен күресуді нығайту жөніндегі кешенді шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін» деген тапсырма берді.

Комитет қатысушы мемлекетке өзінің есептік баяндамасына түрлі этностық топтардың және олардың қатысушы мемлекетте орналасқан географиялық аудандары туралы егжей-тегжейлі мәліметтерді және мүмкіндігінше санақ деректерін қосуды ұсынады.

Толық ақпарат баяндаманың тұрғындарға қатысты тарауында келтірілген.

Комитет қатысушы мемлекетке № 27 (2000 ж.) жалпы ұсынымын басшылыққа ала отырып, өзінің есептік баяндамасына ром халқы жайлы, соның ішінде олармен экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтары жайлы егжей-тегжейлі ақпаратты қосуды ұсынады. Комитет сонымен бірге қатысушы мемлекетке ром қоғамдарының жағдайын барлық жоспарланатын және іске асырылып жатқан бағдарламалар мен жобаларда ескеріп, ром халқының өкілдерін мемлекеттік мекемелерде, әсіресе, олар тұратын аудандарда өкілдерінің болуын қамтамасыз етуді ұсынады.

Тұрғындардың этностық топтары жайлы мәлімет әрбір он жыл сайын болып тұратын халық санағы нәтижесінде белгілі болады. 2009 жылы соңғы жүргізілген халық санағының қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасында 4065 ром халқының өкілдері тұрады.

Ром халқы өкілдерінің негізгі бөлігі кәсіпкерлікпен, сондай-ақ қызмет көрсету саласымен шұғылданады және мемлекеттік қызметке қызығушылық білдірмейді. Жергілікті атқарушы билік органдарымен ром халқының өкілдеріне топтасып тұру мүмкіндігі берілген. Барлық этностық топтар үшін, оның ішінде ром халқына қатысты кемсітушілік әрекеттерге жол бермеу үшін жағдайлар жасалуда.

Ресми статистикалық мәліметтерге сәйкес 2009 жылы ром халқы өкілдерінің жалпы саны 4065 адамды, оның ішінде Ақмола облысында 531, Ақтөбе облысында 152, Алматы облысында 484, Атырау облысында 5, Батыс Қазақстан облысында 161, Жамбыл облысында 142, Қарағанды облысында 678, Қостанай облысында 431, Қызылорда облысында 2, Маңғыстау облысында 12, Оңтүстік Қазақстан облысында 53, Павлодар облысында 387, Солтүстік Қазақстан облысында 431, Шығыс Қазақстан



өміріне қатыстырылады. Цыгандар мәдени орталығы мемлекеттік мерекелерді өткізуге белсене қатысады. Сонымен бірге, мамандардың (педагогтардың) болмауы жексенбілік мектептерде рома балаларын цыган тіліне үйретуде проблемалар туғызуда. Қазіргі таңда рома ортасында әңгімелесу тілі орыс тілі және ата-аналарының қалауымен олардың балалары орыс тілінде оқытылатын мектептерді жалпы орта біліммен қ а м т ы л ғ а н .

Комитет қатысушы мемлекетті баспана сұраушыларды тіркеуге қатысты кемсітушілік саясатты жоюды және ешбір кемсітусіз халықаралық стандарттарға сәйкес барлық адамдар үшін босқын мәртебесін анықтау рәсіміне қол жетімділігін қамтамасыз етуді ұсынады. Комитет қатысушы мемлекетке мемлекеттік қызметшілерді және құқық қорғау органдарының қызметкерлерін азаматтығы жоқ және саяси баспана іздеушілерге қатысты кемсітушілік іс-әрекеттерге бару тенденциясын болдырмау үшін олардың тиісті дайындығын қамтамасыз етуді ұсынады.

2012 жылғы жағдай бойынша Ұлттық жоспардың бірқатар ұсынымдары іске асырылды. Атап айтқанда, 2009 жылғы желтоқсанда «Босқындар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Шетел азаматтарына және азаматтығы жоқ тұлғаларға пана беру, оларға босқын мәртебесін беру, сондай-ақ олардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету аталған заңның негізгі мақсаты болып табылады. Заң ратификацияланған Босқындар мәртебесі туралы конвенцияның негізгі ережелеріне сәйкес келеді. Заңда босқындар мен пана іздеп жүрген адамдардың құқықтарын қамтамасыз етудің негізгі қағидаттары ескерілген: аумақтан шығарып жібермеу, босқын мәртебесін берудің ашықтығы, қол жетімділігі, босқындарды кемсітуге жол бермей қолдау, ақпараттың құпиялылығы, отбасы бірлігі және босқындар балаларының құ қ ы қ т а р ы н қ о р ғ а у .

«Босқындар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабына сәйкес баспана іздеген тұлғаға босқын мәртебесін беруден бас тарту үшін бір негіздемесі - «егер осы тұлғаға қатысты, өзі азаматы болып табылатын елде не шығу еліндегі лаңкестік, діни-экстремистік, сондай-ақ тыйым салынған діни ұйымдардың қызметіне қатысады не қатысты деп болжауға дәлелді негіздемелер болса». Бұл пункт Заңға ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында енгізілді.

Осы негіздеме бойынша бас тарту туралы шешім алған адам босқын мәртебесін бермеу туралы, ұзарту немесе айыру туралы шешім шыққан күннен бастап бір ай ішінде Қазақстан Республикасының аумағынан өз еркімен шығуы тиіс. Өз еркімен Қазақстан Республикасының аумағынан кетуден бас тартса, онда күштеп шығаруды ішкі істер органдары соттың шешімі негізінде іске асырады. Сонымен бірге, Заңмен баспана іздеген адамдарды және босқындарды нәсілдік, діни сенім, ұлттық, азаматтық белгісі, белгілі бір әлеуметтік топқа жататындығы немесе саяси нанымы бойынша олардың өміріне немесе бостандығына қауіп төнген елдің шекарасына қайтаруға немесе елден шығарып жіберуге тыйым салынады.

«Босқындар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5-тармағына сәйкес шағымдану мерзімдерін қоса алғанда, босқын мәртебесін беру туралы өтініш хат бойынша шешім қабылдау рәсімі аяқталғанға дейінгі мерзімде, оның ішінде қабылданған шешімге шағымдану рәсімі аяқталғанша Қазақстан Республикасында болуға құқығы бар. «Босқындар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы пана іздеген адамдарды және босқындарды нәсілдік, діни сенім, ұлттық, азаматтық белгісі, белгілі бір әлеуметтік топқа жататындығы немесе саяси нанымы бойынша олардың өміріне немесе бостандығына қауіп төнген елдің шекарасына қайтаруға немесе елден шығарып жіберуге тыйым салады (18-бап).

«Қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасының адамның жеке бас бостандығын сақтау және қадір-қасиетіне қол сұқпау, қинауға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы мәселелер жөніндегі нормаларын қолдану туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2009 жылғы 28 желтоқсандағы нормативтік қаулысында келесі түсініктеме берілген: «Конвенцияның 3-бабының талаптарын орындау мақсатында қылмыс жасағаны үшін айыпталған немесе шетел мемлекеті соттаған шетел мемлекетінің азаматын ұстап беру туралы талапты қараған кезде талап жолдаған шетел мемлекетінде адам құқықтарын өрескел, сорақылықпен және жаппай бұзудың тұрақты тәжірибесінің бар-жоғын көрсететін мән-жайлар анықталады. Мұндай фактілер болып, ұстап берілетін адамды азаптауы мүмкін деп есептеуге нақты негіздеме болған жағдайда, бұл адам талап жолдаған мемлекетке берілмейді» делінген.

«Босқындар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы баспана іздеп жүрген адамдарға уәкілетті органның босқын мәртебесін беруден бас тарту туралы шешіміне шағымдану құқығын береді. Шағымдану мерзімінде мұндай адамның босқын мәртебесін беру туралы шешім шыққанға дейін шағымды қарау мерзімін қоса алғанда Қазақстанда аумағында болу құқығы бар. Босқындардың уәкілетті органның босқын мәртебесін ұзартудан бас тарту, одан айыру немесе оны тоқтату туралы шешімдеріне шағымдануға құқығы бар. Уәкілетті органдар босқын мәртебесін беруден бас тарту туралы немесе босқын мәртебесінен айыру туралы шешім қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде аталған адамға бұл шешімнің себептерін көрсетіп және қабылданған шешімге шағымдану тәртібін түсіндіріп, шешімнің көшірмесін тапсырады немесе жібереді. Тиісті шешімді алған адам сотқа жүгінуге құқығы бар.

Заң баспана іздеуші адамдарды және босқындарды нәсілдік, діни сенімі, ұлттық, азаматтық белгісі, белгілі бір әлеуметтік топқа жататындығы немесе саяси нанымы бойынша олардың өміріне немесе бостандығына қауіп төнген елдің шекарасына қайтаруға немесе елден шығарып жіберуге тыйым салады. Баспана іздеген адам Қазақстан Республикасының аумағына келуінен бұрын ол өзі немесе осыған уәкілетті өкіл арқылы босқын мәртебесін беру туралы қолдаухатпен Республиканың дипломатиялық өкілдігіне немесе консулдық мекемесіне жүгіне алады.

«Босқындар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы БҰҰ Босқындар жөніндегі жоғарғы комиссар басқармасының құзыретіне жататын адамдар үшін келесі құқықтарды береді: Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңбек ету бостандығына немесе кәсіпкерлік қызметке; Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес медициналық қызмет көрсетілуіне; Қазақстан Республикасының Конституциясында, заңдарында және халықаралық шарттарында белгіленген басқа да құқықтар мен бостандықтар.

«Босқындар туралы» Қазақстан Республикасының Заңының ережелеріне сәйкес Ішкі істер министрлігінің Көші-қон комитетіне қарасты тұлғалар босқынның және баспана іздеп жүрген адамның куәлігін алу құқығы бар. 2009 - 2011 жылдары Қазақстан Үкіметі «Босқындар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыруға және босқындар мен баспана іздеп жүрген адамдарға куәлік шығаруға 3 млрд. 3,7184 млрд. теңге (24,8 млн. АҚШ \$) бөлді. Босқын куәлігі Қазақстан Республикасының барлық аумағында еркін жүріп-тұру үшін жарамды. Босқындар Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде олардың жеке басын және мәртебесін растайтын жүру құжатын алуға құқылы.

Қазақстан Республикасы Азаматтық іс-жүргізу кодексі 280-бабының 1-тармағына сәйкес жеке және заңды тұлға өз құқықтарының, бостандықтарының және заңмен қорғалатын мүдделерінің бұзылғаны туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап үш ай ішінде сотқа арызбен жүгінуге құқылы.

Қазақстан Республикасында босқындардың көпшілігі табиғи ауа райына байланысты екі өңірде тұрақтайды: Оңтүстік Қазақстан облысында - 11 % және Алматы қаласында - 88,1 %. Босқындар мен репатрианттардың балалары мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар. Оларды қазақстан қоғамына кіріктіруге ықпал ету мақсатында оқу-тәрбие бағдарламалары шеңберінде ана тілін тереңірек үйрену, қазақ және орыс тілдерін меңгеру үшін жағдайлар жасалған. Қосымша сабақтар беріліп, тіл үйірмелері, факультативтік сабақтар ұйымдастырылған.

Атап айтқанда, жұмыс істеуге рұқсат беру жүйесін қайта қарау, квоталар жүйесінің және қосымша құқықтық көмек берудің құбылмалы болуын арттыру жолымен еңбекші мигранттардың жағдайын ретке келтіруге ықпал ету үшін шаралар қабылдау.

Қазақстан 1993 жылдан Халықаралық еңбек ұйымының (бұдан әрі - ХЕҰ) мүшесі болып табылады және ел осы ұйымның барлық 8 негізін қалаушы және 4 басымдықты конвенциясын қоса алғанда ХЕҰ 16 конвенциясын бекітті. Сонымен қатар Қазақстан Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактін, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактін, Әйелдерді қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенция мен оның факультативтік хаттамасын, Баланың құқықтары туралы конвенцияны және оның екі факультативтік х а т т а м а с ы н б е к і т т і .

«Еңбек миграциясының мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының кейбір

заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы қазіргі уақытта әзірленді және жақын арада Парламент қ а р а у ы н а е н г і з і л е д і .

Қазақстан ТМД шеңберіндегі келесі көпжақты келісімдердің мүшесі болып табылады: Еңбек миграциясы және еңбекші мигранттарды әлеуметтік қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы 1994 жылғы келісім, Орта (жалпы), бастауыш кәсіптік және орта кәсіптік (арнайы) білім туралы құжаттарды өзара тану және сәйкестігі туралы 2004 жылғы келісім. Сонымен қатар, Қазақстан еңбек миграциясы мәселелері бойынша Әзірбайжанмен, Беларусьпен, Қырғызстанмен, Моңғолиямен, Тәжікстанмен, Өзбекстанмен екіжақты және үшжақты келісімдерге қол қойған.

Қазақстанда әлемнің 105 елінен 32 мың еңбекші мигранттар жұмыс істейді. 2011 жылғы 22 шілдеде жаңа редакцияда «Тұрғындардың көші-қоны туралы» Республикасының Заңы қабылданды. Заң жобасын әзірлеуге Астанада қаласындағы ЕҚЫҰ орталығының, ХЕҰ, Еуропалық комиссияның және Көші-қон жөніндегі халықаралық ұйымның өкілдері қатысты. Заң жобасының нормалары мигранттарды әлеуметтік қолдауға, заңсыз және іріктемелі миграцияны қысқарту жолымен ұлттық танылуды сақтау әрі дамыту шегінде миграциялық процестердің теріс салдарын а з а й т у ғ а б а ғ ы т т а л ғ а н .

Жаңа заңды іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 13 қаңтардағы № 45 қаулысымен шетелдік жұмысшыға жұмысқа тұруға және жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін (бұдан әрі - ШЖК) тартуға рұқсат беру ережелері және шарттары қабылданды. ШЖК жаңа санаттары енгізілді: шетелдік жұмысшылар, маусымдық шетелдік жұмысшылар және іскер иммигранттар. Сондай-ақ ШЖК тартуды квоталаудың түрлері енгізілді: санаттар, өңірлер, елдер, салалар бойынша, ерекше өте маңызды жобаларға. Шетелдік жұмысшының өзі жұмысқа тұруына жеңілдетілген тәртіпте рұқсат берілетін лауазымдар, мамандықтар, кәсіптер (республиканың еңбек нарығында аса тапшы) тізбесі белгіленді.

Ішкі еңбек нарығын қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі жыл сайын ішкі еңбек нарығына талдау, жұмыс берушілердің тапсырмалары және мүдделі мемлекеттік органдардың ұсыныстары негізінде анықталатын шетелдік мамандарды республикаға тартуға квота белгілейді.

2007 - 2011 жылдар кезеңінде ең үлкен мөлшерде квота 2008 жылы белгіленді - республикадағы экономикалық белсенді тұрғындарының (бұдан әрі - ЭБТ) 1,6 %. 2007 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 1,5 еседен аса көбейген. Одан кейін 2009 жылы әлемдік қаржы дағдарысына байланысты қазақстан азаматтарын жұмыссыздықтан қорғау мақсатында белгіленген квота көлемі төмендетіліп (екі еседен аса), ЭБТ 0,75 % құрады. 2010 жылы бұл көрсеткіш сол деңгейде қалды - 63,7 мың бірлікті құрады, 2011 жылы ШЖК тартуға квота 0,85 % құрады.

2011 жылы республикаға келген шетелдік мамандардың басым көпшілігі (шамамен



87,1 %) алыс шет елдерінен болды, олар арасында алдағылар Қытай (23,5 %), Түркия (15,4 %), Үндістан (8,6 %), Ұлыбритания (7,0 %), Италия (4,9 %). Жергілікті атқарушы органдардың мәліметіне сәйкес 2012 жылғы 1 қаңтарға ШЖК тартатын жұмыс берушілер саны 3187 бірлік құрады (2007 жылғы деңгейден 40,9 %-ға жоғары). Бұл ретте аталған ұйымдарда 443,5 мың қазақстан азаматы (2007 жыл деңгейінен 54,2 % артық) және 29,3 мың шетел азаматы жұмыс істейді (2007 жыл деңгейінен 45,7 % төмен).

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 17 тамыздағы № 1039 Жарлығын іске асырудың кейбір мәселелері туралы» 2010 жылғы 22 қыркүйектегі № 1066 Жарлығына сәйкес халықтың көші-қоны саласындағы, сондай-ақ ШЖК тартуды квоталау және оралмандардың көшіп келу квотасы бойынша келген оралмандарға және олардың отбасыларына біржолғы жәрдемақылар мен өтемақылар төлеу функцияларын санамағанда босқындар мәселелері жөніндегі Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің функциялары Ішкі істер министрлігіне берілді.

Еңбекші мигранттар мен шетелдік азаматтардың құқықтарын бұзғаны үшін жауапты жұмыс берушілер мен делдалдардың іс-әрекеттерін тиімді тергеуді, қылмыстық қудалауды және жазалауды қамтамасыз ету, атап айтқанда заңсыз иммиграция мен адам саудасына қарсы күреске бағытталған шараларды күшейту.

Заңсыз миграцияға қарсы күрес ТМД қатысушы елдерінің құзыретті органдарымен тығыз іс-қимылда ТМД қатысушы мемлекеттерінің заңсыз миграцияға қарсы күрес бойынша ынтымақтастығы туралы келісімнің, оның дамуы үшін қабылданған құжаттардың негізінде, бұған қоса ТМД елдері құрған ЕврАзЭҚ, БЭК, ҰҚШҰ және ШЫҰ сияқты одақтар, ұйымдар мен қауымдастықтар шеңберінде, сондай-ақ екіжақты (Ресей, Беларусь, Украина және т.б.) келісімдердің негізінде жүргізіледі.

Уағдаласушы тараптардың аумағына заңсыз келіп жатқан мигранттарды қайтару және қабылдау процесін реттеу мақсатында Украинамен, Ресей Федерациясымен және Орталық Азия елдерімен реадмиссия туралы келісімдер жасасу пысықталуда, олар мемлекетшілік рәсімдерден өтуде (барлығы 15 елмен). 2009 жылы Германиямен, 2010 жылғы ақпанда Швейцариямен, 2011 жылы Норвегиямен және Чехиямен реадмиссия туралы келісімдерге қол қойылды (оларды бекіту әзірленуде).

Бірыңғай экономикалық кеңістік пен Кедендік одақ құру шегінде 2010 жылғы 10 қарашада «Үшінші елдерден заңсыз еңбек миграциясына қарсы іс-қимыл бойынша ынтымақтастық туралы келісімге» қол қойылды. Тұрақты негізде «Мигрант», «Заңсыз келген адам», «Шекара» сияқты шұғыл-профилактикалық шаралары жүргізілуде.

Еңбекші мигранттардың және шетелдіктердің құқықтарының бұзылуына жауапты жұмыс берушілер мен делдалдардың іс-әрекетіне тиісті тергеу жүргізуді, оларды қылмыстық қудалауды және жазалауды қамтамасыз ету мақсатында тұрақты негізде шұғыл шаралар қабылдануда. Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес бөлімшелері адам

саудасының фактілерін және адам саудасына қатысты қылмыстарды анықтау, жолын кесу және алдын алу бойынша мақсатты жұмыстар жүргізуде.

Қазақстан заңнамасында адам саудасы үшін қылмыстық жауапкершілік көзделген, адам саудасына қарсы іс-қимыл саласындағы нормативтік-құқықтық актілердің қажеттілігіне орай жетілдірілуде және оларға өзгерістер енгізілуде, халықаралық конвенциялар мен хаттамалар бекітілуде, келісімдерге қол қойылуда. 2001 жылы күшіне енген «Қылмыстық процеске қатысатын адамдарды мемлекеттік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қылмыстық істерді тергеу және сотта қарау барысында адам саудасы фактісі бойынша жәбір шеккендердің қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі. 2009 жылы енгізілген өзгерістерге сәйкес адамдарды қорғауды қамтамасыз ету қылмыстық істі қозғауға дейін жүргізіледі.

2010 жылы адам саудасына қарсы күресті жүргізетін бөлімшелер 279 қылмыстық істі қозғаған, оның 22 адам саудасы үшін; 17 кәмелетке толмағандар саудасы үшін; 21 пайдалану мақсатында адамды ұрлау; 21 пайдалану үшін бостандығынан заңсыз айыру; 7 жезөкшелікке тарту; және 191 жеңгетайлық және жезөкшелік жайын ұстағаны үшін. Республикада алғаш рет адамдарды пайдаланумен айналысқан төрт ұйымдасқан қылмыстық топтардың іс-қимылының жолы кесілді. 2010 жылы адам саудасының құрбандарының жалпы саны 82 адам болды (2009 жылы - 59, 2008 жылы - 50).

Адам саудасына қатысты қылмыстарды анықтау, жолын кесу және тергеу мақсатында республика аумағында тоқсан сайын «"STOP трафик" шұғыл-профилактикалық іс-шарасы жүргізілуде.

2004 жылдан Қазақстан Республикасы Үкіметі жанында Адамдарды заңсыз шығару, әкелу және сату мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия жұмыс істейді. Осындай комиссиялар жергілікті аумақтық деңгейде, облыстық және Алматы мен Астана қалаларының жергілікті атқару органдарының (әкімдіктердің) жанында жұмыс істейді. Үкіметтік комиссияның ұсынымдарының негізінде әрбір төрт жылда ведомствоаралық іс-қимыл жоспары қабылданып, іске асырылады.

Адам саудасына қатысты қылмыстарға қарсы күрес, оларды болдыртпау және алдын алу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен 2009 - 2011 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын және 2010 — 2011 жылдарға арналған жұмысқа тұру агенттіктерінің, азаматтардың шетелге шығуларын рәсімдеуде қызмет көрсететін ұйымдардың, модельдік және неке агенттіктерінің қызметіне тексеру жүргізу жөніндегі Бас прокуратурамен бірлескен жоспарды іске асыру бойынша шаралар тұрақты негізде қ а б ы л д а н у д а .

«11616» (қаржылық қолдауды мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шегінде Ішкі істер министрлігі жүзеге асыруда, телефонға «Дағдарыстық орталықтар одағы» ҮЕҰ қызмет көрсетуде) және 1409 сенім телефондары жұмыс істейді (қаржылық қолдауды мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шегінде Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жүзеге асыруда, телефонға «құқық» қоғамдық қоры қызмет көрсетуде),

олар адам саудасына қатысты қылмыстардың құрбандарын анықтауға және көмек көрсетуге бағытталған. Осы телефондар республиканың барлық аумағында қалалық және ұялы телефондардан тәулік бойы қол жетімді. Шетелге кетуші республика азаматтары үшін Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелерінің мекен-жайлары мен телефондары көрсетілген 12 мың данада кітапша шығарылып, олар мемлекеттік органдарға, облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының әділет департаменттеріне жіберілді және азаматтардың шетелге шығу орындары әуежайларда, вокзалдарда, порттарда таратылды. Аталған кітапшаларда адам саудасы құрбаны болмау үшін кеңестер беріледі. Бопсалауды және тіркелгендігі болмауы себебінен немесе қатысушы мемлекет аумағы арқылы транзитпен жүріп өтуі себебінен депортациялауды қосқанда қатыгез іс-әрекеттерге жол бермеу үшін мигранттар мен шетелдіктердің құқықтары бойынша құқық қорғау және әкімшілік органдар қызметкерлері үшін дайындық бағдарламаларын ұйымдастыру.

Шетелдіктерді және азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге әкімшілік жолмен шығару заңнамада белгіленген болу тәртібін бұзғаны үшін әкімшілік жаза шарасы ретінде қолданылады және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар кодексiнiң баптары негiзiнде соттың шешiмiмен ғана жүзеге асырылады.

Бәрімбек Бейсенов атындағы Ішкі істер министрлігінің Қарағанды заң институтының жанында заңсыз миграцияға және адам саудасына қарсы күрес бойынша мамандарды даярлайтын оқу орталығы құрылып, оның негізінде Халықаралық көші-қон ұйымының қолдауымен орталық азиялық өңір елдері үшін мамандарды дайындайтын халықаралық орталықты құру жоспарланып отыр. 2010 жылы аталған оқу орталығы «Қазақстан Республикасындағы миграциялық саясат: даму және перспективалар» тақырыбында екі семинар өткізіп, оларға ішкі істер бөлімдерінің көші-қон полиция бөлімшелерінің 38 қызметкері қатысты. Семинарлар жұмысына Қазақстанның қоғамдық және үкіметтік емес бірлестіктерінің, сондай-ақ Адам құқықтары және заңдылықты сақтау жөніндегі қазақстан халықаралық бюросының өкілдері қатысты. Семинарлар шеңберінде 2007 - 2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының миграциялық саясатын дамытудың негізгі мәселелері қаралды.

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының іс-қимыл жоспарына сәйкес 2011 жылғы 14-18 наурыз аралығында «Миграциялық саясат сондай-ақ ұлттық және халықаралық қауіпсіздік аясындағы босқындар мәселелері» тақырыбында мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру семинары өткізілді. Ашықтық және құқыққа сәйкестік қағидаттарын сақтау мақсатында депортацияға шағымдану құралдарына мигранттардың заңды қол жеткізуі және адалдықпен елде болуы бөлігінде тұрақты негізде мониторинг жүргізілуде. Қандай да бір болу шарты бұзылған жағдайда заңсыз мигрантқа ұстаудың, кері қайтарудың және/немесе депортациялаудың ұлттық және танылған халықаралық ережелер қолданылады.

2011 жылғы сәуірде Алматы қаласында Ішкі істер министрлігінің бастамасымен «Дағдарыс орталықтарының одағы» заңды тұлғалар бірлестігінің, ЕҚЫҰ Астанадағы орталығының, Халықаралық көші-қон ұйымының және Қазақстан Республикасындағы АҚШ Елшілігінің қолдауымен «Балалар саудасына қарсы іс-қимыл тетіктері» республикалық семинар-кеңесі өткізілді. Аталған іс-шараға Ресей Федерациясы, Украина сарапшылары, Қазақстанның, Өзбекстанның, Қырғызстанның және Тәжікстанның ҮЕҰ өкілдері қатысты.

Еңбекші мигранттар үшін депортацияға шағымданудың тиімді құралдарына қол жетімділікті қамтамасыз ету.

Елден тыс шығару туралы шешімдерді сот қабылдайды. «Тұрғындардың көші-қоны туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 61-бабына сәйкес уәкілетті органдардың және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне және әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) жоғары тұрған мемлекеттік органдарда (жоғары тұрған лауазымды адам) және (немесе) Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес сотта шағымдану мүмкін.

Сонымен бірге, «Тұрғындардың көші-қоны туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының «шетелдікке немесе азаматтығы жоқ адамға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беруден бас тартудың негіздері» атты 49-бабына сәйкес тұрақты тұруға рұқсатты немесе азаматтығы жоқ адамның куәлігін беруден бас тартуға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпте шағымдануға болады. Осындай шешімдерге шағымдануға ниет білдірген адам шағымды қарау кезеңінде Қазақстан Республикасының аумағында болады.

Еңбекші мигранттар және олардың отбасы мүшелерінің ешқандай кемсітусіз денсаулық сақтау, білім беру қызметтеріне және әлеуметтік жеңілдіктерге тиімді қол жетімділігін қамтамасыз ету.

«Тұрғындардың көші-қоны туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес иммигранттар Қазақстан Республикасында, егер Қазақстан Республикасының Конституциясында, заңдарда және халықаралық шарттарда өзгешелік көзделмесе, Қазақстан Республикасының азаматтары үшін орнатылған барлық құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады. Сондай-ақ, иммигранттар Қазақстан Республикасында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте білімге, медициналық және әлеуметтік көмекке, Қазақстан Республикасының иммигранттар келуіне ашық аумағында еркін жүріп-тұруға, тұратын орнын еркін таңдауға, өздеріне тиесілі мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарын қорғау үшін сотқа және мемлекеттік органдарға шағымдануға, қызметтерін тегін негізде алып тұрған оралмандарды және олардың отбасы мүшелерін қоспағанда, оралмандарды бейімдеу және кіріктіру орталықтарында ақылы бейімделу және кірігу қызметтерін алуға құқығы бар.

Сонымен бірге, иммигранттар Қазақстан Республикасында, егер Қазақстан

Республикасының Конституциясында, заңдарда және халықаралық шарттарда өзгешелік көзделмесе, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағына кірудің, шығудың және болудың белгіленген тәртібін сақтауға міндетті.

Комитет мүше мемлекетке адам құқықтары мәселелері бойынша, атап айтқанда Конвенция ережелеріне, құқық қорғау органдары қызметкерлерін, мұғалімдерді, әлеуметтік жұмыскерлерді, мемлекеттік қызметкерлерді және бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлерін даярлауға қатысты ағартуды белсенді ету мүмкіндігін қарауды ұсынады және осы салада адам құқықтарын қорғау мәселелері бойынша құқық қорғау органдарының лауазымды адамдарын даярлау туралы өзінің № 13 (1993) жалпы ұсынымына назар аударады.

Қызметкерлердің адам құқықтары саласындағы стандарттарды үйренуі Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің біліктілікті арттыру институттарының оқу бағдарламаларына енгізілген. «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ішкі істер органдарына алғаш рет қызметкер қабылданатын адамдар арнайы бастапқы оқудан өтеді. Осыған байланысты Ішкі істер министрлігі, Астанадағы ЕҚЫҰ орталығы және Адам құқықтары және заңдылықты сақтау жөніндегі халықаралық қазақстан ұйымының уағдаластығы шегінде адам құқықтары жөніндегі арнайы курс әзірленіп енгізілген.

Ішкі істер органдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасына адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттарды үйрену пәндері енгізілген. Ішкі істер министрлігінің ведомстволық оқу орындарының базасында 2009 жылы 1000 адам, 2010 жылы - 2743 адам, 2011 жылы - 3467 адам оқытылды.

Адам құқықтары саласындағы судьялардың біліктілігін арттыру мәселелері судьялардың біліктілігін арттыру бағдарламаларына енгізілген. Жоғарғы сот осы салада оқыту бағдарламалары жүргізеді (конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер т.б.).

Адам құқықтары жөніндегі уәкіл халықаралық ҮЕҰ және шетел мемлекеттеріндегі әріптестерінің жәрдемімен мемлекеттік қызметшілер, әлеуметтік қамтамасыз ету мекемелерінің, пенитенциарлық жүйенің және ҮЕҰ қызметкерлері үшін оқыту семинарлары бойынша жобаларды іске асыруда.

Бұған қоса, Қазақстан Республикасының жалпы білім беру мектептерінде қоғамдық-құқықтық пәндер циклі, атап айтқанда бастауыш сыныптарда - «Әлемді тану», жоғары сыныптарда - «Тарих» (51 сағат), «Қазақстан тарихы» (51 сағат), «Қоғамтану» (68 сағат), «Құқықтану негіздері» (68 сағат) оқытылады. Сонымен бірге, «Азаматтықтануға кіріспе» бағдарламасы бойынша Сайлау жүйелері жөніндегі халықаралық қор әзірлеген арнайы курстар жүргізілуде. 2006 - 2007 жылдан

республика мектептерінде «Мемлекет және құқық негіздері», «құқықтану негіздері» құқықтық пәндері енгізілді. Бұл пәндер республикалық олимпиадалар және ғылыми жобалар сайыстарының тізбесіне енгізілген. 2005 - 2006 жылдан республика мектептерінде «Гуманитарлық құқықты зерттей отырып» өңірлік жобасы іске асырылуда, оның бір негізгі міндеті халықаралық гуманитарлық құқық туралы білімді тарату. Бағдарлама адамның негізгі құқықтарын бұзуды шектеуге және болдырмауға бағытталған, оқушылардың өмірлік көзқарасын, азаматтық жауапкершілігін қалыптастыруға ықпал етеді, белгілі бір мәселенің түрлі аспектілерін зерттеуді ү й р е т е д і .

Осылай қазақстан мемлекеті тек белгілі бір ведомстволар қызметкерлерінің ғана емес, жалпы республика тұрғындарының құқықтық сауаттылығын арттыру бойынша е д ә у і р ж ү м ы с жү р г і з у д е .

Атап айтқанда Жоғары Сот және жергілікті соттар құқық қорғау және басқа да мүдделі мемлекеттік органдар, адвокатура, ҮЕҰ қатысуымен дөңгелек үстелдер, семинар сабақтарын, мекемелерде, мектептерде, лицейлерде лекциялар оқытып, жергілікті және республикалық газет-журналдарда мақалалар жариялауда.

2011 жылғы 11-15 шілде аралығында Болгария Республикасының Жоғары Кассациялық Сотымен ынтымақтастық шеңберінде Қазақстан Республикасы Жоғары Сотының және облыстық соттарының делегациясы София қаласына зорлыққа және әйелдерге қатысты кемсітушілікке, адам саудасына және осы мәселелерді реттейтін халықаралық конвенциялардың ережелерін қолдануға қатысты азаматтық және қылмыстық істерді қарау жөніндегі Болгария Республикасының сот тәжірибесімен танысу үшін танымдық сапар ұйымдастырылды.

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының этносаралық және конфессияаралық қатынастар саласын зерттеу жөніндегі орталығының 2012 жылға арналған жұмыс жоспары этносаралық және конфессияаралық қатынастар мәселелері бойынша тренингтер өткізуді; мемлекеттік қызметкерлердің біліктілігін арттыру бағдарламалары үшін арнайы курстарды әзірлеуді; «Қазақстанның этноконфессиялық картасы»: жинау, жүйелеу, статистикалық мәліметтерді бірегейлендіру ақпараттық-талдау дерек базасын құруды көздейді.

Комитет Нәсілдік кемсітушіліктен арылған мемлекет жоқ екендігін түсіне отырып, қатысушы мемлекетке Нәсілдік кемсітушілік жөніндегі шағымдардың аз санының себептерін анықтауды ұсынады. Қылмыстық сот төрелігі жүйесін қолдану және жұмыс істеуі процесінде Нәсілдік кемсітушіліктің алдын алу туралы өзінің № 31 (2005) жалпы ұсынымына сілтеме жасай отырып, өзінің бұрынғы қорытынды ескертпелерін қуаттай отырып, Комитет қатысушы мемлекетке мұндай шағымдардың аз саны құрбандарға өздерінің құқықтарын қорғау үшін мүмкіндік беретін құқықтық қорғалудың тиімді құралдарының болмауының, құрбандардың өз құқықтары туралы жеткіліксіз білетіндігінің, қудалаудан қорқуының, полиция мен сот органдарында сенім

болмауының немесе билік тарапынан Нәсілдік кемсітушілік оқиғаларына немқұрайлы немесе атүсті қарауының салдары болып табылмайтынына көз жеткізуді ұсынады. Комитет қатысушы мемлекеттен өзінің келесі мерзімді баяндамасында нәсілдік кемсітушілік әрекеттеріне шағымдар туралы және қылмыстық, азаматтық және әкімшілік сот істерін қарау кезінде қабылданған тиісті шешімдер туралы жаңартылған ақпарат ұсынуды сұрайды. Мұндай ақпарат қаралған істердің саны мен сипаты, сот шешімдері, сондай-ақ кез келген өтеу немесе жәбірленушілерге берілген басқа да қорғау құралдары туралы мәліметтерден тұруы тиіс.

Қазақстан 120 этностық топтар мекендейтін көпэтностық мемлекет болып табылады. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес заң және сот алдында барлығы тең. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді, ешқандай кемсітуге болмайды. Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар. Бұл конституциялық кепілдік. Мұндай істер санаты жәбірленушінің немесе оның заңды өкілдерінің арызы негізінде қозғалады.

Қазіргі таңда қолданыстағы заңдарға қылмыстық жазаны және қылмыстық-атқарушылық жүйені одан әрі жетілдіру, жемқорлыққа қарсы одан әрі күрес, сот жүйесін жетілдіру, білікті заң көмегімен қамтамасыз ету, тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін беру, азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қорғау, адамдардың жеке өміріне қол сұғылмау құқығын қорғау, құқық бұзушылықтардың алдын алу, тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша түзетулер енгізілді.

Алматы қаласы мен Оңтүстік Қазақстан облыстарының жергілікті атқарушы және өкілетті органдарының жанынан адам құқықтары жөніндегі сандық кітапханалар іске қосылды. Шығыс Қазақстан облысында осындай кітапхананы пайдалануға беру аяқталуда.

Комитет қатысушы мемлекетке оларға қатысты Нәсілдік немесе этностық ерекшелігі бойынша қандай да бір кемсітушілікке жол бермеу үшін елге қайтып оралған барлық адамдарға қатысты ерекше шараларды қабылдау мәселесін қарастыруды ұсынады.

Оралмандарға қатысты қолдаудың ерекше шараларын қабылдау олардың этностық ерекшелігіне қатысты емес, келесі екі фактордан туындады: олардың басым бөлігі саяси репрессиялар қатеріне, 1931 - 1932 жылдардағы аштыққа, отырықшылыққа күштеп өткізуге және т.б. байланысты кезінде шет елге қоныс аударуға мәжбүр болған адамдардың ұрпақтары болып табылады, ал қазақстан мемлекеті репатриант оралмандарға қатысты қабылдаған шаралары өз мәні бойынша өтеу болып табылады; оралмандардың көпшілігі Қазақстанға оралған кезде бейімдеуді аса қажет етеді, өйткені еліміздің мәдени ортасы ландшафт өткен онжылдықтар ішінде зор өзгерістерге

ұшырады; оралмандардың көпшілігі шет елде аз уақыт болып Қазақстанға қайтып келген отандастарға қарағанда қазіргі заманғы Қазақстанда кең таралған орыс тілін жетік білмейді немесе мүлдем білмейді.

2010 жылы елден тұрақты тұруға 28 мың 853 адам кеткен, олардың 2 мың 303 сол жылы Қазақстанға қайтып келген. Ең көп қайтып келгені Ресейден 1357, Өзбекстаннан 61, Беларусьтен 48, алыс шетел елдері: Монғолиядан 198, Қытайдан 127 және Германиядан 123.

2011 жылы елімізден тұрақты тұруға 32 мың 848 адам кеткен, олардың 1259 сол жылы Қазақстанға қайтып келген. Ең көп қайтып келгені Ресейден 1057, Өзбекстаннан 54 және Беларусьтен 26, алыс шетел елдері Германиядан 67, АҚШ-тан 5, Израильден 5 адам. Ресми статистика бойынша олардың этностық құрамы бойынша есеп жүргізілмейді.

Комитет мүше мемлекетке саны аз ұлттардың тілдерін, әсіресе олар топтасын тұратын жерлерде қолдануды қамтамасыз ету үшін тиісті шараларды қабылдауды және қалалар мен ауылдық елді мекендерді, маңдайшалар мен бағытшаларды қайта атау кезінде, сондай-ақ саны аз ұлттардың мәдени құқықтарын қорғау мақсатында қостілділікке негізделген саясатты ұстануды ұсынады.

«Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» 1997 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасында тілдердің қолданылуының құқықтық негіздерін, мемлекеттің оларды оқып-үйрену мен дамыту үшін жағдай жасау жөніндегі міндеттерін белгілейді, Қазақстан Республикасында қолданылатын барлық тілдерге бірдей құрметпен қарауды қамтамасыз етеді.

«Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 21-бабында (Деректемелер мен көрнекі ақпарат тілі) бланкілер, маңдайшалар, хабарландырулар, жарнама, прејскуранттар, баға көрсеткіштері, басқа да көрнекі ақпарат мемлекеттік және орыс, ал қажет болған жағдайда басқа да тілдерде жазылады деп нақты атап көрсетілген. Көрнекі ақпараттың барлық мәтіні мынадай ретпен: мемлекеттік тілде - сол жағына немесе жоғарғы жағына, орыс тілінде он жағына немесе төменгі жағына орналасады, бірдей өлшемдегі әріптермен жазылады. Қажеттігіне қарай көрнекі ақпараттың мәтіндері қосымша басқа да тілдерге аударылуы мүмкін. Бұл жағдайда қаріп өлшемі нормативтік-құқықтық актілерде белгіленген талаптардан аспауға тиіс.

Осы орайда атап өтетін мәселе, саны аз ұлттардың тілдерін қолдануды қамтамасыз ету үшін заңнамада барлық қажетті шаралар қарастырылған. Сонымен бірге, мемлекет тарапынан азаматтардың этнотілдік сұраныстарын қанағаттандыру үшін барлық мүмкіндіктер қолданылып, жағдайлар жасалуда. Этностық топтардың көптеген өкілдері қазақ тілін белсенді меңгеруді жөн санайды, себебі ол қазақстан қоғамына кірігу перспективасынан және жастардың кәсіби болашағынан туындайды.

Комитет өзінің бұрынғы қорытынды ескертпелерін қуаттай отырып, қатысушы



мемлекетті адам құқықтарын қорғау және көтермелеумен айналысатын ұлттық мекемелердің мәртебесіне қатысты қағидаттарға ("Париж қағидаттары", Бас Ассамблеяның 48/134 қарары) сәйкес адам құқықтары жөніндегі тәуелсіз ұлттық институтты құру мәселесін қарауға шақырады.

Ұлттық әлеуетті нығайту және адам құқықтарын ынталандыру және қорғау ісінде кемшіліктерді, атап айтқанда заңдылықтың сақталуын қамтамасыз ету және тұрғындардың әлеуметтік жағынан осал топтарын қорғау арқылы жою жөніндегі кешенді іс-шаралар 2009 - 2012 жылдарға арналған Адам құқықтары саласындағы іс-қимылдың ұлттық жоспарында көзделген.

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің функциялары Париж қағидаттарына сәйкес келеді. Мысалы, ол мемлекеттік органдардан, лауазымды тұлғалардан қажетті мәліметтерді сұрата алады, Парламент палаталарына парламенттік тыңдау өткізу жөнінде ұсыныс енгізе алады, кез келген мемлекеттік органға және ұйымға, сондай-ақ бостандықты шектеу орындарына бара алады. Өз қалауы бойынша және келіп түскен арыздардың негізінде ол адам құқықтарының бұзылу фактілерін тексеріп, оның қорытындысы бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында ресми х а б а р л а н д ы р у л а р ж а с а й а л а д ы .

Құқық бұзушылықтар фактілері бойынша прокуратура органдарын тексеру үшін Уәкілге тыйым салынбаған. Ол тек Президенттің, Қазақстан Республикасы Парламенті мен оның депутаттарының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Конституциялық Кеңесінің, Бас прокурорының, Орталық сайлау комиссиясының, Қазақстан Республикасы соттарының іс-қимылдары мен шешімдеріне қатысты шағымдарды қ а р а м а й д ы .

Уәкілдің атына түрлі сипаттағы арыздар мен шағымдар келіп түседі. Олардың ішінде ұлттық белгісі бойынша кемсітушілік жөнінде арыздар бар. 2003 - 2011 жылдар кезеңінде ұлттық белгісі бойынша кемсітушілік туралы 37 арыз келіп түскен.

Адам құқықтарының бөлінбейтіндігін ескере отырып, Комитет қатысушы мемлекетті адам құқықтарына қатысты ол осы әлі бекітпеген халықаралық шарттарды, атап айтқанда Еңбекші мигранттар мен олардың отбасы мүшелерінің құқықтарын қорғау туралы халықаралық конвенцияны (1990), Еңбек және кәсіп саласындағы кемсітушілікке жол бермеу жөніндегі ХЕҰ-ның № 111 конвенциясы және ЮНЕСКО-ның 1960 жылғы білім саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес конвенциясы сияқты ережелері Нәсілдік кемсітушілікке тікелей қатысты шарттарды бекіту мүмкіндігін қарауға шақырады.

Қазақстан Республикасы «Еңбек және кәсіп саласындағы кемсітушілікке жол бермеу туралы» ХЕҰ № 111 конвенциясын 2000 жылғы 14 желтоқсандағы № 118-II Қазақстан Республикасының Заңымен бекітті.

Еңбекші мигранттар мен олардың отбасы мүшелерінің құқықтарын қорғау туралы халықаралық конвенцияға қатысты: төменде көрсетілген факторларға байланысты

Қазақстанның Конвенцияға қосылуы ерте екені туралы қорытынды жасауға Қазақстанның Конвенцияға қосылуының нәтижесіне жүргізілген талдау мүмкіндік береді: (1) көші-қон саласындағы қолданыстағы заңнаманың жетілдірілуі жеткіліксіз және оны пысықтауды, жекелеген мәселелер бойынша жаңа, анағұрлым жетілдірілген нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеуді қажет етеді; (2) қаралып отырған Конвенция Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру мақсаттары үшін міндетті түрде қол қойылған құжаттардың тізбесіне кірмейді, ал оған қосылу бүгінгі таңда қолданыстағы заңнамаға едәуір өзгерістер енгізуді қажет етеді; (3) Конвенцияға қол қойған елдердің көпшілігі донор мемлекеттер болып табылады, олар өз елінен тыс жерлерде өз азаматтарын қорғауды мақсат тұтады. Конвенцияға қосылу кезінде кейбір елдердің жасаған ескертпелері азаматтардың әлеуметтік, саяси құқықтары мен бостандықтарына қатысты ; (4) әлемнің дамыған мемлекеттері бұл Конвенцияға қосылған жоқ, себебі, бұл елдердің заңнамаларында кепілдік берілген құқықтар мен бостандықтар Конвенция талаптарына сәйкес келеді, ал көп жағдайда олардан асып түседі; (5) ТМД елдері (оның ішінде Конвенцияны бекіткен Әзірбайжан, Қырғызстан, Тәжікстан) Конвенция талаптарын іс жүзінде орындауға толық дайын емес.

Конвенция заңды және заңсыз еңбек миграциясын іс жүзінде теңестіретініне байланысты, бұл оны қабылдайтын кез келген қоғамның әлеуметтік, демографиялық, аумақтық құрылымында ауытқуды, жергілікті еңбек және тұрғын үй нарығында бәсекелестіктің шиеленісін, заңмен реттелмейтін жұмыспен қамтудың біртұтас секторларының қалыптасуын, мінез-құлықтық этностық және субэтностық көзқарас қалыптары мен нормаларының шиеленісін, әлеуметтік және мәдени шоқынуды және қоғамның қылмыстануын, әлеуметтік шиеленіс ошақтарының пайда болуын тудыра отырып, қауіпсіздігінің кез келген түріне нақты және әлеуетті қатерлер тудыра алады.

Қазақстан ТМД Еңбекші мигранттар мен олардың отбасы мүшелерінің құқықтарын қорғау туралы халықаралық конвенциясын 2009 жылғы 31 желтоқсанда бекітті (№ 235-IV). Жұмыс күшінің еркін қозғалысының бостандығын қамтамасыз ету бөлігінде Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясының бірыңғай экономикалық кеңістігінің құқықтық базасын қалыптастыру үшін «Еңбекші мигранттар мен олардың отбасы мүшелерінің құқықтық мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 8 қазандағы № 1044 қаулысы қабылданды. Аталған Келісімге 2010 жылғы 19 қарашада Санкт Петербург қаласында ЕврАзЭҚ Мемлекетаралық кеңесінің кезекті отырысында қол қойылды.

Дурбан процесіне шолу жөніндегі конференциядан кейінгі шаралар туралы № 33 (2009) өзінің жалпы ұсынымын ескере отырып, Комитет қатысушы мемлекетке Конвенцияны ішкі заңнамаға енгізген кезде 2009 жылғы сәуірде Женевада өткен Дурбан, процесіне шолу жөніндегі конференцияның Қорытынды құжатын ескере отырып Дурбан декларациясын және Нәсілшілдікке нәсілдік кемсітушілікке, ксенофобияға және оған қатысты төзімсіздікке қарсы күрес жөніндегі әлемдік

конференцияда 2001 жылғы қыркүйекте қабылданған қабылданған Іс-қимыл жоспарын жүзеге асыруды ұсынады. Комитет қатысушы мемлекетті өзінің келесі есеп беру баяндамасына қабылданған іс-қимыл жоспарлары және Дурбан декларациясы мен Іс-қимыл жоспарын орындау жөніндегі ұлттық деңгейдегі басқа да шаралар туралы нақты ақпаратты қосуды сұрайды.

Қазақстан Республикасы қарқынды жұмыс жүргізіп ұлттық деңгейде нақты шаралар қабылдауда және басқа мемлекеттермен, сондай-ақ адам құқықтары саласындағы өңірлік/халықаралық ұйымдармен белсенді түрде ынтымақтасады (БҰҰ Босқындар істері жөніндегі Жоғарғы комиссарының басқармасы, Халықаралық көші-қон ұйымы, Қызыл Крест және Қызыл Жарты Ай халықаралық комитеті).

Дурбан декларациясында айтылған барлық сұрақтар мен ұсынымдар Қазақстан Республикасының аумағында заңнама деңгейде де, әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени, этносаралық, конфессияаралық саладағы қоғамдық қатынастар деңгейінде де толық сақталады. Мысалы, Қазақстан Республикасы Конституциясы 14-бабының 2-тармағында «тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды» деп көрсетілген.

Әлемдік қоғамдастықтың мүшесі ретінде Қазақстан Республикасы мемлекеттің көші-қон саясатына сәйкес босқындар мәселелерін шешуге белсене қатысады. Бұл БҰҰ Жарғысында және «Босқындар мәртебесі туралы конвенцияға және босқындар мәртебесіне қатысты оның Хаттамасына Қазақстан Республикасының қосылуы туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 15 желтоқсандағы Заңымен расталған Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында бекітілген мақсаттар мен қағидаттарға Қазақстанның таңдаған беріктік бағытының қисынды жалғасы болып табылады.

Босқындардың құқықтық мәртебесін «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының Заңы және Қазақстан Республикасының басқа да НҚА реттейді. Қазақстан босқындар мәртебесіне қатысты 1951 жылғы БҰҰ Конвенциясына және 1967 жылғы оның Хаттамасына қосылды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы 1965 жылғы 21 желтоқсанда қабылданған «Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенцияны» 1998 жылғы 29 маусымда бекітті.

Қазақстанда босқындар мен оралмандардың құқықтарын қорғау мәселелерін аталған тұрғындардың топтарына мониторинг жүргізу жолымен шешуге «Орталық Азияда баспана жүйесін күшейту мақсатында әлеуеттің институционалдық дамуын нығайту жөніндегі іс-қимыл» жобасы бағытталған, бұл жобаны Еуропалық Одақ және БҰҰ Босқындар жөніндегі Жоғарғы Комиссарының Басқармасы қаржыландырады.

«Босқындар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданған. Осы заң жобасын әзірлеу барысында министрліктердің, Бас прокуратура мен Ұлттық қауіпсіздік

комитетінің өкілдерінен жұмыс тобы құрылған болатын. Аталған жұмыс тобының құрамына БҰҰ, ЕҚЫҰ және елдің қоғамдық бірлестіктерінің өкілдері кірді.

Қазақстан азаматтарының Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілген құқықтары сақталуда. Әрбір адамның өз құқықтары мен бостандықтарын іске асыру кезінде заң алдындағы тең құқығына кепілдік беріледі. Барлық деңгейдегі оқу орындарының білім беру бағдарламаларында ұлттаралық мәдениетті және нәсіларалық төзімділікті нығайтуға бағытталған түрлі іс-шаралар өткізу көзделген және орындалуда.

Келесі мерзімді баяндаманы әзірлеуге байланысты Комитет қатысушы мемлекетке, атап айтқанда нәсілдік кемсітушілікке қарсы күрес шегінде адам құқықтарын қорғау саласында жұмыс істейтін азаматтық қоғам ұйымдарымен диалогты кеңейте және тереңдете отырып, кеңесулерді жалғастыруды ұсынады. Бұл бағыттағы жұмыс Қазақстан Республикасында ұдайы жүргізіледі және жетілдірілуде. Мысалы, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты азаматтық қоғаммен және адам құқықтарын қорғау, нәсілдік кемсітушілікке қарсы күрес және басқа да арнайы мәселелермен айналысатын ҮЕҰ-мен байланысты белсенді дамытуда. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты «Адам құқықтары үшін хартия» қоғамдық қорымен бірлесіп алқа билерінің қатысуымен қылмыстық істерді қарау, қамауға рұқсат беру және Азаптауға қарсы комитеттің ұсынымдарын іске асыру мәселелері бойынша бірқатар судьяларға арналған , сондай-ақ халықаралық стандарттарға сәйкес ұлттық заңнаманы жетілдіру арқылы Қазақстан Республикасында адам саудасына қарсы іс-қимылға бағытталған іс-шаралар ө т к і з д і .

Қазақстан Республикасында адам құқықтарын қорғау мәселелерімен төмендегідей бірқатар ҮЕҰ айналысады: Адам құқықтары және заңдылықты сақтау жөніндегі қазақстан халықаралық бюросы, «Адам құқықтары үшін хартия» қоғамдық қоры, Алматы Хельсинки комитеті, «Әділ сөз» сөз бостандығын қорғау халықаралық қоры, «Еуропалық құқық және адам құқықтары институты» мекемесі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі үкіметтік емес сектор өкілдерін адамның және азаматтың құқықтарын қорғау саласындағы барлық бастамаларына белсенді түрде т а р т а д ы .

Комитет қатысушы мемлекетке 1992 жылғы 15 қаңтарда Конвенцияға қатысушы мемлекеттердің 14-кеңесінде қабылданып Бас Ассамблеяның 1992 жылғы 16 желтоқсандағы 47/111 қарарымен мақұлданған Конвенцияның 8-бабының 6-тармағына түзетуді бекітуді ұсынады. Осыған байланысты Комитет қатысушы мемлекеттерді осы түзетуді бекітудің ішкі рәсімдерін жеделдетуге және осы түзетумен келісетіндігі туралы Бас хатшыға жазбаша түрде шұғыл хабарлауға табанды түрде шақырған Бас Ассамблеяның 61/148 қарарына сілтеме жасайды.

Қазақстан Республикасы осы түзетуді бекіту мәселесін қарауда. Қарау нәтижесі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі тиісті хабарлама жолдайтын болады.

Комитет қатысушы мемлекеттердің баяндамалары оларды таныстыру кезінде осы баяндамаға қатысты Комитеттің ескертпелері мемлекеттік тілде, ресми қолданылатын тілде және, қажеттілігіне қарай, басқа да кең тараған тілдерде жариялануы үшін жұртшылыққа кеңінен қол жетімді болуын ұсынады.

Ескертпе назарға алынды, осы баяндама мемлекеттік және ресми қолданылатын, сондай-ақ, қажеттілігіне қарай, басқа да кең тараған тілдерде жария етілетін болады және Мәдениет және ақпарат министрлігінің және басқа да мемлекеттік органдардың сайттарында, сонымен қатар барлық халыққа қызмет көрсету орталықтарында қолжетімді заңдардың деректер базасында тегін орналастырылады.

Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенцияны Қазақстан Республикасының орындауы туралы алтыншы және жетінші жиынтық мерзімді баяндамаға 2-қосымша

Жасына қарай тұрғындардың саны мен құрамы (жыл басына, адам)

Жасы, жыл	2009	2010	2011	2012
Барлығы	15982343	16204617	16441959	16675392
1-жасқа дейін	347404	351920	362630	367820
1-4	1131464	1211792	1293904	1366496
5-9	1141378	1191266	1238493	1305812
10-14	1228636	1169449	1136310	1115128
15-19	1552562	1498831	1430345	1363769
20-24	1600409	1630574	1651031	1635615
25-29	1336452	1379637	1419667	1481754
30-34	1216650	1231291	1254930	1267874
35-39	1135970	1153035	1159984	1174111
40-44	1069725	1061115	1071274	1083372
45-49	1101899	1108031	1089644	1073896
50-54	881539	916434	971264	1009088
55-59	690242	713538	728677	754207
60-64	409082	478909	545269	581854
65-69	403031	341610	292677	286431
70 және жоғары	735900	767185	795860	808165

Жекелеген жастық топтардың тұрғындардың жалпы санындағы үлесі (жыл басына, пайыз)

Жасы, жыл	2009	2010	2011	2012
Барлығы	100	100	100	100
1 жасқа дейін	2,2	2,2	2,2	2,2
1-4	7,1	7,5	7,9	8,2

5-9	7,1	7,4	7,5	7,8
10-14	7,7	7,2	6,9	6,7
15-19	9,7	9,3	8,7	8,2
20-24	10,0	10,1	10,0	9,8
25-29	8,4	8,5	8,6	8,9
30-34	7,6	7,6	7,6	7,6
35-39	7,1	7,1	7,1	7,0
40-44	6,7	6,6	6,5	6,5
45-49	6,9	6,8	6,6	6,4
50-54	5,5	5,7	5,9	6,1
55-59	4,3	4,4	4,4	4,5
60-64	2,6	3,0	3,3	3,5
65-69	2,5	2,1	1,8	1,7
70 және жоғары	4,6	4,7	4,8	4,9

**Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенцияны Қазақстан Республикасының орындауы туралы алтыншы және жетінші жиынтық мерзімді баяндамаға 3-қосымша**

**Тұрғындардың жынысы мен жасына қарай бөлінісі (жыл басына, адам)**

Жасы, жыл	2010 жыл			2012 жыл		
	Барлығы	Ерлер	Әйелдер	Барлығы	Ерлер	Әйелдер
Барлығы	16204617	7808753	8395864	16675392	8042835	8632557
0-4	351920	181402	170518	367820	189135	178685
5-9	1211792	622428	589364	1366496	702206	664290
10-14	1191266	610768	580498	1305812	670503	635309
15-19	1169449	597916	571533	1115128	570427	544701
20-24	1498831	756991	741840	1363769	695362	668407
25-29	1630574	808967	821607	1635615	811482	824133
30-34	1379637	687466	692171	1481754	736046	745708
35-39	1231291	607032	624259	1267874	627568	640306
40-44	1153035	562477	590558	1174111	571096	603015
45-49	1061115	512068	549047	1083372	524635	558737
50-54	1108031	527092	580939	1073896	509990	563906
55-59	916434	423162	493272	1009088	468777	540311
60-64	713538	314714	398824	754207	334611	419596
65 және жоғары	478909	202562	276347	581854	244402	337452

**Қала және ауыл тұрғындардың жас ерекшелігі құрылымы (жыл басына, мың адам)**

	Қала тұрғыны			Ауыл тұрғыны		

Жасы жыл	2009	2010	2011	2012	2009	2010	2011	2012
Барлығы	8649662	8806952	8961336	9114614	7332681	7397665	7480623	7560778
1 жасқа дейін	171021	186421	189680	194389	176383	165499	172950	173431
1-4	548634	593216	649324	698196	582830	618576	644580	668300
5-9	534565	562222	590507	629208	606813	629044	647986	676604
10-14	571233	545198	530956	521025	657403	624251	605354	594103
15-19	836702	782864	721909	674698	715860	715967	708436	689071
20-24	908301	942427	970141	970252	692108	688147	680890	665363
25-29	759996	791512	816523	854420	576456	588125	603144	627334
30-34	681252	695205	714516	726502	535398	536086	540414	541372
35-39	637314	648293	652147	661286	498656	504742	507837	512825
40-44	592823	590523	599684	608303	476902	470592	471590	475069
45-49	616748	620105	608784	597914	485151	487926	480860	475982
50-54	496909	516371	547966	569764	384630	400063	423298	439324
55-59	395659	407566	415279	427780	294583	305972	313398	326427
60-64	238715	281110	320048	340469	170367	197799	225221	241385
65 және жоғары	659790	643919	633872	640408	479141	464876	454665	454188

**Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенцияны Қазақстан Республикасының орындауы туралы алтыншы және жетінші жиынтық мерзімді баяндамаға 4-қосымша**

**Қазақстан Республикасы тұрғындарының 2011 жыл басына саны (жыл басына адам)**

Облыстар мен қалалар	Барлығы	Қала	Ауыл
Қазақстан	16 441 959	8 961 336	7 480 623
Ақмола	733 212	342 421	390 791
Ақтөбе	777 471	478 165	299 306
Алматы	1 873 374	437 406	1 435 968
Атырау	532 020	253 746	278 274
Батыс Қазақстан	608 318	290 000	318 318
Жамбыл	1 046 497	411 310	635 187
Қарағанды	1 352 302	1 055 902	296 400
Қостанай	881 605	443 244	438 361
Қызылорда	700 578	295 420	405 158
Маңғыстау	524 175	275 842	248 333
Оңтүстік Қазақстан	2 567 707	1 007 806	1 559 901
Павлодар	746 163	511 817	234 346
Солтүстік Қазақстан	589 308	238 781	350 527
Шығыс Қазақстан	1 398 083	808 330	589 753







Батыс Қазақстан облысы	612 551	295 596	316 955	145 722	74 770	70 952	397 923	201 767	196 156	68 9
Жамбыл облысы	1 055 976	516 399	539 577	331 557	170 205	161 352	635 228	320 368	314 860	89 1
Қарағанды облысы	1 358 064	641 374	716 690	305 874	156 611	149 263	876 470	437 685	438 785	175
Қостанай облысы	879 579	415 192	464 387	177 495	90 913	86 582	579 375	290 284	289 091	122
Қызылорда облысы	712 992	355 970	357 022	231 149	118 311	112 838	431 223	221 917	209 306	50 6
Маңғыстау облысы	545 724	270 915	274 809	176 321	90 849	85 472	337 837	171 066	166 771	31 5
Оңтүстік Қазақстан облысы	2 621 523	1 298 271	1 323 252	927 366	474 508	452 858	1 526 963	773 444	753 519	167
Павлодар облысы	747 055	351 531	395 524	158 165	81 066	77 099	491 728	244 188	247 540	97 1
Солтүстік Қазақстан облысы	583 598	277 972	305 626	121 006	62 311	58 695	374 315	191 835	182 480	88 2
Шығыс Қазақстан облысы	1 395 059	663 195	731 864	296 770	152 030	144 740	904 031	457 474	446 557	194
Астана қаласы	742 918	359 407	383 511	171 072	88 134	82 938	525 094	258 780	266 314	46 7
Алматы қаласы	1 450 327	661 289	789 038	289 284	149 298	139 986	996 498	467 842	528 656	164

**Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенцияны орындауы туралы Қазақстан Республикасының алтыншы және жетінші жиынтық мерзімді баяндамаға 7-қосымша**

**Ұлтына және тұратын өңіріне қарай Қазақстан Республикасы тұрғындарының 2012 жыл басына саны**

Өңірлер	Барлық	Қазақ	Орыс	Өзбек	Украин	Ұйғыр	Татар	Неміс	Корей	Әзірбайжан	Белорус	Түрік	Дүнген	П
Қазақстан	16675392	10764253	3726722	493783	313698	237582	203371	180832	103456	93490	62694	101416	57819	35
Ақмола	731328	352423	257283	1154	36227	200	13452	26284	1401	1934	11252	151	81	81
Ақтөбе	786349	632040	101929	894	24306	129	9383	5532	1477	1058	1307	110	13	22
Алматы	1909362	1314887	303617	4196	5748	150820	13724	9003	16685	16301	797	36677	1738	11
Атырау	542987	497214	33591	1205	768	90	2304	467	3053	418	216	240	12	36
БҚО	612551	449910	132642	503	10793	100	8565	1289	895	1325	2030	30	60	12
Жамбыл	1055976	758708	118807	25615	4505	2620	9169	4397	9614	11503	546	31176	48027	14
Қарағанды	1358064	651557	520134	3829	47060	621	32191	33139	13383	4364	12545	436	169	39
Қостанай	879579	333835	374474	1138	80884	174	16626	28203	3851	3531	14408	178	16	15

Қызылорда	712992	681457	15640	1386	373	126	1718	175	8060	246	104	1541	1	11
Маңғыстау	545724	485655	39717	1770	2139	146	1719	301	839	4975	255	89	48	58
ОҚО	2621523	1904079	133765	432921	5025	3705	18933	2530	9214	31108	569	21684	18	13
Павлодар	747055	364874	283348	1150	37877	196	14181	21087	1073	1917	5110	94	27	98
СҚО	583598	197495	292450	448	27549	117	12700	20658	476	1676	6339	168	9	13
ШҚО	1395059	801894	541433	1313	5996	940	17335	13700	1479	1476	1709	197	136	22
Астана қ.	742918	540815	128928	8166	13453	881	9937	7930	4981	2978	3834	2807	482	24
Алматы қ.	1450327	797410	448964	8095	10995	76717	21434	6137	26975	8680	1673	5838	6982	82

**Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенцияны Қазақстан Республикасының орындауы туралы алтыншы және жетінші жиынтық мерзімді баяндамаға 8-қосымша**  
**Жекелеген этностардың Қазақстан Республикасы тұрғындарының жалпы санындағы үлесі 2012 жыл басына**

Өңір	Барлық ұлттар	Қазақ	Орыс	Өзбек	Украин	Ұйғыр	Татар	Неміс	Корей	Әзірбайжан	Белорус	Түрік	Дүнген	Поляк	Күр
Қазақстан	100,00	64,55	22,35	2,96	1,88	1,42	1,22	1,08	0,62	0,56	0,38	0,61	0,35	0,20	0,24
Ақмола	100,00	48,19	35,18	0,16	4,95	0,03	1,84	3,59	0,19	0,26	1,54	0,02	0,01	1,11	0,07
Ақтөбе	100,00	80,38	12,96	0,11	3,09	0,02	1,19	0,70	0,19	0,13	0,17	0,01	0,00	0,03	0,00
Алматы	100,00	68,87	15,90	0,22	0,30	7,90	0,72	0,47	0,87	0,85	0,04	1,92	0,09	0,06	0,74
Атырау	100,00	91,57	6,19	0,22	0,14	0,02	0,42	0,09	0,56	0,08	0,04	0,04	0,00	0,01	0,00
БҚО	100,00	73,45	21,65	0,08	1,76	0,02	1,40	0,21	0,15	0,22	0,33	0,00	0,01	0,02	0,00
Жамбыл	100,00	71,85	11,25	2,43	0,43	0,25	0,87	0,42	0,91	1,09	0,05	2,95	4,55	0,01	1,33
Қарағанды	100,00	47,98	38,30	0,28	3,47	0,05	2,37	2,44	0,99	0,32	0,92	0,03	0,01	0,29	0,02
Қостанай	100,00	37,95	42,57	0,13	9,20	0,02	1,89	3,21	0,44	0,40	1,64	0,02	0,00	0,18	0,00
Қызылорда	100,00	95,58	2,19	0,19	0,05	0,02	0,24	0,02	1,13	0,03	0,01	0,22	0,00	0,00	0,00
Маңғыстау	100,00	88,99	7,28	0,32	0,39	0,03	0,31	0,06	0,15	0,91	0,05	0,02	0,01	0,01	0,00
ОҚО	100,00	72,63	5,10	16,51	0,19	0,14	0,72	0,10	0,35	1,19	0,02	0,83	0,00	0,01	0,33
Павлодар	100,00	48,84	37,93	0,15	5,07	0,03	1,90	2,82	0,14	0,26	0,68	0,01	0,00	0,13	0,01
СҚО	100,00	33,84	50,11	0,08	4,72	0,02	2,18	3,54	0,08	0,29	1,09	0,03	0,00	2,28	0,04
ШҚО	100,00	57,48	38,81	0,09	0,43	0,07	1,24	0,98	0,11	0,11	0,12	0,01	0,01	0,02	0,00
Астана қаласы	100,00	72,80	17,35	1,10	1,81	0,12	1,34	1,07	0,67	0,40	0,52	0,38	0,06	0,32	0,04
Алматы қаласы	100,00	54,98	30,96	0,56	0,76	5,29	1,48	0,42	1,86	0,60	0,12	0,40	0,48	0,06	0,14

**Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенцияны Қазақстан Республикасының орындауы туралы алтыншы және жетінші жиынтық мерзімді баяндамаға 9-қосымша**



Барлығы	100,0 %	100,0%	100,0 %	100,0%	100,0 %	100,0%	100,0%	100,0%
---------	---------	--------	---------	--------	---------	--------	--------	--------

Көзі: Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Этносаралық және конфессияаралық қатынастар саласын зерттеу жөніндегі орталығы

Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенцияны Қазақстан Республикасының орындауы туралы алтыншы жетінші жиынтық мерзімді баяндамаға 10-қосымша



Тоқсан бойынша күнкөріс қоржынынан табысы төмен тұрғындар үлесі

Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенцияны Қазақстан Республикасының орындауы туралы алтыншы жетінші жиынтық мерзімді баяндамаға 11-қосымша

Тұрғындардың өмір сүру деңгейі индикаторлары

№	Индикаторлар	2007	2008	2009	2010	2011
1	Күнкөріс минимумынан төмен табысы бар тұрғындардың үлесі <sup>1)</sup> , %	12,7	12,1	8,2	6,5	5,3
	қала	6,9	8,1	4,1	3,7	2,4
	ауыл	18,1	15,9	12,1	10,1	8,8
2	Тұтыну кәрзеңкесі құнынан төмен табысы бар тұрғындар үлесі <sup>1)</sup> , %	1,4	1,2	0,6	0,4	0,5
	қала	0,7	0,6	0,2	0,3	0,1
	ауыл	2,1	1,7	0,9	0,6	0,9
3	Кедейлік тереңдігі <sup>1)</sup> , %	2,4	2,3	1,3	1,1	0,9

4	Кедейлік өзектілігі <sup>1)</sup> , %	0,8	0,7	0,3	0,3	0,3
5	Үй шаруасы (тұтынуға пайдаланылған) табысы, орта есеппен әр тұрғынға шаққанда, теңге	16 935	20 037	21 348	26 152	30 637
	қала	19 865	23 365	25 008	30 529	34 612
	ауыл	13 687	16 271	17 136	20 985	25 865
6	Тұтынуға пайдаланылған табыстың күнкөріс минимумына қатысы %	175,4	162,1	168,6	193,9	190,6
7	Тұрғындардың номиналды ақшалай табысы, әрбір тұрғынға шаққанда, теңге	25 226	32 984 <sup>3)</sup>	34 282	38 779	45 435 <sup>3)</sup>
8	Нақты ақша табысы индексі, %	118,9	111,8 <sup>3)</sup>	96,9 <sup>3)</sup>	105,6	108,2 <sup>3)</sup>
9	Орта есеппен әрбір тұрғынға шаққандағы қаржы шығыны, теңге	15 516	18 324	19 718	24 460	28 911
	қала	19 172	22 569	24 220	29 775	33 901
	ауыл	11 465	13 520	14 537	18 209	22 921
10	10 % мейлінше ауқатты және 10 % әжептәуір аз қамтамасыз етілген тұрғындар қатынасы (қорлар коэффициент <sup>2)</sup> ), мәрте	7,2	6,2	5,3	5,7	6,1
11	Шоғырландырылған табыс коэффициенті (Джинни индексі)	0,309	0,288	0,267	0,278	0,289
12	Үй шаруашылығының орта өлшемі, адам	3,4	3,3	3,4	3,0	3,5
	қала	2,9	2,9	3,0	4,0	3,1
	ауыл	3,9	3,9	4,0	4,2	4,1

\*Күнкөріс минимумы 43 тамақ өнімі түрлерінің тұтыну кәрзенкесіне пайыздық қатысы арқылы есептеліп, 60 % құрады.

Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенцияны Қазақстан Республикасының орындауы туралы алтыншы және жетінші жиынтық мерзімді баяндамаға 12-қосымша Этникалық және діни топтарға жататын тұрғындар пайыз

	Барлық тұрғындар	Олардың ішінде көрсеткендері:						Көрсету ден бас тартты
		ислам	христиан	иудаизм	буддизм	басқа	сенбейтіндер	
Екі жыныс								
Барлық	100	70,2	26,3	0,0	0,1	0,0	2,8	0,5
Оның ішінде								
Қазақтар	100	98,3	0,4	0,0	0,0	0,0	1,0	0,3
Орыстар	100	1,4	91,6	0,0	0,0	0,0	6,1	0,8
Өзбектер	100	99,1	0,4	0,0	0,0	0,0	0,4	0,2
Украин	100	0,9	90,7	0,0	0,0	0,0	7,3	0,9
Ұйғыр	100	98,4	0,5	0,0	0,0	0,0	0,6	0,5

Татар	100	79,6	10,2	0,0	0,0	0,1	8,1	2,0
Неміс	100	1,6	81,6	0,0	0,0	0,1	14,0	2,7
Кәріс	100	5,2	49,4	0,2	11,4	0,1	28,5	5,2
Түрік	100	99,1	0,3	0,0	0,0	0,0	0,3	0,2
Әзірбайжан	100	94,8	2,5	0,0	0,0	0,0	1,9	0,8
Белорус	100	0,8	90,2	0,0	0,0	0,0	7,8	1,1
Дүнген	100	98,9	0,4	0,0	0,0	0,0	0,3	0,3
Күрд	100	98,3	0,5	0,0	0,0	0,0	0,7	0,4
Тәжік	100	97,8	0,9	0,0	0,0	0,1	0,8	0,4
Поляк	100	0,7	90,1	0,0	0,0	0,1	7,3	1,8
Шешен	100	93,7	3,0	0,0	0,0	0,1	2,1	1,2
Қырғыз	100	96,7	0,9	0,0	0,0	0,0	1,5	0,9
Баска	100	34,7	52,3	0,8	0,9	0,1	8,4	2,7

Ақпарат көзі: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, 2009

Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенцияны Қазақстан Республикасының орындауы туралы алтыншы және жетінші жиынтық мерзімді баяндамаға 13-қосымша

Өңірлер бойынша әрбір этностың 10 мың өкіліне мәслихат\* депутаттарының саны

Этнос атауы	Ақмола обл.	Ақтөбе обл.	Алматы обл.	Атырау обл.	БҚО	Жамбыл обл.	Қарағанды обл.	Қостанай обл.
Қазақ	5,1	2,9	2,1	2,6	3,8	2,4	3,2	5,5
Орыс	2,1	0,6	0,8	0,3	1,1	0,6	1,1	1,8
Украин	3,6	3,3	3,5	-	3,7	-	1,5	3,2
Неміс	2,7	5,4	-	21,4	-	2,3	1,5	3,2
Белорус	2,7	-	-	-	4,9	-	0,8	3,5
Татар	2,2	2,1	2,2	-	4,7	-	2,2	1,2
Поляк	2,5	-	8,4	-	-	-	2,5	6,4
Ұйғыр	-	-	0,6	-	-	-	-	-
Шешендер	3,2	-	1,7	-	-	-	-	10,3
Башқорт	5,1	-	-	-	24,3	-	-	2,6
Молдаван	6,1	-	-	-	-	-	-	-
Әзірбайжан	5,2	-	1,2	-	7,5	1,7	-	5,7
Өзбек	-	-	2,4	-	-	1,2	-	-
Корей	-	-	2,4	6,6	22,3	2,1	3,7	-
Дүнген	-	-	5,8	-	-	0,6	-	-
Түрік	-	-	0,3	-	-	0,3	-	-
Армян	16,9	-	-	-	21,1	-	-	12,1
Қырғыз	-	-	-	-	-	1,2	-	-

Мордва	-	-	-	-	-	-	-	7,2
Басқа	10,8	-	2,1	-	-	2,1	3,0	2,7

**Өңірлер бойынша әрбір этностың 10 мың өкіліне мәслихат \* депутаттарының саны**

Этнос атауы	Қызыл Орда обл.	Маңғыстау обл.	ОҚО	Павлодар обл.	СҚО	ШҚО	Астана қ.	Алматы қ.
Қазақ	2,2	2,3	1,5	4,3	7,3	2,9	0,3	0,3
Орыс	-	1,0	0,1	1,0	1,5	1,3	0,2	0,2
Украин		-	-	2,1	4,0	3,3	0,7	0,1
Неміс		-	-	2,8	1,9	2,2	-	-
Татар		-	-	1,4	3,1	2,3	-	-
Поляк		-	-	-	0,8	-	-	-
Ұйғыр		-	2,7	-	-	-	-	-
Шешен	-	-	-	-	-	12,0	-	-
Әзірбайжан	-	-	-	5,2	11,9	13,6	-	-
Өзбек	-	-	0,5	-	-	-	-	-
Корей	-	-	2,2	9,3	-	-	2,0	0,7
Түрік	-	-	0,5	-	-	-	-	-
Армян	-	-	-	-	-	12,3	-	-
Литов	-	-	-	-	14,8	-	-	-
Ингуш	-	-	-	-	-	-	8,7	-
Басқа	-	-	-	4,6	10,1	2,7	1,1	-

\*Мәслихат - тұрғындардың қалауын білдіретін және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес оны іске асыруға қажетті шараларды анықтайтын, жүзеге асыруды бақылайтын, облыс (республикалық маңызы бар қалалар, бас қала) немесе аудан (облыстық маңызы бар қалалар) тұрғындары сайлайтын сайлаулы орган.

Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенцияны Қазақстан Республикасының орындауы туралы алтыншы және жетінші жиынтық мерзімді баяндамаға 14-қосымша

2012 жылғы I жарты жылдығына әрбір этностың еңбекке қабілетті жастағы (18-65 жас) 10 000 адамға шаққандағы судьялар көлемі

Этнос атауы	Әрбір этностың еңбекке қабілетті жастағы 10 000 адамға шаққандағы судьялар көлемі
Қазақтар	7,4
Орыстар	2,5
Украиндар	2,3
Татарлар	4,8
Немістер	1,3
Кәрістер	4,6
Өзбектер	0,6



Ұйғырлар	2,7
Белорустар	2,2
Поляктар	6,4
Әзербайджандар	1,6
Шешендер	3,3
Басқа	0,6

Ақпарат көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты

2012 жылғы I жарты жылдықтағы мәліметтер бойынша еңбекке қабілетті жастағы (18-65 жас) этнос өкілдерінен шыққан Парламент депутаттарының 100 000 адамға шаққандағы көлемі

Этнос атауы	Этнос өкілдерінен шыққан Парламент депутаттарының 100 000 адамға шаққандағы көлемі
Қазақтар	1,2
Кәрістер	1,9
Немістер	0,9
Поляктар	2,5
Орыстар	0,6
Татарлар	1,3
Өзбектер	0,2
Ұйғырлар	0,4
Украиндар	1,2
Шешендер	2,7

Ақпарат көзі: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, Қазақстан Республикасы орталық сайлау комиссиясы

Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенцияны Қазақстан Республикасының орындауы туралы алтыншы және жетінші жиынтық мерзімді баяндамаға 15-қосымша

Этносаралық отбасылар, 2009 - 2011

Этнос атауы	Басқа этностармен неке қидырғандар саны					
	Күйеулер			Келіндер		
	2009	2010	2011	2009	2010	2011
Барлығы	25522	25669	27269	25522	25669	27269
Қазақтар	4910	5090	5559	4185	4246	4578
Орыстар	7267	7320	7768	8906	8841	9703
Өзбектер	745	739	706	621	757	769
Украиндар	2768	2705	2932	2600	2649	2836
Ұйғырлар	621	653	712	527	493	576

Татарлар	1513	1539	1729	1619	1642	1730
Немістер	2220	2112	2311	2249	2147	2310
Өзге этностар	882	882	371	600	709	311
Этносын көрсетуден бас тартқандар	4596	4629	5181	4215	4185	4456

Ақпарат көзі: Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі

Оқыту тілдері бойынша білім алып жатқан адамдар саны

Жыл	Ұйғыр тілінде	Өзбек тілінде	Тәжік тілінде	Неміс тілінде
2008 жыл	14 934	79 426	3 503	377
2009 жыл	14 722	79 109	3 568	287
2010 жыл	14 424	78 921	3 615	217
2011 жыл	14 392	77 907	3 818	212

Ақпарат көзі: ҚР Білім және ғылым министрлігі

Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенцияны Қазақстан Республикасының орындауы туралы алтыншы және жетінші жиынтық мерзімді баяндамаға 16-қосымша

2012 жылғы 1 қаңтар - 22 тамыз кезеңінде ҚР Адам құқықтары жөніндегі уәкілетті тұлғаға этностық ерекшелігіне (нәсілдік кемсіту) қарай азаматтар теңдігінің бұзылуы туралы 28 шағым келіп түсті. Келіп түскен шағымдарды қарау рәсіміне Қазақстан Республикасы Адам құқықтары жөніндегі уәкілетті тұлға жанындағы сарапшылар кеңесінің отырысы кіреді, нәсілдік кемсіту саласындағы құқық қорғаушылар мен заңгерлердің сарапшылық қорытындысы берілгеннен кейін ұсынымдар құзыретті органдар органдарға жіберіледі.

Адам құқықтары жөніндегі уәкілетті тұлғаға келіп түскен шағымдар саны

Жыл	Шағымдар барлығы	Расталған фактілер	Расталмаған фактілер	Қарау үстіндегі шағымдар
2008	2	1	1	0
2009	1	0	1	0
2010	6	3	3	0
2011	14	2	12	0
2012*	5	2	2	1
Барлығы	28	8	19	1

\* 2 0 1 2 ж ы л ғ ы 2 2 т а м ы з ғ а

Айталық, Уәкілетті тұлғаға Ресей тұрғыны Д. шағымданып, «Қазақстан футбол федерациясы» қауымдастығының ЗТБ атқару комитеті 2011 жылғы 24 желтоқсандағы № 2/7 хаттамасында бектілген 2012 жылға премьер-лигасы клубтарының ауыстыратын құрамалары командалары арасындағы футбол сайысы регламенті кемсіту ережелер бар

деп көрсетті. Атап айтқанда, регламенттің 4.3 тармағында аталған сайыс кездесулері барысында клуб командасы құрамында матч бойы алаңда ұлты қазақ Қазақстан азаматы болып табылатын кемінде екі ойыншының болуын талап еткен. Осы ретте бұл талап матч кезінде ойыншыларды ауыстыруға кері ықпал еткен. Шағымды қабылдаған Уәкілетті тұлға Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру мәдениеті агенттігіне сұрау салып, онда Конституция мен халықаралық нормаларға қайшы келетін нәсілдік кемсітуге жол бермеуге назар аударды. Уәкілетті тұлғаның бұл қадамының нәтижесінде осы кемсіту нормасы регламенттен алынып тасталды.

Сонымен қатар, адам құқықтарын бұзу, атап айтқанда нәсілдік кемсітушілік бойынша шағым арыздарды қараудың Қазақстанда қолданылып жүрген тетігі бірегей және тиімді деп атап өткен жөн.

Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенцияны Қазақстан Республикасының орындауы туралы алтыншы және жетінші жиынтық мерзімді баяндамаға 17-қосымша Қазақстан Республикасындағы жалпы есептелген атаулы әлеуметтік көмек\* (жалпы көрсеткіші)

Санат	Адам, мың	Теңгемен төленді	млн. АҚШ \$
Атаулы әлеуметтік көмек тағайындалған адамдар саны (2012 ж. 1 мамырға)	78,8	664,4 млн.	4,43
Бала туылуына берілетін жәрдемақы алғандар саны (2012 ж. 1 маусымға)	159	8,3 млрд.	5,53
Мүгедек бала тәрбиелеуге берілетін жәрдемақы алғандар саны (2012 ж. 1 маусымға)	58	5,2 млрд.	34,6
Бала күту үшін берілетін жәрдемақы алғандар саны (2012 ж. 1 маусымға)	146,3	10,2 млрд.	68
Аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы 18-жасқа дейінгі жәрдемақы алған балалар саны (2012 ж. 1 мамырға)	511,7	2,7 млрд.	1,8
Арнайы мемлекеттік жәрдемақы алғандар саны (2012 ж. 1 маусымға)	1286,8	3,13 млрд.	20,86

- ҚР Санақ агенттігінің мәліметі бойынша өмір сүрудің ең аз деңгейі 2012 жылғы 1 мамырда 16 мың 119 теңге (107,7 АҚШ \$) құраған. Және де табысы өмір сүрудің ең аз деңгейінен төмен адамдардың үлесі 2011 жылы 5,3 % болды.

Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенцияны Қазақстан

Республикасының орындауы туралы  
алтыншы және жетінші жиынтық  
мерзімді баяндамаға 18-қосымша

Азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын заңнамалық қорды одан әрі жетілдіру мақсатында бекітілген Үкімет қаулыларының тізімі,

Р/с №	Қаулы атауы	Бекіту уақыты және ак №
1	«Дінтану сараптамасын жүргізу қағидаларын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы»	2012 жылғы 7 ақпан, № 209
2	«Миссионерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғаларды тіркеуді және қайта тіркеуді жүргізу» мемлекеттік қызмет стандартын бекіту және «Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі № 745 қаулысына өзгеріс енгізу туралы»	2012 жылғы 7 ақпан, № 211
3	«Ғибадат үйлерін, ғимараттарды және өзге де мүлікті діни бірлестіктерге беру тәртібі туралы ережені бекіту жайында «Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 14 желтоқсандағы № 1247 қаулысының күші жойылды деп тану туралы»	2012 жылғы 7 ақпан, № 210
4	«Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі кеңестің ережесі мен құрамын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 27 шілдедегі № 1140 қаулысына өзгерістер енгізу туралы»	2012 жылғы 17 қаңтар № 86
5	«Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі кеңестің ережесі мен құрамын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 27 шілдедегі № 1140 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 сәуірдегі № 449 Қаулысы қабылданды.	2012 жылғы 12 сәуір, № 449

Көзі: Қазақстан Республикасы Дін істері жөніндегі агенттігі